

РАХМЕТ ҮСЕНБЕК РАХМЕТҰЛЫ

**ОН ЕКІ ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА АЛТЫ ЖАСАР
БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

I ТАРАУ. ОН ЕКІ ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУ – ЕЛІМІЗДЕГІ АДАМ РЕСУРСТАРЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ

- 1.1 Он екі жылдық білім беру жүйесіне көшудің мақсаты мен міндеттері.
- 1.2 Он екі жылдық білім берудің перспективасы және күтілетін нәтижелері.
- 1.3 Он екі жылдық білім беру жүйесінің құрылымы мен білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері.
- 1.4 Он екі жылдық білім беру жағдайында білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары.

II ТАРАУ. ОН ЕКІ ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІРІНШІ САТЫСЫНДА АЛТЫ ЖАСАР БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- 2.1 Алты жасар балаларды мектепте оқытудың педагогика ғылымында зерттелу тарихы.....
- 2.2 Алты жасар балаларды мектеп өміріне тартудың мақсаты.
- 2.3 Алты жасар балалардың 7 жасар балалардан негізгі айырмашылықтары.

III ТАРАУ. ОН ЕКІ ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БІРІНШІ САТЫСЫНДА АЛТЫ ЖАСАР БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- 3.1 Алты жасар балалардың мектепте оқытуға дайындығы ғылыми проблема ретінде.
- 3.2 Алты жасар балалардың психологиялық ерекшеліктері.
- 3.3 Алты жасар балалардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері.
- 3.4 Алты жасар балалардың жеке тұлғалық даму ерекшеліктері.

IV ТАРАУ. ОН ЕКІ ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АЛТЫ ЖАСАР БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ–ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

- 4.1 Алты жасар балаларды мектепте оқыту мен тәрбиелеудегі жаңашыл-педагог Ш.А.Амонашвилидің тәжірибесі.
- 4.2 Алты жасар бірінші сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері
- 4.3 Алты жасар бірінші сынып оқушыларын оқыту тәрбиелеуде

мұғалімдерге қойылатын талаптар мен педагогикалық шарттар.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта өсіп келе жатқан жас буынды білім нәрімен сусындатып, оларға тәрбиенің негізгі көзі болып отырған – мектеп екені баршамызға мәлім. Орта мектептерді қайта құру реформасына байланысты мектептердің

алдында өте маңызды және айтарлықтай қиын міндеттер тұр. Мектеп оқушыларды үлкен өмірге аяқтандырып, олардың қоғамда жемісті қызмет істеуі үшін бар алған білімдерін тәжірибеде байқап көруге, іске асыруға мүмкіндік жасауы керек. Мектеп ұжымының алдына қойылған мұндай жүктеме мектепте білім беруде негізі міндет ретінде оқушылардың мұғалім берген ақпаратты есте сақтаумен шектеліп қалмау керектігін көрсетеді. Яғни оқушылар да оқу жұмыстарына қажетті ақпаратты мұғаліммен бірге іздеп-табуға белсенді атсалысып, өз беттерінше білім алуды меңгерулері, өз-өздерін жетілдіруді қолға алулары керек.

Білім жүйесін реформалаудың кезекті кезеңінің заманауи тұжырымдамасы 12 жылдық білім беруге көшу керектігін көрсетеді. Бұл дегеніміз барлық балалардың мектепке алты жастан бару қажеттігін білдіреді.

«Жалпы білім беру және кәсіптік мектептер реформаларының негізгі бағыттарында» «Мектепте балаларды алты жастан оқытуға көшу 1986 жылдан бастап, бірнеше жыл аралығында оқушылар үшін қосымша орындар құру, мұғалімдер дайындау, ата-аналардың талап-тілектерін, балалардың даму деңгейін, жергілікті жерлердің жағдайларын ескере отырып, бірте-бірте жүзеге асырылуы керек. Алғашқы кезеңде балалардың нақты бір бөлігі мектепке жеті жастан да баратын болады. Ал алты жасар балаларды оқыту біркелкі бағдарлама бойынша мектепте де, сонымен қатар балабақшалардың жоғары топтарында да жүргізілетін болады» деп жазылған. Реформаның осынау бірнеше жолында-ақ алты жасар балаларды оқытуды ұйымдастырудың негізі нақтыланған.

Балаларды ерте жастан оқыту мәселесі бірнеше он жылдар бұрын көтерілген. Бұл мәселе тек біздің елімізде ғана емес, барлық дерлік Еуропа елдерінде де маңызды болып отыр. Ресейдің, Еуропаның, АҚШ-тың және басқа да елдердің көптеген педагог-ғалымдары, балалар мен педагогикалық психологтары балалардың дамуын жасанды жылдамдатудың кері әсерінің қаншалықты екенін соңғы екі жүз жылдықта әрдайым ескертіп келеді. Балалардың ересектер қоғамдастығына бірігуі, яғни ересектер өміріне бейімделуін техникалық жолмен оңтайландыру олардың психикалық тұрғыдан дұрыс дамуына кедергі келтіріп, тежеу болуы мүмкін екенін айтып, психолог мамандар дабыл қағуда. Сондай-ақ кейбір психологтар алты жастағы балалардың психикалық функцияларының (ерікті зейін, жанама есте сақтау, қиялдау, елестету, логикалық ойлау және т.б..) толықтай дамып-жетілмейтінін және оларды дамытуға арналған арнайы жұмысты қажет ететінін алға тартады. Мұнымен қоса, білімді меңгеру жүйесі бойынша мектеп бағдарламасының қатаң тәртіптері баланың оқуға деген ынта-жігерін жойып, эмоционалды үйлесімсіздік тудырып, өзін сыртқы қарым-қатынас, қандай да бір байланыстардан қорғау реакциясын тудыруы мүмкін. Ал дәрменсіздіктен пайда болған бұл жағымсыз әдеттер уақыт өте бала бойындағы мінез бен адами қасиеттеріне тек кері әсерін тигізеді сөзсіз.

Аталған мәселе төңірегінде айтылған өзге де пікірлер болды. Педагогикада Кеңес кезінде осыған ұқсас тәжірибелер С.Н. Лысенкова, Ш.А.

Амонашвили, В.С. Мухина және тағы басқа да педагогтердің есімдерімен тығыз байланысты. Олар – 80-жылдарда балаларды мектепке алты жастан беру мәселесі төңірегінде өз ойларын ортаға салған педагогтер. Албұл бағытта Ш.А. Амонашвилідің тәжірибелері 20 жылдан астам уақыт бойы жүзеге асырылып келді. Оның балаларды алты жастан оқытудағы мақсаты таңғаларлық қарапайым – «жақсы адам тәрбиелеу» еді. Өзінің педагогикалық қызметіндегі осынау кезеңді Ш.А.Амонашвили былай еске алады: «Алдымызда міндет тұрды. Ол - авторитаризмнен, яғни өктемшілдіктен арылу. Мен балаларға дауыс көтеруді, айғайлауды, оларды жазалауды, балалардың үстінен, яғни биіктен қарауды қойдым, олардың өзіндік құндылықтарына, ар-намысына тиіспеуге тырыстым. Балалар барған сайын маған сенім арта бастады, олар сөйлесуге, ойын айтуға асықты және сөз таластыратын да болды». Ш.А.Амонашвилідің пікірінше, мектеп өмірін алты жасар бала жеті жастағы баладан әлдеқайда жақсы бастауға дайын. «Соңғы он жылдықта отбасылар мен жалпы қоғамның мәдени деңгейі айтарлықтай өскен. Бүгінгі балалардың ата-аналарының барлығының дерлік орта кәсіптік немесе жоғары білімдері бар. Ал бұл балалардың өсіп келе жатқан әлеуметтік ортасын тек жақсы жаққа өзгертті. Балалар ойнайтын ойындардың мазмұны түрленді, балалардың физикалық тұрғысынан және ақыл-ойының дамуына оң әсерін тигізіп, қоршаған ортамен, айналамен, өмірмен және адамдардың еңбегімен, заманауи техникамен жан-жақты таныстыратын түрлі ойыншықтар да пайда болды», – дейді автор. Балаларды ерте жастан мектепке берудің тиімділігін В.С.Мухина былай дәлелдеді: «Кішкентай балалар өздерінен үлкен аға-әпкелеріне қарағанда зеректігімен ерекшеленеді. Олардың психикасы «ластанбаған». Оларға кез келген нәрсені үйретуге болады. Бес-алты жас кезінде балалардың дамып-жетілуі үшін жарты жылдықтар былай тұрсын, әр екі-үш айдың өзі айтарлықтай маңызға ие. Жалпы алғанда алты жастағы балалар мектепке дейінгі «әлемдікі»». Алты жастағы балаларды оқыту тәжірибелері олардың шынымен де оқу материалдарын қабылдауға қабілетті екендерін көрсетті. Дегенмен, осылай бола тұра, бұл жастағы балалардың ойынға деген зәрулігі бар екені тағы шындық. Бұлар – әлі ойын балалары. Сондықтан да алты жастағы балаларды оқыту ойын түрінде болғаны дұрыс.

Алты жастағы балаларды оқыту мәселелерімен психологтар да айналысты. Осы тұрғыда Л.С.Выгодскийдің пікірі өте әділетті. Ол: «Алты жастағы балалар – ерекше балалар. Бұл жаста олар өте жылдам өзгереді: бірі нағыз оқушы сияқты жұмыс істеуге дайын болса, екіншісі оқудың орнына ойынды жөн көреді, ал үшіншісі бірінен артта қалса да, енді бірінің алдында болмақ. Алдымызда қандай баланың тұрғанын түсінуіміз керек. Сонда біз әрқайсысының өзіндік жеке бағдарламасын таңдай аламыз. Демек, осылайша оларды оқыту да қолымыздан келмек. Дегенмен психологиялық әдебиетте алты жастағы балалар интеллектуалды және әлеуметтік дамуда әлдеқайда қолайлы кезеңге аяқ басады делінген. Әйтсе де, балаларды ерте жастан мектепке беру мәселесі төңірегінде тек ата-аналардың арасында ғана емес, сонымен қатар қазіргі мектептерде жұмыс істейтін педагогтер арасында да пікірлер екі жақты болып отыр.

Қазақстанда 12 жылдық білім беру апробациясы 2003 жылы басталды. Осы тұрғыда методологиялық жағынан қамтамасыз ету міндеті Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына жүктелді. Осынау Ұлттық академияның президенті Т.Балықбаевтың сөзінше, оқытудың қалай және қандай бағытта жүргізілетінін анықтайтын нормативтік құжаттар бүгінде дайын. Бастауыш білімнің мемлекеттік стандарттары 2008 жылы қабылданған. Бастауыш мектептің білім беру бағдарламаларын бекіту аяқталды. Стандарттар мен бағдарламалар, сонымен қатар оқулықтар дайын және қажетті талаптарға сай. Бірінші сыныптарға арналған оқулықтар 2010 жылдың қаңтар айынан бері басылууда. «Мен ата-аналарды тыныштандырып, басу айтқым келеді, – дейді Такир Балықбаев, – Мектепке дейінгі тәрбие жұмыстарының жүйесі бар. Оның міндеті – тәрбиенің негізгі дағдыларын қалыптастыру, сауат ашудың бастапқы элементтерін үйрету. Бұлар бірінші сыныпқа жетеді. Бірақ бала балабақшаға бармаған болса, онда оны мектепке алудан бас тартуға негіз жоқ. Өйткені біз бірінші сынып оқушыларынан «ғалым» жасағалы жатқан жоқпыз. Олардың, яғни балабақшаға бармаған балалардың әлденеден кешігіп қалдық деп қорқуына себеп жоқ. Мектепте балалар үшін олардың жан-жақты үйлесімді дамуына бірінші кезекте ыңғайлы жағдай жасалуы қажет. Балаларды ешкім балалығынан айырмайды. Бірінші сыныпта оқу бағдарламасы ойынмен байланыстырыла жасалған, баға қойылмайды, үй тапсырмалары – мейлінше азайтылған. Осылайша балалар мектепке үйреніседі, бір-біріне бауыр басады. Мұғалімдер бұл жастағы балалардың білімді оңай қабылдайтынын айтудан еш жалыққан емес. Сондықтан бастысы – жеке тұлға ретінде қалыптасудың осынау маңызды кезеңін жіберіп алмау керек».

I ТАРАУ. ОН ЕКІ ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУ – ЕЛІМІЗДЕГІ АДАМ РЕСУРСТАРЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ

1.1 Он екі жылдық білім беру жүйесіне көшудің мақсаты мен міндеттері.

Еліміздегі қазіргі білім саласын заман талабына сай дамыту керек екендігі күмән туғызбайды. 1997 жылы әлемдік білім кеңістігіне кіру туралы Лиссабон конвенциясына ТМД елдерінің ішінде Қазақстанда қол қойды. Бұл құжатты қабылдау жоғары білім берудің сапасын одан әрі жақсарту мақсатында орта жалпы білім берудің мерзімін ұзартуды талап етеді. Білім мен ғылым – әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы, прогреске апаратын жол десек, 12 жылдық білім беру жүйесі – бүгінгі күн талабынан туындап отырған өзекті мәселе.

Ендеше, 12 жылдық білім беруге көшу:

1. Қазақстандық білім жүйесін реформалауды;
2. Шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды;
3. Жалпыға арналған біліммен «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне саналы түрде көшуді;
4. Әлемдік білім кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етеді.

Осы өзекті мәселе ретінде қойылып отырған 12 жылдық білім беруге көшу мәселесінің негізгі ерекшелігі - қазіргі 12 жылдық білім беру мәселесі бойынша зерттеу орталықтары ғалымдарының пікіріне сәйкес қазіргі мектеп пен мұғалімдер алдында тұрған негізгі мәселелер: «Баланы оқуға қалай үйретеміз?», «Жаңа кезеңде баланы «ойлауға» қалай үйрету керек?» деген сұрақтарға жауап табатындай білім беруге бағытталып отыр.

Елбасымыз 2010 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс деген болатын. Сондай-ақ Н.Ә.Назарбаев ҚР 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында орта білім беру жүйесінде оқытудың 12 жылдық білім беруге көшуі іске асырылады, ол он жыл ішіндегі жалпыға міндетті білім беруді және екі жыл ішінде бейінді білім беруді қарастырады. Бұл ретте оқу бағдарламаларының мазмұны өмірде және мамандықта аса қажетті құзіреттіліктерді дамытуға бағытталатын болады деп көрсетті. [2,8]

12 жылдық білім берудің басты мақсаты:

Өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Бұл Елбасы Жолдауы талаптарымен ұштасады және жаңа саты маманын даярлайтын оқу орындарының міндетін айқындайды. Осыған сәйкес жаңа формация маманының басты міндеті- өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсендіруге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл болу.

Осы орайда 12 жылдық білім беру жүйесінің артықшылықтары мен мүмкіндіктеріне, әлемдік білім кеңістігіндегі басымдылықтарына талдау жасап кеткен жөн.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістерді талап ететін әлемдік дамудың негізгі үрдістері: қоғам дамуының қарқындылығы; постиндустриалдық, ақпараттық қоғамға көшу; мәдениаралық өзара қатынас ауқымының кеңеюі; қоғамның демократиялануы; экономиканың қарқынды дамуы, бәсекелестіктің өршуі. Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы, білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру жүйесінде жетілдірілген үлгілердің жасалуы, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдері ұсынылып отыр. Сонымен қатар он екі жылдық білім беруге көшу төмендегі мәселелерге ерекше көңіл бөледі:

-жаңа білім технологияларының енгізілуі;

-оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі;

- терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы;

-оқушы жастарға азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру рөлінің күшейтілуі;

-өмірлік бағдар ретінде адам бойындағы құндылықтарға қажет жағдайда түзету енгізу және жаңадан жасау;

- білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі рөлінің артуы.

Демек, он екі жылдық білім берудің мақсаты қоғамның мүддесіне өзін өзі белсенді етуге дайын, жаңа өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Жалпы орта білімнің құрылымы балалардың психологиялық – физиологиялық тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес болады. ТМД және шетелдік ғалымдардың пікірінше физиологтар, психологтар, педагогтар он екі жылдық білім берудің құрылымы оқыту және жасерекшелігінің дамуына сәйкес болуын ескеру қажет деп санайды. Жалпы алғанда, дүниежүзі елдерінде орта мектеп 3 сатыдан тұрады: бастауыш оқу 3-6 жылдық, негізгі (немесе кіші) орта мектеп 3-6 жыл және жоғарғы орта мектеп 2- 4 жыл.

Он екі жылдық мектепке ауысу бірқатар мәселелердің шешілуін талап етеді:

1.Бұл өзгерістің экономикалық негізделуі;

2.Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілуі (мемлекеттік стандарт, жаңа кітаптар);

3.Жаңа жүйеге лайық мұғалімдер даярлау, мұғалімдерді қайта даярлау жүйесін жетілдіру;

4.Жалпы және орта білім беру мектебінде нормативті-құқықтық базаның жетілдірілуі;

5.Санитарлық-гигиеналық нормалар және негізгі ережелеріне өзгерістер енгізу;

6. Мектепке дейінгі, бастауыш, орта жалпы және жоғары бейіндік білім беруде сабақтастықтың болуы;

7. Білім саласын елдің тарихи дәстүріне, мәдениетіне бейімдеу [2].

Әлем елдері тәжірибесінде әр мемлекеттің өзіне тән орта білім беру жүйесі мен мектеп үлгісі, орта мектептердің әр қайсысының қалыптасқан өзіндік ішкі құрылымы бар. Дүниежүзінің аса дамыған елдерінде-АҚШ-та, Англияда, Швейцарияда, Канада мен Германияда жалпы білім беру ұзақтығы 12 не 13 жыл, Голландияда 14 жыл, ал Кореяда, Жапонияда, Швецияда, Францияда, Италияда – 12 жыл. Тек экономикасы жаңа дамып келе жатқан елдерде ғана орта мектеп 10-11 жылдық [37].

Соңғы уақытта АҚШ-та мектепке дейінгі, мектепалды балаларды дайындауға көп назар аударылады. Әсіресе провинциялық мектептерде 5 жасар балаларды мектепке дайындауда жаппай жұмыс жасалып келеді. Жалпы орта білімнің құрылымы 6+3+3, оқу мерзімі 6 жастан 18 жас аралығында. Мемлекеттік оқу орындарында тегін, жеке мектептерде ақылы болып келеді. АҚШ-та орта мектеп 2 буыннан тұрады: кіші және жоғары мектеп. Кіші орта мектепте 7-9 сыныптарда жалпыға бірдей бағдарлама, және таңдау бойынша (элективті) сабақтары, жоғары орта мектепте 10–12 сыныптарда міндетті түрде 5 оқу пәндері және практикалық, академиялық бағыттағы профильдік пәндер берілген. Оқушылар 9-сыныптан кейін міндетті 5 пәнге қоса келешектегі мамандығына жақын бейінді пәндерді таңдап оқиды. Сыныпты жақсы бағалармен бітіргендері грантқа ие болады[4].

Германия ХХ ғасырда білім беруге ерекше көңіл бөлген мемлекеттердің бірі болды. 80 жылдары бұл ел жеке оқу орындарынан бас тартып, ақысыз оқу орындарын көбейткен. Мұнда да басқа Еуропа елдері секілді бастауыш сыныпқа 6 жастан қабылдайды, жалпы орта білім алу 12 жылдық мектепке негізделген, барша оқушыға алғашқы 9 жылдық оқу ғана міндетті, өйткені одан әрі балалар өз қалаулары және қабілеттеріне қарай оқуларын кәсіптік мектептерде жалғастыра алады. Герман Федеративтік мемлекетінің заңының 6-бабына сәйкес барлық мектептік білім беруді мемлекет қадағалайды. Мемлекеттегі міндетті тегін білім алу 4 жылдық оқыту болып табылады. Білім алу 3 баспалдақты құрылым болып табылады: негізгі мектеп, нақты училище, гимназия. Оқу 6 жастан жалпыға бірдей мектепте (1-4 сыныптар) басталады, содан кейін басқа аталған типтегі мектептерде жалғастырылады. Негізгі мектептің (5-10 сыныптарда) 50%-ға жуығын оқушылар құрайды, олар әрі қарай өз білімдерін толық емес жалпы білімді меңгергеннен кейін, кәсіби білім алуға жолдама алады. Ал нақты училищеде (5–10 немесе 7–10 сыныптар) кәсіби-практикалық бағыттағы жалпы толық емес білім беріледі, онда физика, химия, биология, шет тілдер мен басқа да академиялық пәндер оқытылады. Нақты училищені бітірген оқушы орта және содан кейін арнайы жоғары кәсіби-техникалық оқу орындарына түсе алады. Гимназия (5–13 немесе 7–13 сыныптар) толық орта білімді береді және университеттік үлгідегі ЖОО түсу құқына ие болады. Гимназиядағы міндетті пәндер: неміс тілі мен әдебиеті,

тарих, география, математика, биология, дене тәрбиесі, музыка, дінтану болып табылады. Гимназияның бейіндік білім беруіне байланысты әр түрлі нұсқада оқу бағдарламалары жасалған. Германиядағы мектептерде бейіндік оқыту барысында пәндер блоктарға сәйкес біріктіріледі, мысалы: «тіл-әдебиет-өнер», «әлеуметтік білімдер», «әлеуметтік-экономикалық» және т.б. Неміс тілді оқушылардың жоғары сыныпта оқудағы мүмкіншілігі зор, олар міндетті пәндерден басқа да пәндерді қосымша оқи алады, соның негізінде олардың жеке-дара ерекшеліктері жақсы дамиды. Бейіндік бағыттағы пәндерден басқа тілдік, әдеби-көркем, қоғамдық-ғылыми, математикалық немесе жаратылыстану-ғылыми пәндерін меңгере алады. Негізгі мектеп 4 пән бойынша емтихан тапсыру арқылы аяқталады. 12 және 13 жылдық мектепті сәтті бітірген оқушылар үшінші деңгейді аяқтағандары туралы аттестатқа ие болады. Бұл аттестат кез-келген бейінді оқуға жолдама болып табылады. ЖОО-ға түсуде оқушының аттестаты, яғни орташа ұпайы негізгі рөл атқарады.

Францияда ХХ ғасырдың ортасында білімді қаржыландыру 14 есеге өсіп, ақысыз оқу мен ақылы оқудың ара қатынасы 80 мен 20 пайыз болған. Бұл мемлекет мектепке дейінгі балалар тәрбиесімен айналысатын ең алдыңғы қатарлы мемлекет болып табылады. Онда «Аналық мектебі» және «Бүлдіршіндер сыныбы» балабақшалары бар.[4]

Францияда 12 жылдық білім беру жүйесі бекітілген. Онда орта білім беруде 10 жылдық (6-16 жасқа дейін) мектеп ақысыз, ал 12 жылдық мектеп міндетті емес. Францияда 5 жылдық элементар «кіші» мектепті бітірген балалар оқуын жалпы білім бертін 4-5 жылдық колледждерде жалғастырады. Толық емес орта мектеп біртекті жалпыға міндетті колледж –бастауыш сынып негізінде құралған. Бітірушінің кәсіби мамандығына сәйкес (бакалавр) дипломды иемденуде олар бірнеше секцияға бөлінеді. Бастауыш және орта мектеп деңгейінде оқушылардың білім, іскерлік, дағдысын бағалауда арнайы екі шкала қолданылады. Мектепті тәмамдағаннан кейін оқушылардың барлығы бакалавр курсына сәйкес емтихан тапсырады.

Англия және ағылшын тілді елдерде грамматикалық, техникалық, кешенді 4 түрлі мектеп қызмет етеді. Бұл елде орта білім алып, 16 жастан кейін балалардың мектептің берген сертификатымен жұмысқа орналасуларына болады [37,50]

Шетел мектептерінде жоғары мектепке оқушылар оқу үлгіріміне қарай және мектеп берген мінездеме негізінде арнайы мемлекеттік комиссияның шешімімен қабылданады. Оқушылардың үлгерім деңгейлеріне қарай оқуларын әрі қарай жалғастыруға болатын мемлекеттер қатарына Германия, Франция, Жапония сияқты елдер жатады.

Әлемдік тәжірибе мемлекеттердің экономикалық дағдарыстан шығуымен бірге білім саласын оза қаржыландыруы қатар жүргенін көрсетеді. Мәселен, 1955 пен 1985 жылдар аралығында Жапонияда білімді қаржыландыру 20 есе артқан. Бұл елде мектептің жоғары сатысы (10-12 сыныптар) 5 түрлі-техникалық, сауда, ауыл шаруашылық, флоттық, қосымша мектептер болып

құрылған. Жапонияда балабақшалар білім берудің маңызды бөлімі емес. Балалар балабақшаға ата-аналарының қалауымен 4 жаста да баруы мүмкін. Жапон елінде 9 жылдық білім беру ақысыз, білім беру құрылымы 6+3+3 (6 жылдық бастауыш мектеп - чугакко, 3 жылдық кіші орта мектеп – чугако, 3 – жылдық жоғары орта мектеп – като-гакко). Бастауыш сыныптарда негізгі сабақтар жапон тілі, арифметика, қалған сабақтар ретінде жаратылыстану, қоғамтану, музыка, этика, дене тәрбиесі, өнер, қолөнер өтіледі. Кіші орта мектепке – емтихансыз, жоғары орта мектепке емтихан тапсырып түсе алады. Білімді тексеру тәсілі – жазбаша тест. Бастауыш және орта мектепте 5 дәрежелі шкала бағасы қолданылады: S (өте жақсы), A (жақсы), B (қанағаттанарлық), C (нашар), D (өте нашар) [4].

Моңғол елінде 12 жылдық білім беру жүйесіне 2006 жылы көшірілу басталып, кейбір аймақтар мен аудандарда эксперимент жүргізілген. 12 жылдықтың алғашқы түлектері 2014-2015 аралығында бітіреді. Балаларды мектепке 6 жастан бастап қабылдайды. Мұнда 12 жылдық білім беру жүйесі 6+3+3 сатыларынан тұрады.

Қытайда 1990 жылдардың аяғында жаппай білім беруге байланысты 9 жылдық білім беру енгізілді. Ал жалпы орта білім беру 12 жылдықты құрайды, бірақ бұл барлығына міндетті емес. Мектепке дейінгі білім беру 3-6 жас аралығын қамтиды. Бұл елдің базалық білім беру жүйесіне мектепалды, бастауыш, орта толық емес, толық орта білім беру жатады. Қытай білім беру конституциясында жалпы білім беру ұзақтығы 9 жылдық мерзімде бекітілген. Оқу бағдарламасында бастапқы 1-2 сынып, негізгі бастауыш 4 жыл (3-6 сыныптар), бастауыш орта 3 жыл. Бастауыш сыныпта енгізілген жаңа пән «Адамгершілік және өмір». Бұл пән орта бастауыш сыныпта (3-6 сыныпта) «Адамгершілік және қоғам» болып күрделіленеді де «Ғылым пәні» деп оқытыла бастайды. Бұл пән балаларды ғылыми жұмыстың негізгі әдістерімен таныстыра отырып, олар жасерекшелігіне қарай ғылыми жобалар даярлайды. ҚХР мектептерінде тест арқылы педагогикалық бақылау жасалынады. [37,51]

Ұлыбритания білім беру жүйесі мектепке дейінгі білім беру және тәрбиеден басталады. Орта білім беру 2 бөлімнен: кіші орта мектеп және жоғары мектеп, кіші орта мектепті бітіріп 2 жылдық колледжге түсе алады. Одан «А» дәрежесіндегі сертификат алып, әрі қарай білімдерін жалғастыруға болады. 12-13 сыныпты бітірген 18 жастағы оқушылар ЖОО-на түсе алады. Ұлыбританияда екі негізгі бейіндік бағыт бойынша оқыту жүргізіледі: біріншісі – «академиялық» - таңдаған пәнін тереңдетіп оқу (ол жоғары оқу орнына түсуге жол ашады), екіншісі - «кәсіби» - қолданбалы және кәсіби пәндерді қысқартылған оқу жоспарына сәйкес оқытады [37,52].

Италияда 1999 жылы мектептік білім беруде жас мөлшері 18 жас болуы туралы №9 заңда енгізілген болатын. 2000 жылы ақпан айында бұл заңға мектептік білім беру жөнінде №30 заңда өзгертулер енгізген. 2001-2002 оқу жылына сәйкес мектептік білім берудің екі дәрежесі енгізілген: базалық

мектеп (1-7 сыныптар) және толық орта мектеп (8-12 сыныптар). Базалық мектепке 6 жастағы балаларды бастауыш мектепке қабылдайды [4].

Канадада 12 жылдық білім беру әр аймақта өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Балалар мектепке 6 жастан барады. Басқа елдердегідей Канадада білім беру бастауыш, орта және жоғарғы сыныптардан тұрады. Оқу жылы қыркүйекте басталып, келер жылдың маусым айында аяқталады. Оқу мерзімі әр түрлі, көп аймақтарда (Квебек провинциясында ғана оқу 11 жылдық) 12 жылдық білім беру орын алған, тек Онтарио провинциясында 13 жылдық білім алу бекітілген әрі арнайы емтихан тапсырумен аяқталады. Мектептегі білім берудің құрылымы мынадай: бастауыш 1-6 сыныптар, жалпы орта білім 7-9 сыныптар, толық орта білім 10-12 сыныптар. Міндетті білім беру 16 жасқа дейін деп бекітілген. Толық орта білімді жас ерекшеліктеріне сәйкес оқушылардың 90% бітіреді. Бастапқы кәсіби білім беру орта мектептің жоғары сатысындағы 11-12 сыныптарында жүзеге асырылады. Мектептегі білім беру ағылшын және француз тілдерінде жүргізіледі. Мектептегі білім алу ақысыз және он жылдық оқу міндетті, кейін оқушылар өз білімдерін 11-12 (13) сыныптарда жалғастыруы мүмкін, болмаса колледжге барып оқуға құқығы бар[4]

Финляндиядағы білім жүйесі сәтті және дер кезінде реформалау нәтижесінде талай жетістіктерге жетті: экономиканың өсуіне, елдің әлеуметтік дамуына, технология мен ғылыми зерттеулерде инновациялық пәрменді саясатты жүзеге асыруға, сөйтіп бүгінгі таңда әлемнің ең озық өркениетті елдері қатарынан көрінуде. Бұл ел білім саласын дамытуға бүкіл қоғамды жұмылдырды, мемлекеттік қаржыландыруға ерекше көңіл бөлінді, мұғалімдердің айлық жалақысы 2-3 мың евроға өсті (біздің елдегіден 10-15 есе көп), оқушылар мен студенттерге стипендия тағайындалды, оларға тұрғын үй үшін айына 500 евро бөлінеді. Оқушылардың денешынықтыруы, денсаулығына қамқорлық жасау, үй тапсырмасын азайту, салауатты өмір салтын қолдау, білім беруді ең соңғы ғылым мен технология жетістіктерімен кіріктіру, оқу үдерісін ірі технополистер аясында өткізу арқылы зор табысқа қол жеткізуде. [4]

Норвегияда 1994 мен 1998 жылдар аралығында орта білім берудің реформасы жүргізілген. Мемлекеттік мектептерде білім алу ақысыз. Орта білім жүйесі 13 жылға дейін бекітілген. Он жылдыққа бастауыш және орта сыныптар кіреді, қалған үш жыл жоғары сыныптар болып саналады. Бастауыш мектепте сурет, музыка, математика және физика, ағылшын тілі мен ана тілінен басқа христиандық дінтану, үй экономикасы және таңдау пәндері міндетті түрде оқытылады. Норвегиялық мектептерде оқушыға баға қою тек 8 сыныпта ғана басталады. 8-сыныпта баға қоюмен қатар жаңа пәндер енгізіледі: бухгалтерлік есеп, экономика, әрі алғашқы кәсіби бағдар беретін пәндер. Мұғалім оқушының жетістіктерін арнайы дәптерлерде жинақтайды, егер қажет болса оқушыда оқу-тәрбие үдерісі барысында кездейсоқ жағдайлар, көкейкесті мәселелер туындаса мұғалім ата-анамен жазбаша түрде байланыс жасай алады. Мектептерде 16 мен 19 жас аралығындағы оқушылардың толық

орта білімді тәмамдап шығуы заңды түрде бекітілген, ол 3 жылдық білім берумен шектеледі. Жоғары сыныптарда кәсіби бағдар беру тереңнен қарастырылады. Әрбір мектепте екі негізгі міндетті бөлімдер бар: академиялық және кәсіби шеберлік. Кейбір жағдайларда мектептегі оқу бағыты үшке бөлінеді: академиялық, дәстүрлі, кәсіби шеберлік пәндер (құрылыс ісі, жөндеуші) болып табылады. Бір жыл ішінде 36 оқу аптасы жоспарланған. Бастауыш мектепте 20 оқу сағаты бекітілген, ол: математика - 4, норвеж тілі - 6, табиғаттану - 1, ағылшын тілі - 1, сурет өнер, еңбек, дене тәрбиесі, музыка 1-2 сағаттан және дінтану 2 сағат болып жоспарланған. Оқу жоспарын мұғалімдер мемлекеттік бағдарламаға сүйене отырып жарты жылға жоспарлайды, ал әр аптаның жұмасында әр пәнге сәйкес тақырыптар таңдалады. Журналдар жоқ, мұғалімдер тақырыптық және күнтізбелік жоспарлар жазбайды. Жоғары сыныптарда оқушылардың мектепті бітіріп ЖОО-ға түсуіне көп көңіл бөлінген, оқушылардың өздері таңдаған пәндері сабақ кестесіне қойылып жүргізіледі. Егер бірінші оқу жылында апталық оқу жүктемесі 30 сағатқа тең келсе, келесі жылы бұл сағат өзгертіледі. Екінші жылы 18 сағат міндетті пәндер қойылса, қалған 12 сағат оқушының таңдаған пәні оқу жүктемесіне енгізіледі. Ал, үшінші жылы аталмыш оқушылар міндетті пәнге аптасына тек 14 сағат бөліп, қалған 16 сағатты өздерінің таңдаған пәндерін меңгеруіне рұқсат етіледі. Оқушылардың пәнді қаншалықты меңгергенін анықтау үшін Норвегияның емтихандық секретариаты таңдау емтихан-сынағын жүргізеді. Аталмыш уақытқа екі күн қалғанда мектепке арнайы оқушылардың тізімі бар конверт жіберіледі, аталмыш тізімдегі оқушылар ғана емтихан тапсырады. Ережеге сәйкес бірінші жылғы оқуда оқушылардың тек 10%-ы, екінші жылдан кейін 25%-ы, мектепті бітіргенде 50%-ы емтихан тапсырады. Емтиханның негізгі мақсаты ұлттық білім деңгейін анықтау. Негізгі мектепті бітіргенде оған тағы міндетті екі емтихан қосылады, ол - норвеж тілі мен таңдауы бойынша бір пән тапсырылады. Негізгі мектепті бітіргенде 80% оқушылар ЖОО түседі, ал 20% колледждердің студенттері қатарына қосылады. Норвегияда университеттер мен колледждерге түсуге емтихан тапсырылмайды. ЖОО түсуде оқушының мектепті бітіруі туралы алған аттестаты негізгі рөл атқарады [4]

Сонымен, дүние жүзінде орта, жалпы білім беру келесідей бағыттарда жүзеге асырылатындығын анықтадық, олар:

1. Барлық балаларға, жастарға бірдей білім беру; білімнің ашықтығы, біліммен ақпарат алудың барлық азаматтарға мүмкін болуы.

2. Оқу бағдарламаларының оқушының жеке басының қызығушылығы мен талғамдарын ескеруге, дамытуға, олардың бойында жалпы оқу іскерліктерін қалыптастыруға, сондай-ақ әр оқушының және қоғамның мүддесі мен қажеттіліктерін ескеруге, жеке тұлғаны жоғары сапамен оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға және жеке тұлғалық оқу үдерісін ұйымдастыруға бағдарлануы.

3. Оқушының отбасылық экономикалық-әлеуметтік жағдайына, жынысына, қоғамдық мәртебесіне, ұлтына, дініне қарамастан оның қабілетін барынша дамыту көзделген.

4. Жастардың күнделікті қоғам өмірінде болып отыратын өзгерістерге тез бейімделуіне жол сілтеу болып табылады.

5. Әрбір оқушыға сол социумға сәйкес тарихи қалыптасқан, ең тұрақты рухани, дүниетаным және мәдени құндылықтарының таратылуы және бекуі.

Жоғарыда аталған әлемдік әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы 12 жылдық білім беруге көшу Қазақстан мектептерін:

1. Әлемдік деңгейге көтеруге жағдай жасайды.
2. Оқудың жылдық жүктемесі жеңілдейді.
3. Кәсіптік білім береді.
4. Жеке тұлғаны дамытуға ықпал етеді.

Қорыта келгенде, әр елдің білім беру және тәрбие саласында өзіндік ерекшелігі мен артықшылығы, тіпті кемшілігі де болады, осы себепті де біз Қазақстан республикасындағы оқушыға білім беру мен тәрбиені жан-жақты дамыту мақсатында шетелдік он екі жылдық білім берудің тек оң және тиімді жақтарын алуымыз қажет. Мысалы, АҚШ пен Францияның балаларды мектепке дейінгі дайындау тәжірибесіне, Германиядағы бейіндік оқытуда пәндерді блоктарға (модульдер құру десе де болар) біріктіру тәжірибесіне, Қытайдың мектеп оқушыларын адамгершілікке, әлеуметтендірілуіне көп көңіл және ғылыми жұмыс әдістеріне баулуына, Скандинавия елдерінің оқу үдерісін демократияландыруына (мұны ең озық үрдіс деп санаған дұрыс) баса назар аударған абзал болар еді. Сондай-ақ, Жапониядағы сияқты орта білімнің жоғарғы сатысында бейіндік оқыту бағыттарын кеңейту мүмкіндігін қарастырған да жөн болар. Сонымен қатар, білім саласына өзгерістер енгізу үшін оны елдің тарихи дәстүріне, мақсатына, өндірісі мен мәдениет сұранысына бейімдеу керек.

1.2 Он екі жылдық білім берудің перспективасы және күтілетін нәтижелері.

12 жылдық жалпы орта білім берудің мақсаты – әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірге белсене қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті

жеке тұлғаны дайындау. Бұл Елбасы Жолдауы талаптарымен ұштасады және жаңа саты маманын даярлайтын оқу орындарының міндетін айқындайды. Осыған сәйкес жаңа формация маманының басты міндеті- өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсендіруге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл болу.

Осы тұста, «Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарына түсінік беріп кеткен жөн. Бұл ұғымдардың педагогикадағы қолданылуы туралы мынадай көзқарастар қалыптасқан:

1. Бұл жаңа сөздерге еліктеушілік, оларды қолданбауға да болады, өйткені «мектеп бітірушінің дайындық деңгейі» және «оқу біліктіліктері» деген дәстүрлі қолданылып жүрген баламалары бар.
2. «Құзырет» және «құзыреттілік» адамның тіршілік қызметінің басқа салаларында да кеңінен қолданылып жүр және олар кәсіби іс-әрекеттің жоғары сапасын көрсетеді.
3. «Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдары алдағы уақытта оқушылардың мәдениеттанымдық іс-әрекетінің күрделі құрылымын бейнелеп, білім беру мазмұнының өзін дамытуға жаңаша сипат беруі мүмкін.

Сондықтан «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын нақты мазмұнмен толықтыру білім беруді, оның ішінде оқушының білімділігін жаңаша сипатта жандандыруға мүмкіндік береді.

Ал, Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық орта жалпы білім беру Тұжырымдамасында[3] білім берудің күтілетін нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес мектеп түлегінің негізгі құзырлығы төмендегіше анықталды:

1. Құндылықты-бағдарлы құзыреттілік — оқушының коршаған ортаны бірдей қабылдайтын қабілеті, жоғары әдептілік құндылықтар негізінде жасампаз қоғам өмірінде өзінің ролін таба білу біліктілігі, азаматтылығы мен елжандылығы. Бұл құзыреттілік өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдай білу білігін қамтамасыз етеді. Ең бастысы, өзінің Отаны Қазақстан патриоты болу, азаматтық белсенділігін көрсету, саяси жүйені түсіну, болып жатқан әлеуметтік жағдайларға баға бере білу.

2. Мәдениеттанымдық құзыреттілік — жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу. Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның ролін түсіну. Өзі халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени-демалыс қызметін тиімді

ұйымдастыру тәсілдерін игеру; рухани келісім мен толеранттылық идеяларына бейім болу.

3. Оқу-танымдық құзыреттілік — оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқутанымдық процесін қамтамасыз ететін кешенді құзырлылық. Бұл құзырет өзінің білімділік қызметін ұйымдастыра білуді, тиімді жоспарлай білуді, сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзінің іс-әрекетіне талдау және қорытынды жасау тәсілдерін қарастырады.

4. Коммуникативті құзыреттілік — адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

5. Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік — бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, тандай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі.

6. Әлеуметтік-енбек құзыреттілік отбасылық, енбек, экономикалық, саяси, қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болуды білдіреді. Бұл құзырет әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасай білуді, шешім қабылдай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білуді қарастырады.

7. Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілік. Бұл құзырет отбасылық, еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық қызмет білімі мен тәжірибесінің болуын білдіреді, Құзырет нақты әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда (өзінің мүмкіндігін нақты перспективалық жоспарлаумен салыстыра білу және қызметін өзіндік қадірқасиет сезімімен ұйымдастыра білу, өзінің өмірі мен ісіне жауапты қарау) жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдауды және ықпал етуді қарастырады.

1.3 Он екі жылдық білім беру жүйесінің құрылымы мен білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері.

12 жылдық орта жалпы білім беру тұжырымдамасында жалпы орта білім беру құрылымы әлемдік білім беру жүйесінің тәжірибесіне негізделіп жасалынған.

Жалпы орта білім беру құрылымын жаңарту білім беру процесіне қатысушылардың талабын, мүмкіндігі мен қызығушылығын толық ескеруді, оқыту сатылары бойынша оқу материалдарын бірдей қайта бөлуді, оқытуды дараландыруға жағдай жасауды көздейді.

12 жылдық жалпы орта білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі төмендегі ұстанымдар негізінде ұйымдастырылды:

- жеке тұлғаның жас кезеңдерінің ескерілуімен;
- күтілетін нәтижелердің жетістіктеріне бағыттылығы;
- оқытудың сабақтастығы;
- әрбір оқыту сатысының даралығы.

12 жылдық білім беру жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру деңгейі ерекше мәнге ие болып отыр. 5 жастағы балаларды мектепалды даярлау олардың психологиялық, педагогикалық, дене және физиологиялық талаптарын ескере отырып, бастауыш мектепке оқытуға дайындау сапасының басты жағдайы ретінде жүзеге асырылуы тиіс.

1-саты

жалпы орта білім беру (1-4 сыныптар)

Оқуды бастау жасы – 6 жас

Оқыту ұзақтығы – 4 жыл.

1-сатыдағы негізгі бағдар – оқушының өзін-өзі таныту мүмкіндігі мен қоршаған ортасының шынайылығы туралы білімді игерудегі даралығын ашу, оқуға талабын және білігін қалыптастыру, яғни оқытудың келесі сатыларына қажетті танымдық қызығушылығын арттыру, кіші жастағы оқушылардың біртұтас оқу әрекетін қалыптастыруға ықпал ету.

Баланың тұлғалық қалыптасуын, оның қабілеттерінің тұтастай дамуын қамтамасыз ету. Бастауыш мектепте қажетті біліктер мен дағдыларды игеруге, оқу, жазу, санау, шығармашылықпен ойлау элементтерінің, жеке гигиенасы мен денсаулығын сақтау негіздерінің болуына ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру.

2-саты

Жалпы орта білім беру (5-10 сыныптар)

Оқыту ұзақтығы – 6 жыл

2-сатының негізгі бағдары – негізгі жалпы білім алуға жағдай жасау, адамдар арасындағы және этносаралық қатынастар мәдениетін, тұлғаның біртұтас көзқарасын, өзін-өзі анықтауын қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру тетіктерін, кәсіби және танымдық ой-пікірінің туындауына, теориялық ойлау тәсілдері мен ғылыми таным әдістерін игеруіне ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру.

Негізгі мектеп оқытуды бейіндік мектепте немесе кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарында жалғастырудың базасы болып табылады.

Бұл сатының ерекшелігі оқушының үшінші сатыдағы мектептегі бейіндік оқытуға саналы таңдау жасауға бағдар көрсететін бейіналды дайындықтың жүргізілуі болып есептеледі.

3 - саты

Жалпы орта білім беру (11-12 сыныптар)

Оқыту ұзақтығы – 2 жыл

Үшінші сатының бағдары жалпы орта білім берудің соңғы кезеңі болып табылатын, оқытудың саралануы мен даралануына, оқушылардың білімін жалғастыруға қатысты жеке және өмірлік өзін-өзі танытуына ықпал ететін талабымен, қызығушылық ниетімен сәйкес әлеуметтендіруге бағдарланған бейіндік оқытуды іске асыруға жағдай жасау.

Бейіндік оқыту жаратылыстану-математикалық, әлеуметтік-гуманитарлық және технологиялық бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Бейіндеу (профилизация) нысандары мектептің педагогикалық әлеуетін, білімдік инфрақұрылымының мүмкіндігін, облыстың, қаланың, ауданның сұранысын ескере отырып анықталуы тиіс.

Бейіндік оқытуды іске асыру жалпы білім беретін мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектептерде жүзеге асырылады.

Материалдық-техникалық жағдайын, кадрлық әлеуеті мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ескере отырып, үшінші сатыдағы бейіндік оқыту төмендегі ұйымдастыру нысандары бойынша қарастырылады:

- Бір бейінді мектеп – бір бейінді оқытуды іске асыру;
- Көп бейінді мектеп – бірнеше бейінді оқытуды ұйымдастыру;
- Жалпы білім беретін мектептердегі, гимназиялардағы, лицейлердегі, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердегі бейінді оқыту сыныптары.
- Өңірлік ресурстық орталық – материалдық және кадрлық әлеуеті жеткілікті, басқа мектептер бейіндік оқытуға пайдалана алатын ресурсы бар білім беру ұйымы. Ресурстық орталықтар ЖОО, колледждер немесе білім беру орталықтары жанынан ұйымдастырылуы мүмкін.

(Ауыл мектебі жағдайындағы ауылдық ресурстық орталық – айналасындағы мектептердің материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік және кадрлық әлеуетін кіріктіре алатын ауылда толыққанды база мен бейіндік оқытуды қамтамасыз ете алатын, қуатты білім беру ұйымдарының бірлестігі.).

- Сырттай оқытатын және кешкі мектептер еліміздің ЖОО, облыстық БАИ жанынан ашылған бейіндік мектептер мен ресурстық орталықтардың базасында жүзеге асырылады.

Ауылдық жер жағдайында шағфай ауылдан келетін оқушылардың тұруына мынадай жағдайлар жасалады:

- ауыл оқушыларына арналған бейіндік оқытудың барлық түрі ұсынылған мектеп-интернат;

- интернат типіндегі пансионат – шағын комплектілі ауыл мектептерінен келген оқушыларды таңдаған бейіндеріне немесе ресурстық орталықтарына қарай аудан орталықтарындағы орта мектептерде жүзеге асырылады.

12 жылдық жалпы орта білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделіне сәйкес білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері қандай болмақ? Ендігі кезекте 12 жылдық білім беру жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне тоқталайық.

12 жылдық мектептегі білім беру процесінің моделі түрлі деңгейлі вариативті білім беру мазмұны негізінде және оқытудың репродуктивтілігі мен шығармашылық технологиялары үйлесімді қабысқан мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы негізінде қалыптастырылуы тиіс.

12 жылдық мектепте оқытуды ұйымдастыруда жалпы дидактикалық ұстанымдармен бірге шешуші мәні бар мынадай принциптерге ие болады:

- жеке тұлғаның жас және психофизиологиялық даму ерекшелігінің ескерілуі;
- күтілген нәтижеге жетуге бағдарлығы;
- ашықтығы;
- интерактивтігі.

Нәтижеге бағдарланған білім беру моделінде оқыту оқушы (үйрену) мен мұғалімнің (оқыту) өзара байланыс әрекетіне әр оқу процесі компоненттерінің мақсаттарын шектеуді талап етуді мақсатты ұйымдастырылған болып табылады.

Мұғалім қызметінің мақсаты (оқыту):

- білім беру саласының пәндік және негізгі (ключевых) мақсаттарын ескере отырып, оқу процесінің нақты мақсаттарын жобалау;
- оқу процесін оқу материалдарын игеруді ұйымдастыру бойынша міндеттер кешенін шешуге бағдарланған білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес конструкциялау;
- оқу материалдарын даярлау және оқу мақсаттарына сәйкес оқытуды ұйымдастыру;
- оқу процесін жобалауға және іс жүзінде іске асыруда ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалану;
- оқушының оқу материалын игеруінің тұлғалық-әрекеттік бағыттылығын реттеу;
- оқушының озық дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау (дамудың жақын зонасына жетуі);
- құзыреттілік түрінде жеке қол жеткізген нәтижелеріне жағымды эмоция туғызу, қолдау көрсету және психологиялық жағымды орта құру;
- оқушының өзінің алған білімін қолдана білудегі жеке тәжірибесі мен өзін-өзі анықтау, өзін таныту, өзіндік білімін көтеруге дайындығы бойынша білім алу кеңістігін кеңейту мүмкіндіктерін қарастыру;
- ағымдағы нәтижелерді бағалау, қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған оқытуды уақытында түзету;

Оқушы қызметінің мақсаты (үйрену):

- жеке білім беру траекториясын қоя білуге берілген мүмкіндікті қолдану (оқу материалын игеру деңгейі, қарқыны);
- әрекет ету әдістерін, тәсілдерін, біліктілігін оқу мен әлеуметтік құзыреттіліктің құрамдық бөлігі ретінде игеру;
- оқу жағдайларын шешуге немесе құзыреттіліктің пайда болуына арналған жұмыстардың әдістері мен тәсілдерін, біліктері мен дағдыларын кіріктіру;
- жалпы орта білім беретін мектептегі білім беру мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы (оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, мультимедиялық бағдарламалар, қашықтан оқыту технологиялары, Интернет желісі т.б.) берілген мүмкіндікті қолдану;

Оқулықты әзірлеу және басып шығару – мемлекеттік басым міндеттердің бірі. Әзірленетін оқулықтар мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес болуы тиіс және оқыту мазмұнын таңдау нәтижеге бағдарланған білімді ескере отырып жүргізіледі.

Сабақты конструкциялауда кезек оқушының өзін-өзі таныту мақсаттарына, оқу материалдарын моделдеуіне, оқушының өнімді әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік туғызатын оқытудың формалары мен әдістеріне кезек беріледі.

12 жылдық мектептегі оқыту мен тәрбиелеуде жеке тұлғаның қабілеттерін толық көрсетіп, дамытатын негізгі тәсілдердің бірі – әрекеттік тәсіл. Әрекеттік тәсілге сәйкес адамның дамуы кезінде осы жас кезеңіндегі жетекші әрекетке зор үлес қосады.

Әрекеттік қатынас оқушының әлеуеттік мүмкіндігін дамытуға және есепке алуға көзделген, әрекетті сабақтан тыс ұйымдастыру нысандарымен, саралау тапсырмаларымен, вариативті бағдарламалармен жететін, жеке білім алу міндеттерін толығымен шешуге мүмкіндік беретін **тұлғалық-бағдарлық тәсілмен** тығыз байланысты.

Құзыреттілік тәсіл 12 жылдық мектепте жаңа тәсіл болып табылады және мектеп түлегінің өзгермелі жағдайда әлеуметтік икемділігі мен әрекетін жүзеге асыру қабілетінде пайда болатын оқушылардың сапалық кешенін дамытуды көздейді.

Оқытудағы тұлғаның психологиялық және физиологиялық денсаулығын дамытудың міндеттерін білім беру процесін ұйымдастыруда біртұтас қарастырылатын **денсаулық сақтаудың пәндік-кеңістік ортасын құрудың** маңызы зор.

Дәстүрлі қатынастармен қатар білім беру процесін ұйымдастыруда оқыту процесінің жалғасу циклдарының түрлі нұсқаларының мүмкіндігін қарастыратын оқу-тәрбие процесінің топтамаблукты жүйесі қолданылады: апталық, екі апталық, айлық, тоқсандық, жартыжылдық.

Осы ретте білім беру процесінде күтілетін нәтижеге сәйкес бақылау жасау және түзету енгізуге мүмкіндігі болатын педагогтардың қызметі жеткізіледі.

Жаңа педагогикалық технологияларда педагогтың ақпарат беруші қызметімен бірге үйлестіруші, кеңесші, оқушының шығармашылық

белсенділігі мен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы қызметіне көшіріледі.

Нәтижеге бағдарланған білім беру моделінде негізгі қызметті оқушының оқыту кезеңдерінде тұлғалық ішкі ресурстарын дамытуды қадағалау болып табылатын психологиялық қызметтің рөлі артады.

Тұлғалық-бағдарлық оқытудың міндеттерін табысты іске асыру үшін ұйымдар жұмыс аптасының бес күндік ұйымдастыру тәртібін тиімді қолдануды қарастырады. Сенбі – оқушының жеке бағдарлы білімін қамтамасыз ететін сабақтарды ұйымдастыруға бағытталған дамыту күні болып табылады.

Оқытудың ұзақтығын тоқсандар (8 апта) мен каникул уақыттары бойынша реттеу балалардың денсаулығын сақтауға игі ықпал етеді.

1.4 Он екі жылдық білім беру жағдайында білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары.

12 жылдық орта жалпы білім беру тұжырымдамасында білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары анықталып негізделді.

Білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары мыналар:

- білім беру мазмұнын қоғамның қазіргі әлеуметтік-экономикалық сұранысына сәйкестендіру;
- білім беру мазмұнын ізгілендіруді, оның вариативтілігін қамтамасыз ету;
- өз бетімен білім алуға, оны практикада қолдана білуге және қажеттілікке тәрбиелеуге бағытталған, негізгі құзырлылық қалыптастыруға ықпал ететін білім беру мазмұнымен қамтамасыз ету;
- танымдық уәждемелерін қалыптастыруға бағытталған білім беру мазмұнын іріктеу;
- білім беру мазмұнын оқушының ғылыми тәсілмен тануына, өз бетімен ізденуіне мақсатты және жүйелі тартуға бағдарлау;
- білім мазмұнын ұлттық мәдениетті құрметтеуге, өзге мәдени бастамаларға ашық болуға тәрбиелеуге бағдарлау.

Отандық және халықаралық мектептердің орта білім беру мазмұнын ұйымдастырудағы тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының білім беру мазмұны құрамына 8 білім саласы енгізілді: “Тіл және әдебиет”, “Математика”, “Жаратылыстану”, “Қоғамтану”, “Технология”, “Өнер”, “Дене шынықтыру”, “Адамтану”.

Білім беру саласының мазмұны Мемлекеттік базистік оқу жоспарында қарастырылған пәндер арқылы іске асырылады.

Білім мазмұнына **инварианттық компонент** (өзінің мазмұны мен жүйесі бойынша мемлекеттік базалық білім беру стандарттарының талаптарына жауап беретін оқу бағдарламасының жалпы міндетті бөлігі) және **вариативтік компонент** (оқушылар мектеп ұсынған арнаулы курстардан өздерінің қалауы және таңдауы бойынша игерілетін оқу жоспарының вариативті бөлігі. Мұнда оқушының өзіндік зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға арналған “Зерттеу мәдениетінің

негіздері” атты арнаулы курсы беріледі), жоғары сатыға (11-12 сыныптар) **бейіндік компонент** (таңдауы бойынша тереңдетіліп оқытылатын, өзінің мазмұны мен жүйесі бойынша бейінді білім стандарттарына жауап беретін оқу пәндерінің, модулдердің, курстардың жиынтығы) қосылады.

II ТАРАУ. ОН ЕКІ ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІРІНШІ

САТЫСЫНДА АЛТЫ ЖАСАР БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1 Алты жасар балаларды мектепте оқытудың педагогика ғылымында зерттелу тарихы

Баланы ерте жастан оқыту мәселесі өткен ғасырдың ортасынан бері көтеріліп, педагогика және психология ғылымдарының алдына үлкен міндеттер қойып осы сала ғалымдарын ойландырып келе жатқан мәселе. Баланы неғұрлым ерте жастан оқыту идеясы біздің елімізде ғана емес барлық Еуропа елдерінде көтеріліп келе жатыр. Соңғы 2 ғасыр ішінде АҚШ, Ресей және Еуропаның ірі ғалым педагогтары, бала және педагогикалық психология мамандары бала дамуын жасанды жылдамдату, оның қарқынын тездету жолдарын іздеу – бала дамуына зиян деп ескертіп келді. Мұндай жылдамдату жас ұрпақтың «әлеуметтік бейімделуін», баланың үлкендер қоғамына қарай бейімделу интеграциясын оңайлатып жібереді, баланың қалыпты психикалық даму жолына кедергі жасайды деп келген болатын. Кейбір психологтар 6 жасар балалардың психикалық процестерінің (еркін зейінінің, есте қалдыру, елес, логикалық ойлау, эмоционалдық-еріктік сапаларының) толық қалыптаспағандығымен сипатталатынын айтып, оларды дамытуға бағытталған арнайы жұмыс жүргізудің қажеттігін талап еткен болатын. Сонда-ақ, білім жүйесін меңгеруге негізделген мектеп бағдарламасының қатаң талаптары 6 жасар балалардың оқу мотивтерінің жоғалуына, оларды әртүрлі эмоционалдық үйлесімсіздікке соқтырып, тұрақты тұлғалық сапаларға айналып кету қаупі бар жүйкелік қорғаныс реакцияларын туғызады деп те пайымдаған көзқарастар болды.

Сонымен қатар бұл мәселе бойынша педагогика ғылымында басқа да көзқарастар болды. Кеңестік дәуірдің 80 жылдарының ортасына қарай мектепте оқытуды 6 жастан бастау керек деп өз ойларын тұжырымдаған Ш.А.Амонашвили, В.С.Мухина, А.Л.Венгер, А.М.Пышкало, Д.Б.Эльконин т.б. болды. Осы бағытта Ш.А.Амонашвили бастаған эксперименттік қызмет 20 жылға дейін созылып өз нәтижесін көрсетті. Амонашвили өз естеліктерінде «Мен бірінші кезекте балалармен қатынаста өктемдікке негізделген авторитаризмнен кетуді алдыма міндет етіп қойдым, өзімді балаларға айқайламауға, жазаламауға олардың төбесінен қарамауға үйреттім, оларды тұлға ретінде құрметтеуге тырыстым. Нәтижесінде олар маған сеніп, менімен көбірек сөйлесуге, пікір таластыруға асығатын болды» деп жазды. Ғалым мұғалімдерге арналған «Сәлеметсіңдер ме, балалар?!» атты көмекші құралында өзінің педагогикалық әрекеттерінің, ең кішкентай мектеп оқушыларының тұлға болып қалыптасуын зерттеу нәтижелерін сипаттап жазады. «Менің балалармен тәжірибе жұмыстарым, мектептегі қызықты да

қуанышты күндерді ұйымдастырудағы ғылыми ізденістерім, эксперименттік сыныптың көптеген мұғалімдерімен өткізілген көп уақыт менде білім беру мен тәрбиелеуде ізгілік, оптимисттік бастаулардан туындайтын кейбір педагогикалық пікірлер қалыптасты,»- деп Ш.Амонашвили алғы сөзінде жазады. КСРО-ның ПҒА академигі А.В.Петровский бұл кітапты «педагогикалық симфония» деп атайды. Себебі кітаптың негізгі арқауы балаларға деген махаббат, баланың нәзік жанына сүйіспеншілікке толы қарым-қатынас болып табылады. Бұл сипаттаманы Ш.Амонашвили «Мектепке алты жастан» деген еңбегінде терең баяндай келе «Мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен білім беру жүйесінің тиімді түрде жүзеге асырылуы толықтай мұғалімнің тұлғасына байланысты» деп тұжырымдады. [10,36] Егер жеті жасар баладан гөрі алты жасар бала мектеп өміріне анағұрлым дайынырақ десем мүмкін оғаштау болар. Алайда мұнда ешқандай тосындық жоқ. Гәп мынада, соңғы ондаған жылдарда кеңестік семья мен бүкіл кеңес қоғамының мәдени деңгейі өлшеусіз өсті. Қазіргі балалар ата-аналарының бәрінде, әдетте, орта және кәсіптік білімі, ал олардың көпшілігінің тіпті жоғары білімі бар. Мұның өзі бала өсетін, әлеуметтік ораны сапалық жағынан өзгертті. Оның дамуына бұқаралық информация құралдары-телевизия, радио, балаларға арналған журналдар, кітаптар мен кинофильмдер үлкен әсер етуде. Ойындардың мазмұны өзгеріп, балалардың дене сымбаты мен ақыл-ойы дамуына барған сайын ықпал ететін, олардың төңіректегі шындықпен, адамдардың өмірімен және еңбегімен, осы заманғы техникамен жан-жақты танысуға көмектесетін ойыншықтар пайда болды. Кеңестік дәуір балаларының дамуы мен тәрбиеленуін жеделдетуде мектеп жасына дейінгі балалардың басым көпшілігін қамтитын балалар бақшалары зор роль атқарды. Онда олар қажетті білім алып, адамгершілік-этикалық нормалардың әліппесімен танысады, тәрбиешілердің жетекшілігімен олардың тілі, ойлау қабілеті, еңбекке икемділігі, эмоционалдық еркіндік аясы мақсатты дами түсуде. Әдетте, жетіжасқа қарай бала оқуды, жазуды, қарапайым есептеуді үйренеді. Сөйтіп жеті жасында ол мектепке келгенде оған оқу материалы ретінде әріптер, оқуға үйреншікті текстер, қарапайым арифметикалық мысалдар, яғни күрделілігі жағынан баланың қабілетінен төмен материалдар берілгенде оның оқуға деген ынтасы болмайды, өйткені танымдық ынтасы өзінің одан әрі дамуы үшін мол әрі қажетті қорек алмайды. Жеті жастағы балаларға бүгінгі күні ұсынылып отырған білім берудің мазмұны, Л.С.Выготскийдің сөзімен айтсақ, олардың даму өрісінде болмай отыр, сондықтан да оны белсенді түрде ынталандыра алмайды. Алайда білім берудің дәл сол мазмұны – оқу, жазу, қарапайым есептеу- алты жасар балалардың танымдық талпыныс құралына айналып отыр. Бұл білімдер олардың даму өрісінде болады да, танымдық ынтасын оятады, баланың осы ынтасын қанағаттандырды [22,61]

Бұл мәселеге байланысты көрнекті психолог, Л.С.Выготский: «Алтыжасарлар – ерекше балалар, бұл жаста балалар өте тез өзгереді, біреуі нағыз оқушы сияқты жұмыс істеуге дайын, екіншісі сабақтың орнына әлі ойнағысы келіп тұрады. Сондықтан да біз алдымызда тұрған баланың кім

екенін түсінуге тырысуымыз керек, сонда ғана біз олардың әрқайсына тиісті өз бағдарламасын таңдап ала аламыз» [22,65]

Ал, В.С.Мухина балалардың мектепте ертерек оқытылуының тиімділігін былай түсіндірді: «Кішкентай балалар өздерінен ересектеу балалармен салыстырғанда жақсы қабылдағыштығымен ерекшеленеді, олардың психикасы таза, әлі ласталмаған, сондықтан оларды неге болса да тез үйретуге болады. 5-6 жаста бала үшін әрбір жарты жыл емес, қайта әрбір 2-3 ай олардың дамуында маңызды роль атқарады. Алтыжасарлар бүтін алғанда әлі мектепке дейінгілер әлеміне жатады. Алтыжасарларды оқыту бойынша жүргізілген эксперимент олардың шындығында оқу материалын меңгеруге қабілетті екендігін көрсетті. Әйтсе де, оларда ойынға деген зәру қажеттілік сақталып қалады, олар ойынның балалары. Сондықтан алтыжасарларды оқыту ойындық формадағы оқыту болып қала беруі керек» [40,114]

Сондай-ақ, өткен ғасырдың 70-80 жылдары КСРО-ның педагогикалық ғылымдар академиясының ұйымдастыруымен өткізілген кең көлемдегі кешенді эксперимент нәтижесі профессор И.Д.Зверевтің – жалпы білім беретін мектеп пен балабақшада алты жасар балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселесін кешенді зерттеу туралы қорытынды ғылыми материалында жарияланды. [28,80]

Сонымен қатар алты жасар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесін зерттеуде Ш.А.Амонашвилиден басқа Ресей педагогикалық ғылымдар академиясының Ю.Ф.Змановский, А.Я.Каруле, Я.Л. Коломинский, Е.А.Панько, М.Л.Жгенти, М.В.Портянина, З.П.Шабалина сияқты атақты ғалым-педагогтар мен психологтары өздерінің еңбектерінде алты жасар балаларды мектепте оқытуға даярлық деңгейінің педагогикалық және психологиялық жақтарын ашып, құнды зерттеу жұмыстарымен педагогика ғылымының теориясын байытты.

Психолог Ю.Ф.Змановский - алтыжасар балалардың психофизиологиялық және психикалық ерекшеліктерін зерттесе[29,44], Я.Л. Коломинский, Е.А.Панько - мұғалімге алты жасар балалардың психологиясы туралы көмекші құрал жазды. [34,40] М.Л.Жгенти – мектеп жағдайында алты жасар балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық жолдары мен әдіс-тәсілдерін өзінің кандидаттық диссертациясында негіздеп құнды ұсыныстар айтса[27,106], М.В.Портянина - алты жасар балалардың оқу тапсырмаларын орындауға жауапты қатынасын қалыптастыру жолдарын іздейді.[49,97] Л.Б.Степанова – алтыжасар мектеп оқушыларының ұжымын қалыптастыру мәселесін,[56,16] А.Х.Давлетшина – өнер құралдары арқылы алты жасар оқушыларға патриоттық патриоттық тәрбие беру [23,28] Н.М.Попова – алтыжасарлардың мектептегі және отбасындағы анатомиялық, физиологиялық даму ерекшеліктерін медициналық тұрғыдан сипаттап негіздейді;[50,33] З.П.Шабалина – төртжылдық бастауыш мектептің бірінші

сыныбындағы оқу-тәрбие жұмыстарына талдау жасап, сол кезеңдегі кеңестік мектептердегі алты жасар бірінші сынып оқушыларымен жұмыс жүргізудің спецификасына жан-жақты тоқталады. [63,58]

Елімізде 12 жылдық білім беру жүйесіне көшудің қазіргі заманғы тұжырымламасында он екі жылдық білім берудің бірінші сатысы – жалпы бастауыш білім беру (1-4 сыныптар) сатысында «Бастауыш мектепке балалар 6 жастан бастап қабылданады. Алты жас – баланың ақыл ойы дамуының және әлеуметтік дайындығының ең бір қолайлы (сензитивті) кезеңі. Осыны дұрыс пайдаланып, іске асырған жөн. Әйтпесе баланың бойындағы қасиеттері толық көлемде ашылмай қалуы мүмкін» деп көрсетілген. [2]

Ендеше, 6 жасар бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың түрлі аспектілеріндегі педагогикалық үдеріс мәселелерін, әсіресе оның ақыл-ойы дамуындағы сензитивтілік сапасынан шығатын оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырушылық, педагогикалық және психологиялық ерекшеліктерін анықтап, негіздеу – қажеттілік. Олай болса, заманауи педагогика ғылымының даму деңгейі мен алты жасар бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық ерекшеліктерін анықтап, негіздеу қажеттілігінің арасында заңды қарама-қайшылық пайда болып отырғандығы анықталды. Осы қарама-қайшылықты шешу – біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсатын құрап отыр.

Қазақстанда 12 жылдық білім беру жүйесіне көшудің алғашқы сатылары 2011-2014 жылдары қолға алынған болатын. Осы жылдардан бастап мектептерде оқулықтар жаңартылып, жаңа стандартқа икемделе бастады. ХХІ ғасырдың зерек жастарына жаңаша ойлау мен өзгеше жүйеде білім беру бүгінгі таңның басты талабы екенін ескерсек, бұл өзгерістер толығымен қолдауға ие болары сөзсіз. 12 жылдық білім беруге көшудің методологиялық қамтамасыз етілуі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына жүктелген. Сол кездегі Ұлттық білім академиясының президенті Т.Балықбаев 12 жылдық білім беру жүйесі бойынша мектепке баратын 6 жасар балаларды оқыту жөнінде былай деген болатын. «Ата-аналарға алаңдайтын ештеңе жоқ., біз 6 жасар балаларды соншалықты қажетсіз, ауыр білімдермен шаршатып, білім беру процесін қиындатпаймыз. Бірінші кезекте мектепте оның үйлесімді дамуына мүмкіндіктер беретін қолайлы жағдайлар жасауымыз керек. Бірінші сыныпта сабақтар ойындармен кезектесіп, алмастырылып отырады, білімге баға қойылмайды, үй тапсырмалары – жоқтың қасы. Осылай балалар мектепке бейімделеді, бір-біріне үйреніседі. Мұғалімдердің бұл жаста балалар білімді

оңай меңгереді деген пікірлерін біз естен шығармауымыз керек, сондықтан да бала тұлғасының қалыптасуындағы осы маңызды кезенді қолдан шығарып алмау – басты мәселе».

Ойымызды қорытатын болсақ, 6 жасар баланы оқыту мен тәрбиелеу мәселесі бойынша педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге жасаған таладуымыз көрсеткендей, педагогика ғылымында осы балаларды оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі аспектілерінде жүргізілген ғылыми педагогикалық әдебиеттердің мол қоры бар екені мәлім болды. Сонау өткен ғасырдың бел ортасынан басталған зерттеулер, көлемді кешенді эксперимент нәтижелерінің мол қорында анықталған маңызды жәйт - 6 жасар балалардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес оқу процесін ұйымдастырудың спецификасы, мазмұны өзгеше болу қажеттігі, олардың сензитивтілігіне байланысты бірінші сыныпта оқу үдерісін ұйымдастыру, оның тұлғалық сапаларының дамуына қолайлы жағдайлар туғызатындай болып ұйымдастырылуы маңызды қажеттілік екенін көруге болады.

2.2 Алты жасар балаларды мектеп өміріне тартудың мақсаты.

Бұл мәселенің үш жағын бөліп қарау қажет.

1. Егер жеті жасар баладан гөрі алты жасар бала мектеп өміріне анағұрлым дайынырақ десем мүмкін оғаштау болар. Алайда мұнда ешқандай тосындық жоқ. Гәп мынада, соңғы ондаған жылдарда советтік семья мен бүкіл совет қоғамының мәдени деңгейі өлшеусіз өсті. Қазіргі балалар ата-аналарының бәрінде, әдетте, орта және кәсіптік білімі, ал олардың көпшілігінің тіпті жоғары білімі бар. Мұның өзі бала өсетін, әлеуметтік ортаны сапалық жағынан өзгертті. Оның дамуына бұқаралық информация құралдары-телевизия, радио, балаларға арналған журналдар, кітаптар мен кинофильмдер үлкен әсер етуде. Ойындардың мазмұны өзгеріп, балалардың дене сымбаты мен ақыл-ойы дамуына барған сайын ықпал ететін, олардың төңіреkteгі шындықпен, адамдардың өмірімен және еңбегімен, осы заманғы техникамен жан-жақты танысуға көмектесетін ойыншықтар пайда болды. Совет балаларының дамуы мен тәрбиеленуін жеделдетуде мектеп жасына дейінгі балалардың басым көпшілігін қамтитын балалар бақшалары зор роль атқарды. Онда олар қажетті білім алып, адамгершілік-этикалық нормалардың әліппесімен танысады, тәрбиешілердің жетекшілігімен олардың тілі, ойлау қабілеті, еңбекке икемділігі, эмоционалдық еркіндік аясы мақсатты дами түсуде. Әдетте, жетіжасқа қарай бала оқуды, жазуды, қарапайым есептеуді үйренеді. Сөйтіп жеті жасында ол мектепке келгенде оған оқу материалы ретінде әріптер, оқуға үйреншікті текстер, қарапайым арифметикалық мысалдар, яғни күрделілігі жағынан баланың қабілетінен төмен материалдар берілгенде оның оқуға деген ынтасы болмайды, өйткені танымдық ынтасы өзінің одан әрі дамуы үшін мол әрі қажетті қорек алмайды. Жеті жастағы

балаларға бүгінгі күні ұсынылып отырған білім берудің мазмұны, Л.С.Выготскийдің сөзімен айтсақ, олардың даму өрісінде болмай отыр, сондықтан да оны белсенді түрде ынталандыра алмайды.

Алайда білім берудің дәл сол мазмұны – оқу, жазу, қарапайым есептеу-алты жасар балалардың танымдық талпыныс құралына айналып отыр. Бұл білімдер олардың даму өрісінде болады да, танымдық ынтасын оятады, баланың осы ынтасын қанағаттандырды мектеппен, олардың «тезірек ержетуге» деген ұмтылысымен байланыстыратын болсақ оның мәні тіпті зор.

2. Алты жас – баланың ақыл-ойы дамуы мен әлеуметтік даярлығына ең қолайлы (сензитивті) кезең. Мұндай алғышартты пайдаланып, оны жүзеге асыру керек. Әйтпесе қажетті, осы жасқа лайықты ақыл-ой және ізгілік қорегінсіз және ересек адамның парасатты қамқорлығынсыз баланың талабы толығынан ашылмай қалуы мүмкін. Ұйымдастырылған, жүйелі түрдегі білім беру мен тәрбиелеу баланың мақсатты дамуының басты формасы мен шарты болып табылады. Бұл жаста оның тілін ойдағыдай жетілдіруге, жаратылысынан дарыған құштарлық негізінде танымдық ынтасын, білімге деген құмарлығын оятуға, оқу қызметінің қарапайым әдістеріне үйретуге болады(солай болуы керек те!). тіл меңгерудегі табиғи механизмнің икемділігі алты жастағы балаларға екінші тілді (ұлт мектептерінде орыс тілін) жеңіл меңгеруіне мүмкіндік береді.

Әлеуметтік жетілуге қоршаған ортамен, адамдардың өмірімен тәртіптің жалпыға бірдей қабылданған нормасымен ұйымдасқан түрде танысу ықпал етеді. Алты жасар оқушы мұғалімдермен және белгілі бір міндеттер жүктелген, жолдастарымен сөзге араласып, өзінің игілігі мен ортақ мүдде көздеген іс-әрекеттері жайында келіседі. Жалпыға бірдей пайдалы қызметіне араласып, ойлануға және басқаларға қамқор болуға үйренеді.әр алуан мақсатқа меңзелген іс-әрекеттерге бай жарқын оқиғаларға толы мектеп өмірі кішкентай оқушы өз мүмкіндігін, қабілетін белсенді түрде көрсетуге,өзінің ішкі күш-қайратын жүзеге асыруға жағдай табатын қолайлы орта болып табылады.

Баланың мектептегі болашақ өмірінің көңілді болуы алғашқы оқу жылының мазмұнына байланысты. Ерекше программа мен методика бойынша мектеп жағдайында білім алып, тәрбиеленген алты жасар балалар мұндай арнаулы даярлығы жоқ жеті жасынан оқи бастаған тетелестерінен өздерінің дамуы жағынан едәуір озық болады. Бұл олардың сергектігінен, тапқырлығынан, ойлануынан, сөйлеу тәсілінің анағұрлым жоғары деңгейінен байқалады. Жалпы интеллектуалдық қабілеттілік, әрине, оқуды, жазуды, есептеуді, бейнелеу, музыка,еңбек қызметтерін игеру процессінде мақсатты түрде жетілдіреді. Бастауыш кластарда одан әрі оқу мұғалімнің көмегінсіз игеруге әлі жетпейді деген қиындықтардың өзін мұндай балалар қиналмай шешеді.

3. Бастауыш мектептің тұтас жүйесіне алты жасар балаларға арналған кластарды енгізу оқу жоспарлары мен программаларын неғұрлым ұтымды құруға, кішкентай мектеп оқушыларына түсетін сабақ жүгін азайтуға, ана тілін, математиканы, еңбекті, музыканы, суретті оқып-үйретуге берілетін

уақытты арттыруға мүмкіндік береді. Ал ұлт мектептерінде балалардың орыс тілін екінші тіл ретінде меңгеруіне осы кезеңде неғұрлым қолайлы нақты жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Осы тұста алты жасар баланың мектепте оқытуға жасының алтыға айнамай толық толуының және оның оқу процесін табысты жүргізудегі ролінің маңыздылығы туралы айтып кеткен жөн. Кейде ата-аналар жасы октябрде-декабрде алтыға толатын баласын мектепке алып келеді де, 1 класқа қабылдамаса: «Неге, 3-4 айда не тұр?» - деп таңырқайды. Иә, оның сөзсіз маңызы бар: баланың жасы неғұрлым кіші болса, оны анықтауда айларға, тіпті апталарға соғұрлым мән беріледі. Бөбек өмірінің алғашқы жылында туғанына неше ай болғаны жөнінде ғана емес, сонымен бірге неше апта болғаны жөнінде де айтып отыру керек, өйткені әр күн, әр апта оны дене бітімі жағынан да, психикасы жағынан да өзгертіп отырады. Бала 7-8 жасқа толғанша оның жасын ай санымен анықтаған жөн, ал одан әрі неше жас, неше ай толғанын тәптіштеп жатпаса да болады, өйткені баланың жетілуі біршама қалыпты сипатқа ие болады. 10 және 11,13 және 14 жастағы балалар мен 15-16 жастағы жеткіншіктерге ортақ психологиялық мінездеме беруге болады. Алайда мұны 6-7 жастағы балаларға қолдануға болмайды, өйткені олар өздерінің психофизиологиялық қасиеттері бойынша сапасы мүлдем өзгеше жас тобына жатады [11,33].

Бұл арада әр айдың маңызы ерекше, ол алты жасқа үш, төрт (одан көбін айтпағанның өзінде) ай жетпесе әңгіме тіпті өзгеше. Олар алты жастағы емес, алты жастағы балалардан мінез-құлқы жағынан едәуір айырмашылықтары бар бес жастағы балалар. Мұндай балаларды мектепке жетелеп келгенде, әрине, ата-аналар олардың мектеп жағдайларына, сабақта отыруға, мұқият болуға, мұғалімнің айтқандарын түсінуге, оның тапсырмаларын түсініп, орындауға дағдылану қиын болатыны естеріне де алмайды. Өзіміздің эксперименттік оқытуымыздың тәжірибесіне сүйеніп, мен былай дей аламын: тіпті бес жасар екі-үш баласы бар кластың өзінде жұмыс істеу мұғалімдерге тым қиын соғады, өйткені олар ерекше қамқорлықты, ерекше әдісті ғана емес, сонымен бірге оқытудың мектептік методикасынан өзгеше, өте жақсы әдісті талап етеді. Бес жастағы баланың бой аласалығынан да, оның икемсіздігінен де, әсершілдігінен де ұстаз көп қиындықтар көреді. Мектеп өмірі мұндай «оқушыны» өте қиын жағдайға душар етеді: баланың мүддесі мен қажеттілігі мектеп ұстаған бағытқа мүлдем сәйкес келмейді. Оның іші пысып, өзгелерге ілесе алмайды, сайып келгенде оқуға деген ынтасы жоғалады.

Әрине, бес жасар баланың сабағын үлгеріп, мектеп жағдайларына дағдыланатын белсенділігі мен жарқындылығын сақтайтын кездер де болады. Әйтседе ерекшеліктер ереже құрамайды. Бес жасар бүлдіршінді мектепке бергісі келгенде ата-аналар кейде баланың «өте оқығысы келетініне», көп тақпақ білетінінен, онға дейін санай алатынына, ойлы сұрақтар қоятынына, кейбір әріптермен таныс екендігіне ден қояды. Осы орайда мынаны анық айту керек: тақпақтар білу, тіпті жүзге дейін болсын санай алу, әріптермен таныс болу баланың мектепке даярлығын білдірмейді. Дәл алты жасқа қарай толысып, баланың мектепке тез дағдылануын және оның одан әрі ойдағыдай

дамуын қамтамасыз ететін тұтастай алғышарттар комплексі (дене бітімі, психологиялық, дәрігерлік-физиологиялық) қажет.

2.3 Алты жасар балалардың 7 жасар балалардан негізгі айырмашылықтары.

Егер педагогикалық процесс өзінің барлық компоненттерімен алты жасар балалардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне толық сәйкес келуге мүмкіндігі болмаса, онда балалар оқуға деген ынтасын ілезде жоғалтады. Тіпті егер олардың бәрі ерте ме, кеш пе, оқып, жазып, алғашқы ондықтың ішінде санап үйренгенімен, оқыту процессінің өзі оларды қуанышқа бөлемейді, білім қажеттілік, өзіндік мәні бар іс болмайды.

Алты жастағылардың қандай ерекшеліктері мен қасиеттері жөнінде әңгіме болып отыр? Олардың мектеп жағдайларына сай балалармен оқу-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруда ерекше маңызы бар кейбіреулеріне ғана тоқталайын.

Әлеуметтік-адамгершілік және танымдық тәжірибенің тапшылығы. Әлеуметтік-адамгершілік тәжірибе баланың бойында міндет, жауапкершілік сезімін тәрбиелеу үшін, олардың қажеттілік деген ұғымды сезінуі үшін негіз болып табылады. Бұл тәжірибеге арқа сүйеу оқушының коллективте өз тәртібін реттеуіне, өзгелердің мүдделеріне қайшы келгенде өзінің абырой ынтасын тежей тұруына үлкендердің талабын, тапсырмаларын, тыйым салғандары мен рұқсат еткендерін қабылдауына, қоғамдық тәртіпке бағынуына, өзінің кінәсін мойындауына, коллективтік пікірді таратушы әрі жүзеге асырушы болуын, жолдастарының табыстарына қуануына, бірге сүйеніп, бірге күйінуіне мүмкіндік береді.

Әрине алты жасар балаға қарағанда, жеті жасар баланың әлеуметтік – адамгершілік және танымдық тәжірибесі, былайша айтқанда, бір жылға өмірге бай, әрі жан-жақты болып келеді. Алты жасарларға жетіспей жататын осы тәжірибе оларды да, жеті жасарларды да оқытуға мүмкіндік бермейді. Алты жастағылардың мұғаліміне оқуды табысты жүргізу үшін бірінші жартыжылдықта тұтас дерлік балаларды қажетті тәртіп-дағдыларға: ықыластыққа, ұстамдылыққа, оқу тапсырмаларын түсінуге, жауапкершілікке, коллективтік өмір тәртібіне бағынуға шыдамдылықпен әрі дәйектілікпен үйретуге мәжбүр болады. Кейбір алты жасар балалар мектеп өміріне қиындықпен үйренеді, тіпті алғашқы күндері мектепте анасыз немесе әкесіз қалғылары келмейді, сөйтіп біз мұндай балардың ата-анасына сабақта отыруға немесе коридорда күте тұруына амалсыз рұқсат етуімізге тура келеді. Алты жастағы оқушылармен оқу сабақтарын ұйымдастыру да ерекше методиканы талап етіп, алдымызда жеті жасар оқушылармен жұмыс кезінде туған педагогикалық ситуациялардан өзгеше шешілетін педагогикалық ситуациялар туады, тіпті осы ситуациялардың өздері де басқаша болып келеді.

АКТУАЛЬДЫ ҚАЖЕТТІЛІКТЕР МЕН АЛБЫРТ БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ БАСЫМДЫҒЫ. Алты жасар балада әлсін-әлі алмастырып отыратын сан алуан талаптар толассыз туындап жатады. Олардың ерекшелігі сонда, оларды бала кезек

күттірмейтін, яғни актуальды, қажет деп түсінеді. Алайда іс мұнымен шектелмейді: шұғыл қажеттіліктің күштілігі соншалық, қанағаттану үшін баланы жедел кірісуге, яғни оның соңы неге әкеп соғарын алдын-ала ойлауға мұрша берместен әрекет етуге еріксіз мәжбүр етеді. Егер осы талаптар мен оны қанағаттандырудың әдістері, формалары тәрбиелеу мақсаттары мен туып отырған ситуацияларға сәйкес келсе, онда үлкендер, әдетте, баланың оны қанағаттандыруына кедергі жасамайды. Керісінше жапғдайда үлкендер баланың іс-әрекетін тоқтатуға, тыйым салуға, көндіруге, бас тартқызуға мәжбүр болады. Баланың әлеуметтік адамгершілік тәжірибесі неғұрлым жұтаң болса салынған тыйымға ол соншалық күйінеді, оны үлкендердің көндіруі де соғұрлым күрделілене түседі, актуальды қажеттіліктен бас тарту немесе оны қанағаттандыруды «кейінге» қалдыру баланың өзіне соғұрлым қиын соғады.

Бала көбінесе мұны жасауға болмайтынын өте жақсы біледі, бірақ күші ырық бермей кетеді. Сабақ ортасында (біз оны байқаймыз) бала партаның астынан үйден алып келген алмасын (бутербродын, кәмпитін) алып, оны жей бастайды, рұқсатсыз орнынан тұрып, кластан шығып кетеді, ұнаған ойыншықты жолдасынан тартып алады.

Актуальды қажеттілік албырт белсенділікпен шырмалып жатады, яғни алғашқы әсерден кейін іле іске көшеді. Ұстаз сұрағын қойып үлгергенше, бала жауап беруге ұмтылады, тапсырмаәлі түсіндірілмесе де оны ол орындай береді, ойнап жүргенде біреу оған аңдаусыз тиіп кетсе болды, оған бірден бас салады немесе шағым айтуға жүгіреді.

Албырт белсенділік баланың ойын оятып, тілін әсерлендіре түседі. Сөйлем құрауға немесе сөздегі дыбысқа талдау жасауға тапсырма беру ниетімен мұғалім балаларға, айталық иттің суретін көрсете салса жетеді, дереу өздерінің иттері, көршілерінің немесе өздері көшеден көрген иттер жөнінде айта бастайды. Бала пайда болған ойды тоқтата алмайды, ойына түскеннің бәрін айтуға аласұғырып, пікір алысуға тырысады.

Албырт белсенділік бақылауға көнбейді, сәл бұрын ойлануға да, салмақтауға да, ұйғарымға да келуге де болмайды, осыны тындырсам ба екен, осылай етсем бе, осыны қазір айтсам ба деуге мұрша жоқ. Сезім серпінін ширата түсетін шаршау балалардың албырттығын арттырады, ал әлеуметтік-адамгершілік жағынан жұтаң тәжірибе балалардың ұстамы да ізетті, парасатты да батыл болуына мүмкіндік бермейді. Актуальды қажеттілік пен албырт белсенділік жеті жасар балаларға тән, алайда үлкен әлеуметтік-адамгершілік тәжірибе олардың өз тәртібін өздері жақсырақ реттеуіне көмектеседі.

Ойын қызметіне талпыныс. Алты жасар бала (әрине алты жастағылар ғана емес) ойын қызметіне талпынады, ойын олар үшін өмірдің мәні болып табылады. Ойын дегеніміз не және оған балалар неліктен ынтығады? Кейбір психологиялық теориялар ойынның мәнін баланың артық әл-қуатын шығындап, жоғалтқысы келген талабымен түсіндіреді. Алайда мұндай көзқарас: бала бойындағы осы бір артық әл-қуат қайдан келеді деген сұраққа сәулесін түсіре алмайды. Ол оны бір ойында шығындай алмай, ойындардың жаңа түрлеріне қызыға, беріле кірісетіні несі? Оған осындай ойын түрлері неменеге керек? Бір ойында, айталық «мысық пен тышқан» ойынында,

баланың шығындаған әл-қуатының көзі мен бағыты оның, мәселен, стол үстіндегі хоккейге жұмсаған әл-қуат көзі мен бағытынан мүлдем басқашалау болмас па екен? Сірә ойынның психологиялық жаратылысын түсіндіруді осы сұраққа қайтарылған жауаптан бастау керек, өйтпейінше баланың бір ойыннан екінші ойынға неліктен қасарыса ұдайы көше беретіні, бір ойыншықты тастай салып, екінші ойыншыққа неліктен ұмтылатыны, үлкендер ойынды тоқтатып немесе күштеп тыйым салған кезде неге қарсыласатыны шынында да түсініксіз болып қалады. Бұл арада бізге белгілі совет психологы Д.Н.Узнадзе негізін салған функционалдық тенденция концепция көмектеседі. Бұл концепцияның мәні неде? Соның мәнін еркін түрде түсіндірейін.

Белгілі бір генетикалық жағынан қанға сіңген қызметтер, мүмкіндіктер балаға іштен туа бітеді. Солардың кейбіреулері бала туысымен-ақ бірден немесе алғашқы күндері қозғала бастайды (емшек емеді, қолдарын немесе аяқтарын қимылдатады, іңгәләп дыбыстар шығарады), ал өзге қылықтар баланың тіршілік қызметіне әр түрлі кезеңде жалғасады (жүру, жүгіру, сөйлеу, ойлау және т.с.с).

Баланың жекелеген қызметінің оның күнделікті қызметіне енуінің осы бір дәйектілігі, біріншіден, жаратылыстың алдын ала анықталуына, екіншіден, қызмет комплексінің кез келген топтарының дер кезінде көрінуін ынталандыруға, олардың дамуы мен қалыптасуына ықпал тиіс қоршаған ортаға байланысты. Мәселен, қозғалысқа келетін күштің генетикалық айқындалған уақыты жетпейінше бала туа сала жүріп кете алмайды, алайда оның жетіліп, екі аяғын тік басып, тәй-тәй жүруі үшін – баланы қимылға тартатын, оның құламай, тік тұруына, аяқтарын тең басып жүруіне көмектесетін және үйрететін адамның қамқорлығы, қолайлы орта қажет.

Әрекетшіл күштерді арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс арқылы дамыту жөніндегі мәселеге біз әліқайтып ораламыз, біз осы тұста олардың ойынға тәуелділігін, байланысын атап өтпекпіз. Ішкі күштер әрекеттер қозғалыс импульстерін, даму тенденциясын жасырып тұрады. Бір кезде басқадай әрекет, әрекеттер тобы белсенділік көрсете бастайды, нақ сол сәтте бала бәрінен бұрын ойынға құмартып, ынтыға түседі. «Ойнағысы келетіндігі» шын мәнінде әрекетшіл күштердің баланы «еркін» іс-қимылға итермелегенін білдіреді және оның қандай ойынды таңдап алатынына қарай нақ сол мезетте оны қандай функционалдық күштің итермелеп отырғанын анықтауға болады. «енді ойнағым келмейді» дегені шын мәнінде әрекеттердің бұл тобы нақ сол сәтте өзінің «қуатын» тауысып, уақытша демалыс талап ететін, бірақ осы кезде әрекеттердің басқадай тобы қозғалысқа келуі мүмкін екенін және сол кезде бала бәрінен бұрын өзінің дамуына ықпалды ойынға кірісетінін білдіреді.

Сөйтіп, қызмет бағытының мәні баланың ішкі, туа біткен күшінде қозғалыс импульстерінің болатындығында, олардың өздерінің дамуға талпынатынында, қозғалыс пен даму олардың табиғи шарттары болатындығында еді. «Ойнағым келеді» және «Ойнағым келмейді» дегендер ішкі (интерфункционалдық) күштер жағдайын күйіне сезінуден басқа ештеңе емес. Ойын, демек, артық әл-қуатты сыртқа шығындауының тәсілі емес,

дамудың негізгі бас формасы, қызмет бағытының емін-еркін бұрқаған көрінісінің формасы болып табылады; және әрекеттер ретінде олардың комплекстері де өздерінің бағыты бойынша бір-бірінен айырмашылықтары бар, міне осылар баланы мазмұны жағынан әр түрлі ойындар ойнауына мәжбүр етеді. Жетілгісі келіп тұрған күштердің қарбалас қимылына сәйкес келмейтін, әрі оған ықпал етпейтін ойын мен ойыншық баланы тез жалықтырады. Сонымен бірге ойындар мен ойыншықтар арқылы баланың адамға тән іс-әрекеттің көптеген элементтері мен түрлерін ойдағыдай меңгере алатындығы айқын болады.

Егер серпінді қимыл мен интерфункционалды күштердің дамуы ойын қызметін тудыратын болса, онда күштердің тууына, дамуы мен қалыптасуына қарай ойынға деген құштарлық бәсеңсіп, қызметтің басқадай түрлеріне (көңіл көтеру, оқу еңбек ету) орын беріледі. Шынында да мұның өзі осылай. Көптеген функциялар 7-9 жасқа жеткенінше мейлінше жеделдете дамиды да, ойынға деген құштарлық осы кезеңде күшейе түседі, ал ойын дамуды басқаратын іс-әрекеттің түріне айналады. Осындай сәтте баланың өзіндік саналары, оның шындыққа, адамдарға қарым-қатынасы қалыптасады.

Алты жасар бала қызмет бағытының күшейген кезде құлшынып ойнағысы келіп тұрады. Баланың ойын қызметін тоқтатып, оны интерфункционалды күштердің қимылына қайшы келетін басқадай нәрсемен шұғылдануға еріксіз мәжбүр еткізу – бала талантының жеделдете дамып, жан-жақты ашылуына тосқауыл жасау деген сөз. Міне, сондықтан да, алты жасар баланы оқу ісіне еріксіз күштеу бір-ақ нәрсеге – оның мектепті, оқуды, кітапты, ұстаздың өзін жек көруіне әкеп соқтыруы мүмкін.

Осы айтқандарға байланысты; алты жасар балаларды мектепте қалай оқытып, тәрбиелеу керек, оқу-тәрбие процессінің сипаты мен бағыты қандай болуы тиіс? – деген сұрақтар да туындайды. Ең алдымен оған жауап берместен бұрын тұтасымен алғанда бастауыш білім беруге қолдануда зор маңызы бар басқа да психологиялық аспектілерді қарастырайық.

III ТАРАУ. ОН ЕКІ ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ

БІРІНШІ САТЫСЫНДА АЛТЫ ЖАСАР БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Алты жасар балалардың мектепте оқытуға дайындығы ғылыми проблема ретінде.

Алты жасар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап ғылыми мәселе ретінде түпкілікті зерттеліп келеді. Әсіресе, алты жасар балалардың мектепте оқытуға дайындығын ғылыми проблема ретінде зерттеуде, Ш.А.Амонашвили [11], В.С.Мухина[41], А.Л.Венгер[21], А.М.Пышкало[52], Д.Б.Эльконин[67], А.Я.Каруле[34], И.Д.Зверев[29], Ю.Ф.Змановский[31] сияқты атақты ғалым-педагогтар мен психологтар өздерінің еңбектерінде алты жасар балаларды мектепте оқытуға даярлық деңгейінің педагогикалық және психологиялық жақтарын ашып, құнды зерттеу жұмыстарымен педагогика ғылымының теориясын байытты.

Мектепке психологиялық тұрғыдан дайын болу дегеніміз не? Алты жастағы балалармен жұмыс істейтін барлық психологтар «алты жастағы бірінші сынып оқушысы өзінің психикалық жетілу деңгейі бойынша мектепке дейінгі жастағы баланың барлық психологиялық ерекшеліктеріне ие болып қалады» деген қорытындыны алға тартады. Демек, бала мектепке барғанымен, оның психологияқ даму деңгейі мектепке дейінгі жастағымен тең дәрежеде болады.

Адамның психологиялық ерекшеліктерін мейлінше тереңірек қарастыру үшін жас айырмашылығына, психикалық даму деңгейіне, қызмет ету саласына және тағы басқаларға қарамастан, психологияның негізгі екі топтаманы атап өту керек. Олар: танымдық саланың психологиясы (танымдық процестер: зейін, жад, ойлау, қиялдау, елестету және тағы басқа) және жеке тұлғаның психологиясы (темперамент, мінез-құлық, мотивация). Бұл жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін де екі топтамада қарастыруға болады. Алты жасар балалар танымдық салада мектепке дейінгі жастағы балаларға тән ойлау ерекшеліктерін сақтайды. Оларда ықтиярсыз жад басым болады. Сондықтан керек ақпаратты емес, өздеріне қызықты ақпаратты естерінде сақтайды; зейін де негізінен еріксіз. Бұл жастағы баланың белгілі бір іспен 10-15 минуттан артық уақыт өнімді айналыса алмайтыны да оның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып есептеледі. Осылай бола тұра, көп жағдайда еріксіздік барлық танымдық процестерге тән. Ал бұл білім беруде нақты мәселелердің туындауына түрткі болады.

Алты жастағы балалар үшін тек танымдық сала ғана білім алуда қосымша қиындықтар туғызбайды, сонымен қатар жеке тұлғалық ерекшеліктері де кері әсерін тигізеді. Оқудың тапсырмаларына бара-бар танымдық себептер (уәждер) тұрақсыз және жағдайға байланысты болады. Сондықтан бұл себептер оқу барысында балалардың көпшілігінде тек мұғалімдердің күш салуының арқасында пайда болады және қолдау

табады. Балалардың көпшілігінің бойынан табылатын өзін-өзі асыра бағалау мен бағалаудың жалпы алғанда тұрақсызды педагогикалық бағалаудың өлшемдерін дұрыс түсінуде, қабылдауда қиындықтар туғызады. Балалар мұғалімнің оқудағы жетістіктеріне қойған бағасын өздерінің жеке тұлға ретінде бағалануы екен деп теріс түсінеді. Мұғалімнің: «Сен дұрыс істемедің» дегенін балалар «Сен жамансың» деген тұрғыда қабылдайды. Өз күткенінен төмен баға алу, мұғалімнен ескерту есту балалар үшін жайсыздық тудырады. Сондықтан да кейбір оқушылардың белсенділігі төмендеп, енжарлық пайда болады. Кейбірі бастаған істерін аяқсыз қалдырса, енді біреулері өзінің қолынан келетін істе мұғалімнің көмегіне жүгінеді. Әлеуметтік тұрақсыздық, жаңа талаптарға бейімделудегі қиындықтар мен жаңа қарым-қатынастардың салдарынан алты жастағы балалар өздерімен тікелей эмоционалды байланысқа мәжбүр болады, яғни қажеттілік туындайды. Мектептегі білім берудің нысандандырылған талаптарында бұл қажеттілік толыққанды қанағаттандырылмайды.

Алты жастағы балаларды оқыту қиын екені анық және мұндай білім беру бағдарламасы балалардың даму ерекшеліктерін жан-жақты ескере отырып жасалуы қажет. Мұғалімдер баланың жас ерекшеліктеріне байланысты ерекшеліктерін ескеру керек. Мысалы, алты жастағы бала белгілі бір жұмысты істегенде тез шаршайтын болса, сыныпта атқарылатын жұмыстардың әртүрлі болуын қадағалау керек. Осыған байланысты сабақтар ортақ бір тақырыпқа бірігетін бірнеше бөліктерден құралуы қажет. Алты жастағы балаларға дәстүрлі мектептегі білім беру жүйесіндегі әдеттегі тапсырмаларды жүктеуге болмайды. Яғни ұзақ уақыт бойы назарын белгілі бір нәрсеге аудары, бірсарынды нақты қимылдарды орындау және тағы басқалар сияқты жаттығулар бұл жастағы балалар үшін ауыр, әрі қызықсыз болмақ.

Оқушы барлығын көрнекі-бейнелі және көрнекі-қимылды тұрғыда (сөзді-қисынды ойлауға қарағанда ойлаудың осынау түрлері балаларда жақсырақ дамығандықтан) танып-білуге талпынады. Осыған орай балаларға көрнекілік құралдармен жұмыс істеуде практикалық қимылдарға мол орын бөлінуі керек. Баланың ойынға деген қажеттілігінің төмендемеген, яғни қызығушылығының әлі де жоғары кезінде оқу бағдарламасын ойын түрінде қабылдау әдеттегі ситуациялық білім беруден әлдеқайда тиімдірек. Сондықтан да сабақ барысына үнемі ойын элементтерін қосып отырудың маңызы мол. Осы орыда арнайы дидактикалық және баланың ой-өрісін жетілдіретін ойындарға ерекше көңіл қойған жөн.

Баланың мектепке оқуға психологиялық даярлығының бастапқы буынына жеткілікті дамыған танымдық іс-әрекеттен бастау алатын оның оқи білуі жатады. Бұған оқу міндеттерінің мағынасын түсіну, тиісті іс-әрекеттерді орындау әдістерін сезінуі, өзін-өзі бақылау және бағалау дағдылары кіреді.

Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлығының **екінші буыны** – бұл оның өзін ерікті түрде басқара білуі. 6 жасар балада, әдетте, бәрі

бар: жақсы жад, ашық түйсік, оңай аударылатын зейін; бірақ ол барлық уақытта бірдей солардың бәрін ерікті түрде басқаруға қабілетті емес, яғни оның бойында өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін саналы түрде реттеп отыруға қажетті ерік-жігер қасиеттері толық қалыптаспаған. Оған біраз уақытқа дейін орнықты, ерікті зейін сақтауға, көлемі едәуір материалды оқуға, партада дұрыс отыруға, мұғалім қойған міндеттерді дәйектілікпен шешуге әлі ерте. Тәжірибелі мұғалімдердің айтуынша, оқытудың бастапқы кезеңіндегі үлкен қиындықтар кейбір балалардың өзінің мінез-құлқын оқу тапсырмаларына саналы түрде бағындыра алмауынан, сабақта өздерін дұрыс ұстай білмеуінен туындайды. Егер 6 жасар бала мектепке сауатын ашпай, санауды білмей келсе, одан қорқатын ештеңе жоқ. Егер ол сабақ үстінде өзін-өзі ұстай алмаса, өзін оқуға жұмылдыра алмаса, педагогтың нұсқауларын «естімесе», басқалардың жұмыс істеуіне кедергі келтірсе, пәле сонда.

Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлығының **үшінші буыны** – бұл иерархиялық жүйеде оқу мотивтері біртіндеп негізгі мәнге ие болатын, мотивтердің матаса дамуының едәуір жоғары деңгейі. Мектеп жасына дейінгі кезеңде мотивтердің матасуы күйзелісті теріс қатынастарды саналы түрде жоюмен, эмоциялық тартымды мақсат үшін жүзеге асырылатын ерік-жігердің күшімен байланысты болады. Шиеленісті жағдайларда 3-5 жасар балалар көбіне-көп тартымды және оңай қол жеткізілетін мақсаттарға үйір келеді. 6 жасар бала бұл тұрғыдан алғанда дамудың неғұрлым жоғары сатысында тұр. Оған қоғамдық мазмұнның мотивтері (маңайындағылардың алдында оның қайсібір қылықтары қандай мәнге ие) және тікелей іс-әрекеттің (оның ішінде оқу іс-әрекетінің) мазмұнына қызығушылықпен байланысты, яғни кейін баланың білімді меңгеруге, оның іс-әрекеттің (сурет салу, құрастыру, аппликация) әр түрлі өнімді түрлерін жүзеге асыруға және барлық еңбек тапсырмаларын іске асыруға деген ұмтылыс мотивтері барған сайын маңызды бола бастайды. Дегенмен, бұл жаста да оқуға шақыратын мотивтерді туғызудың сенімді тәсілі ойын әрекеті болып қала береді. Ойын қойылған мақсатқа қарай баланың өз мінез-құлқын басқару мүмкіндігін едәуір жеңілдетеді. Ойын ережелерін сақтай отырып, бала неғұрлым зейін қойғыш, ерік-жігерлі, мүдделі де тапқыр бола түседі. Көптеген ғалымдар мен педагогтардың 6 жасар оқушылармен жұмыста сабақты ойын әрекетіне негізделген принциптер мен тәсілдерге құру жөнінде кеңес беруі тегін емес.

Психикалық даму физикалық өсумен және организмнің жетілуімен тығыз байланысты. Даму адам болмысының барлық жақтарын қамтитын біртұтас үрдіс. Бірақ мұнда да белгілі бір келіспеушіліктер болуы мүмкін. Баланың психологиялық жасы оның құжаттағы жасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Мұғалімдерге жақсы таныс жайтты еске түсірсек жеткілікті, ол мектепте екінші сыныпта мектепке дейінгі іс-әрекет пен мінез-құлықты балалардың кездесуі. Дәл сондай жайт мектеп алдыңғы топтағы балалардың арасында мектепке психологиялық толық дайын балалар бар.

Адам психикасының даму деңгейін айқын көрсететін белгілерді қайдан іздеуге болады? Олар арқылы біз баланың психологиялық жасын анықтай алар едік, және де оның психологиялық жасының аясында кім екенін – кішкентай оқушы ма немесе мектепке дейінгі жастағы бала ма екенін анықтай алар едік.

Бірінші жағдайда ол психологиялық тұрғыдан мектепке дайын. Егерде бала өзінің психологиялық дамуы бойынша мектепке дейінгі балалық кезеңге жатса, онда, кешіріңіз, оның мектепке баруының қажеті жоқ; ол әлі балабақшаға баруы қажет.

Мүмкін баланың мектепке дайындығын шешу мәселесінде баланың физикалық даму көрсеткіштері көмек берер? Себебі бала қажетті күш – жігерсіз мектепте оқуға байланысты қиындықтарды көтере алмайды. Өкінішке орай, бұл маңызды көрсеткіш баланың мектепке дайындығын көрсете алмайды. Бірде бір мұғалім өзінің үздіктеріне ренішін білдірді: «Менің орыс тілі мен математикадан жақсы оқитын балаларым денешынықтыруда үштік алады, ал орта оқушылар әрдайым денешынықтыру сабағында керемет табыстарға қол жеткізеді. Әрине, үздіктердің барлығы кітаптан бас алмайды, олардың серуендеуге, жүгіруге уақыты жоқ, ал орта оқушыларды мен әрқашан далада, әрқашан қозғалыста көремін, міне сондықтан олардың сабақ оқуға уақыты қалмайды».[42]

Әрине, бұл барлығына белгілі бір-бірімен байланысты жайт жалпы алғанда көзге солай көрінеді. Дегенменде барлық пәннен, оның ішінде денешынықтырудан да, тамаша жетістіктері бар балалар аз емес. Психологияда психиканың барлық қызметтері мен жеке бір жақтарын – зейінді, есте сақтау қабілетін, ойлау, сөйлеу, қиялдау қабілеттерін анықтауға мүмкіндік беретін көптеген әдістер дайындалған. Баланың психологиялық жасын анықтауда осы әдістер топтамасының ішінен біреуі қажет болмауы мүмкін емеспе? Бірақ мәселе мынада, жүйкенің психологиялық жас психиканың жеке қызметтерінің алға жылжуын емес, жалпы психикалық дамуды, жеке тұлғаның жалпы дамуын көрсетеді.

Кеңес одағының психологы А.С.Выготский көрсеткендей, жалпы психологиялық даму қызметаралық қарым-қатынастардағы өзгерістермен байланысты. Есте сақтау қабілетінің жоғарылығы, тез ойлау қабілеттілігі, жарқын қиял – баланың жеке ерекшеліктерінің нәтижесі болуы мүмкін. Бірақ бұлар өздігінен баланың психологиялық дамуының қай кезеңде тұрғанын айта алмайды [22,45]

Психологиялық кеңестерге көбінесе өз жасына ерекше қабілеттері бар балаларды алып келеді. Бұл музыкалық дарындылығы бар балалар немесе математикалық сабақтарға я көркемсурет қызметтеріне қабілеттері бейім балалар. Әлбетте, ата – аналар мұндай балалармен не істеу керектігіне алаңдайды, олардың ерте жастағы дарындылығына қалай қарауды білмейді. Олар мектепке барар алдында қашан, қандай мектепке берген дұрыс деп кеңес сұрайды.

Баланың қандайда бір қабілетінің ерте дамуы оның мектепке дайын, дайын еместігі туралы ештеңе айтпайды. Тіпті оның шүмәнсіз математикалық қабілеттері оның мектептегі математика сабақтарындағы жетістіктеріне кепіл бола алмайды. Жақсы білім алу үшін тағы да басқа да көп нәрсе керек, ал ол мектепке дейінгі балада әзірше жоқ.

Сонымен қатар тағы бір маңызды жайт. Алты жастағы балаларда ерікті мінез-құлыққа байланысты айтарлықтай қиындықтар бар: мектепке дейінгі жаста балаларда еріктілік енді ғана қалыптаса бастайды. Әрине, бала өзінің мінез-құлқын белгілі бір уақытта басқаруға, алдына қойған мақсатына саналы түрде қадам жасауға қабілетті, бірақ ол аяқастынан жаңа, қызығырақ, ерекше, күтпеген бір нәрсеге көңіл аударып, бастапқы мақсаты жайын есінен шығарып та алады. Осыған қоса, алты жастағы балаларда әлеуметтік нормалар мен ережелерге сүйенетін өз іс-әрекетін реттеу механизмі қажетті деңгейде қалыптаспаған. Олардың белсенділігі, шығармашылық бастамалары қатал талаптар мен қатаң түрде реттелген қарым-қатынас жағдайында бой көрсетпейді, яғни белгілі шектеулер мен шекара аумағында баланың белсенділік танытуы екіталай. Алты жастағы балалармен авторитарлық стильде қарым-қатынас құрудың тиімсіз екені былай тұрсын, мұндай байланыстың жемісті, өнімді болуы мүлде мүмкін емес. Жас ерекшеліктері қажетті деңгейде ескерілмейтін мектептік білім берудің нысандандырылған жүйесіне тап болған жағдайда баланы қандай өзгерістер күтіп тұр? Мектептерде өткізілген кешенді зерттеу жұмыстары көрсеткендей, оқушыларға қолайсыз жағдайларда олардың денсаулығы жиі сыр береді: салмақтың азаюы, қан құрамындағы гемоглобинның төмендеуі, көздің қырағылығының нашарлауы, бас ауруларының пайда болуы және тағы басқалар. Жалпы денсаулығының нашарлауынан балалар түрлі ауруларға жиі

шалдығатын болады, олардың, онсыз да төмен, жұмысқа қабілеттері одан ары азая түспек. Мұның бәрі өз кезегінде баланың оқу үлгеріміне кері әсерін тигізеді. Жекелеген жайттарда невроздың (жүйкенің жұқаруы) пайда болуы, мектепке, жаңа ортаға бейімделудің қиындауы мүмкін. Балалардың жас ерекшеліктеріне орай бар талаптар сақталған жағдайда оқушылар жаңа өмірге, жаңа ортаға 1,5-2 айдың көлемінде үйреніп кетеді. Ал кері жағдайда балалардың бейімделе алмауы былай тұрсын, әрдайым психикалық тұрғыдан да, соматикалық тұрғыдан да қыл үстінде тұрғандай беймаза күй кешеді.

Жоғарыда атап өткен жалпы мәселелерден бөлек алты жастағы балаларды оқытуда олардың жеке өздеріне ғана тән ерекшеліктеріне қатысты қиындықтар да бар. Бұл жастағы барлық баланың психикалық дамуын тек бір деңгейде қарастыруға болмайды. Осыған байланысты оқуға, жаңа ортаға бейімделуге әр баланың психикалық даярлығын жеке-дара қарастыру керек. Мұнда әрқайсысының жалпы жағдайын танып-білу үшін оны құраушы жеке элементтерге назар салып, оларды жан-жақты ескеру қажет.

Бастапқыда «педагогикалық даярлық» және «психологиялық даярлық» деген екі ұғым бар екенін түсінуіміз керек. Педагогикалық даярлық ұғымы деп – білім, қабілет, икем, соның ішінде оқу мен жазуға икемнің болуын айтамыз. Оқуға даярлықтың бұл түрін, әрине, педагог анықтайды.

Мектепке психологиялық даярлық – мотивациялық дамудың, еріктілік және интеллектуалдық өрісінің айтарлықтай жоғары деңгейін меңзейтін күрделі құрылым. Әдетте, психологиялық даярлықтың екі аспектісін бөліп көрсетеді. Олар: жеке бас (мотивациялық) және мектепке интеллектуалдық даярлық. Бұл аталған екі аспекті де баланың оқу-білімде үлгерімінің жоғары болуында да, жаңа талаптарға жылдам бейімделуі мен бейтаныс ортаның жүйесіне еш қиындықсыз сіңісіп кетуінде де мол маңызға ие.

Мектепте білім алуға жеке бас даярлығы:

- Оқушының ішкі ұстанымы. Баланың өз талпынысы мен ниеті болмаса, оған әлденені үйретудің қаншалықты қиын екенін тек педагогтер ғана емес, қарапайым адам да жақсы біледі. Оқушының оқуда үлгерімі жақсы болуы үшін ең алдымен оның жаңа өмірге, яғни мектеп өміріне, қатаң талаптарға, мойнына жауапкершілік ала білуге үйренуі маңызды. Балалар өздерінің мектеп оқушысы екенін сезініп, жаіа әлеуметтік ортаға нық қадам басулары керек.

- Мұғаліммен қарым-қатынас. Бастауыш сынып жасы – абсолютті талассыз, ең беделді, еш күмәнсіз керемет жан әрі үлгі тұтар бейне – мұғалім деп түсінетін жас. Бұл жаста балалар мұғалімнің айтқанын екі етпейді, оның талаптары орындалады, оның ескертулеріне ренжуге болмайды, керісінше, қателіктерді жөндеуге, дұрыс орындалмаған жұмысты қайта жасауға тырысу керек. Мұғаліммен мұндай қарым-қатынас орнату және оның іс-әрекеттерін ең жоғарғы көрсеткіштерге теңеу балалардың мұғалімді, оның кәсіби орнын өз деңгейінде тануға мол мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде сабақ барысында мұғалім мен оқушының арадағы қарым-қатынасының оңтайлануына жағдай

туғызады. Яғни екеуара эмоционалды байланысқа жол жоқ, сабақ тақырыбынан ауытқуға, басқаны сөз етуге, оқушының немесе мұғалімнің сабақтан тыс жеке бастарының қандай да бір мәселелерін қозғауға болмайды. Ал тек мұғалімнің сұрағына жауап беріп, айтқанын екі етпеу ғана рұқсат етілген. Демек, мұғалім мен оқушының тиісті ара қатынасы анықталған жағдайда олардың бірлесе жұмыс істеуі де, яғни сабақ барысының ойдағыдай өтуі де оңтайлана түспек. Мектепте білім алуға дайын балалар оқудағы қарым-қатынасты жақсы түсіне отырып, өзін сабақта оқушыға тән сипатта ұстап, мектептің ережелері мен қағидаларына саналы түрде бағынады. Мұндай ерекшелік баланың мектепте білім алудағы психологиялық дамуының өте маңызды және негізгі кезеңі саналады.

- Басқа балалармен қарым-қатынас. Оқу процесі – ұжымдық процесс, яғни мұнда жеке дара емес, белгілі бір топта жұмыс істелінеді. Сондықтан да балалар бір-бірімен ортақ тіл табысуды, берік байланыста болуды, бірлесе жұмыс істеуді үйренулері керек. Қандай да бір тапсырмаларды, жүктелген міндеттерді атқару үшін бала өзгелермен ортақ қарым-қатынас орнатуды меңгеруі қажет.

- Өзіне деген қарым-қатынас. Оқуда үздік болып, қандай да бір жетістікке жетуі үшін оқушы нақты бір деңгей-дәрежеде өзін дамытуы қажет: өз мүмкіндіктеріне, жұмысының жемісіне, әр ісінің қорытындысына, тәрбиесі мен мінез-құлқына, т.б. мән беріп, қадағалап отыруы абзал. Оқушының жеке өзін бағалауда тым артық кетпеуі керек, сонымен қатар өз мүмкіндіктерін бағаламай қоюға да болмайды. Яғни бала өзін бағалауда алтын ортадан шығып кетпегені жөн.

Мектепте білім алуға интеллектуалдық даярлық ойлау үдерісін жетілдірумен байланысты: ой қорыту, белгілі бір заттарды өзара салыстыра алу, оларды түр-түсіне, піші мен көлеміне, түсіне, тағы басқа да қасиеттері мен ерекшеліктеріне қарай жіктеп-топтастыра білу, қорытынды шығарып, оның себеп-салдарын түсіндіре алу. Баланың айналасын қоршаан орта мен заттар туралы белгілі бір дәрежеде түсінігі және соған сай танымдық белсенділігі мен сауаты болуы керек. Сонымен қатар белгілі бір деңгейде жады мен зейінінің де дамуы маңызды.

Баланың мектепке психологиялық даярлығы арқасында оқу жылын жемісті бастауы оның алдағы уақытта, яғни болашақта өзін жан-жақты дамытуының іргетасы, алғашқы қадамы болмақ. Десе де бастапқы кездегі жетістікке қарап, оны психологиялық тұрғыдан жүз пайыз дайын деп айтуға тағы келмейді. Өйткені көп жағдайда психологиялық жағынан дайын дегеннің өзінде, мектеп табалдырығын аттағанда балалардың бойынан психологиялық даярлықтың қандай да бір элементтерінің толыққанды қалыптаспағанын байқауға болады. Көптеген педагогтер балаларды оқыту барысында олардың бойындағы жеке мінез-құлықтан гөрі, қандай да бір интеллектуалдық қасиеттерді ашу әлдеқайда оңайырақ дегенді жиі айтады. Балалармен жұмыс істеп жүрген мамандар, әрине, баланың ерекшелігін жақсы біледі ғой. Қандай жағдай болмасын, баланың мектепке жеке бас даярлығының болмауынан мұғалімнің жұмысы әлдеқайда қиындап жататыны анық. Тәжірибе

көрсеткендей, мектепке алты жасынан барған балалардың жартысынан азы (шамамен 40%) оқушының ішкі ұстанымына ие, ал қалғандарында мұндай көрсеткіш атымен жоқ деуге болады. мектепке интеллектуалдық даярлықтың болмауынан оқушылар оқуда еш жетістікке жете алмайды. Яғни олар мұғалімнің тапсырмаларын түсінбейді, орындай алмайды. Сәйкесінше, мұның соңы төмен бағамен аяқталатыны да түсінікті. Өз кезегінде мұндай нәтижелер баланың ниеті мен жігерін жойып, оның ешнәрсеге құлқы болмайды, яғни ештеңе істегісі келмейді. Мектепке психологиялық даярлық – біртұтас құрылым. Сондықтан да қандай да бір жерден мүлт кету немесе психологиялық даярлықтың әлдеқандай құраушы бөлігінің болмауынан басқасы да ерте ме, кеш пе зардап шегеді.

Мектепке интеллектуалдық және жеке бастың психологиялық даярлығын психолог маман зерттеп, осы іспен айналысады. Ал педагогикалық даярлықты анықтайтын – педагог. Әлбетте, педагог баламен әңгімелесу арқылы және оның іс-әрекетін бақылау арқылы оның психологиялық даярлығы туралы белгілі бір деңгейде ой қалыптастыра алады. Десе де бұл ақпараттар тек бейресми ақпарат болып қалмақ.

Жалпы алғанда төмендегідей қорытынды шығаруға болады:

- Алты жастағы балалар даму деңгейімен қарағанда – мектеп жасына дейінгі балалар. Тиісінше, олардың психологиялық ерекшеліктері де сол жас көрсеткішінде.

- Педагогтің осыны ескере отырып, балалардың мектепке дейінгі жасқа тән даму ерекшеліктерін назарда ұстауы керек. Алты жастағы балалар мектептік білім берудің нысандандырылған жүйесінде, қатаң тәртіпте толыққанды өздерін жетілдіре, дамыта алмайды. Сондықтан да алты жастағы оқушымен жұмыс істегенде оның жас ерекшелігіне қарай жұмыс тәртібін де өзгерту керек. Алты жастағы баланы мектепке беру туралы шешім жеке, оның мектепке психологиялық даярлығына қарай жасалуы керек.

- Мектепке психологиялық даярлық – мотивациялық дамудың, еріктілік және интеллектуалдық өрісінің айтарлықтай жоғары деңгейін меңзейтін күрделі құрылым. Сондықтан да қандай да психологиялық даярлықтың әлдеқандай құраушы бір бөлігінің болмауынан басқасы да ерте ме, кеш пе зардап шегеді. Осы орыда мектепке дейінгі жастан бастауыш сыныпқа көшудің өзіндік нұсқаларын анықтаған жөн.

3.2 Алты жасар балалардың психологиялық ерекшеліктері.

Алты жасар балалардың психикалық дамуы көптеген кеңестік дәуір психологтары В.С.Мухина[41], А.Л.Венгер[21], А.М.Пышкало[52], Д.Б.Эльконин[67] сияқты ғалымдарының зерттеу объектісіне айналып келді.

Атақты ғалым психолог В.С.Мухина бұл жастағы балалардың үлкен адамдарға ұқсауға ұмтылғыштығы, тез есеюге деген құлшынысы, өзінің

кайсыбір іс-әрекетіне үлкендердің жағымды эмоциялық-бағалық қатынасын талап етуі,- тәрбиешілерге үлкен жауапкершілік жүктеп, олардың импульсивті белсенділігінен туындап отыратын жағымды әрекеттерін, жетістігін, осы жолдағы кішкентай болса да «алға жылжуын» үнемі қолдап, өзіне деген сенімін қалыптастыруда оны мадақтап, көтермелеп отырудың қажеттігін айтады.

Баланың даму үрдісінің өзіндік логикасы мен заңдылықтары бар және де балаларды оқыту және тәрбиелеу барысында олармен санаспау мүмкін емес. Жас ерекшеліктеріне қарай даму кезеңінің біріндегі бала басқа кезеңдегі кезінен өзіне тіпті ұқсамайды. Бұл айырмашылықтар оның болмысының барлық жағынан байқалады. Дене мен келбетінің пропорциялары, қимыл динамикасы, олардың координациясы, жылдамдығы, күші өзгереді. Көптеген өзгерістер айқын болмағанымен, бірақ дәл сол өзгерістер маңызды. Ішкі секреция бездері пісіп жетіледі, ішкі органдардың құрылымында және жұмысында өзгерістер пайда болады, нерв жүйесі дамиды, нервтің жүргізу жолдары толысады, бастың ми қабыршықтарындағы күрделі байланыс жүйелері қалыптасады, сезім, тіл, іс-қимыл мүшелерінің жүйке аппараттары дамып жетіледі.

Бастауыш мектеп жасы – баланың жеке тұлғасы мен оның ағзасының одан әрі дамуын айқындайтын өте маңызды кезеңдердің бірі.

Бұл жастағы балалардың маңызды ерекшеліктері олардың айналадағы өміріне: адамдарға, оқиғаларға, фактілерге қызығушылық танытуы болып табылады.

Бірінші сынып оқушысы оқи біледі, көңіл-күйге ортақтасып, аяушылық сезімін білдіре алады, мінез-құлық пен әдеп ережелерін тұрмыста, ойын, сабақ үстінде сақтау керектігін түсінеді. Олар белгілі дәрежеде өздерінің мінез-құлқын басқара алады, не істеу, не істемеу керектігін біледі, үлкендердің қойылған талаптарын орындай алады. Олар әр түрлі іс-әрекетке ынталы түрде қатысады, өздеріне таныс, таныс емес жағдайларда да жол тауып отырады. Сонымен бірге оларға үлкеннің дәл де нақты нұсқауы, атқарылатын жұмыстың жүйесі мен ретін (іс-әрекет алгоритмі) білу қажет. Оларға өз ісінің нәтижесі мен сапасын бағалау, оны басқа үлгімен салыстыру, іс-әрекет барысында өз бетінше қателерін дұрыстап, түзетулер енгізу әзірше қиынға соғады.

6-7 жасар балалардың қоршаған ортадағы заттар туралы түсініктері бар, олар білуге құштар, жаңа ақпаратты да жақсы қабылдайды. Ойлау қызметінің даму деңгейі мектепте оқу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл

жаста оларға көркем-бейнелі және әсерлі-бейнелі ойлау тән, ойлаудың логикалық нышандарын қалыптастырудың алғышарттары жасалады.

Балалардың кеңістікте көріп қабылдауы едәуір жоғары дәрежеде болады.

6 жасар балалардың көру-моторлық үйлестіру мүшелерін дамыту олардың өз қимылдарын үйлестіре білуіне мүмкіндік береді: олар штрихтар мен өлшемдердің пропорцияларын, арақатынастарын сақтай отырып, қарапайым заттарды, цифрлар мен әріптерді сала алады. Сонымен бірге осы жастағы балаларға қолдарының ұсақ бұлшық еттерінің әлсіздігі тән. Мектепке баратын балалардың үштен бірінің моторлық функциялары мен көру-моторлық үйлестіру мүшелері дұрыс қалыптаспаған. Бұл да оқу мен жазуға үйреткенде, әсіресе, жазу қарқынын үдеткенде қиындықтар туғызуы мүмкін.

Есту-моторлық үйлестіру мүшелерін дамыту қарапайым ырғақты суретті айырып, қайт салуға, музыкаға қосылып, ырғақты қимылдарды орындауға және т.с.с. мүмкіндік береді.

Бұл жастағы балалар ерікті зейін қоюға қабілетті болады, алайда ол әлі онша орнықты емес, сондықтан да көбінесе оқытуды ұйымдастыру жағдайына және баланың жеке қабілеттеріне байланысты болады. Мысалы, ол іс-әрекеттің бір түрімен (оқу, жазу, әңгімелесу, т.б.) 10-12 минуттай ғана үздіксіз шұғылдана алады. Оқытуды ұйымдастыру кезінде мұны да ескерген жөн.

Психологтардың оқытуды ерте бастаудың мүмкіндіктері туралы белгілі тұжырымдары осы жастағы балалардың заттар мен құбылыстардың ұқсас және әр түрлі белгілерін айыра алатын қабілеттеріне сүйеніп жасалған. Логикалық пайымдаулар заттық-практикалық әрекеттердің нәтижесінде, объектілерді қайта құру процесінде туындайды. Бұл кезде баланың өзін-өзі белсенді көрсетуі және оның барлық рухани және дене күшінің дамуы жүреді. Баланың осындай барлық психикалық ерекшеліктері қолайлы факторлардың әсерімен, дұрыс та мақсатты педагогикалық ықпалдың көмегімен туындайды және дамиды. Баланың табиғи мүмкіндіктерін ескерудің арқасында ғана осы жасқа лайықты оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс анықтауға, оны шаршатпауға, жалықтырмауға, толыққанды және үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге болады. Бұл жерде баланың жаңа оқушылық рөлге қатынасын, оқуға деген ықыласын қалыптастырудың үлкен мәні бар.

Сөйтіп, мұнда интеллектуалдық кемелдік қана емес, оқу іс-әрекетіне деген рухани ерік-жігерлі дайындық, ұжымға араласу, үлкеннің талаптарын орындау, мінез-құлық нормаларын меңгеру факторлары да елеулі рөл атқарады. Осының бәрі тұлғаның әлеуметтік белсенділігін білдіреді.

Әлеуметтік даму көбінесе баланың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің дұрыстығын және ұзақтығын айқындайды. Қарым-қатынас дағдыларының дұрыс қалыптасуы бейімделуді қиындатуы мүмкін, егер мұғалім баланың осы ерекшеліктерін біле отырып, оған байсалды, қамқорлықпен қараса, бұл бейімделуге кедергі болмайды. Оқытудың бірінші кезеңінде (алғашқы жартыжылдықта) ұзартылған күн ұсынылмайды.

Іс-әрекетті ұйымдастыру деңгейі бала оқуының тиімділігін, оның шамасынан келетін тапсырманы орындау қабілетін, оның мұғалімді мұқият тыңдау, жаңа білімдерді меңгеру мүмкіндіктерін, т.с.с. анықтайды. Өзінің іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алмау 6-7 жасар балаларда жиі кездеседі және ол оқу процесін айтарлықтай қиындату мүмкін. Егер баланың өзінің іс-әрекетін ұйымдастырудың барлық компоненттері дұрыс қалыптаспаса, оның жүйке жүйесінің дұрыс дамуының, бұзылуының (ұйқының бұзылуы, қорқыныштар, сөйлеу қарқынының бұзылуы, т.б.) салдарынан болуы мүмкін. Сонымен бірге ауыр және жиі сырқаттанудың әсерін де жоққа шығаруға болмайды. Бұған отбасының жағдайсыздығы да (ішкілікке салыну, отбасындағы кикілжіңдер, т.с.с.) себеп болуы мүмкін. Мұндай балаларға қарқынды оқу бағдарламасын ұсынуға, бірінші сыныпта қосымша жүктемелер беруге болмайды.

Баланың жалпы дамуы – көп көңіл бөлінетін дайындық саласы. Қазіргі балалар (қолайсыз әлеуметтік жағдайларда өсетіндерінен басқа) көп көреді, көп естиді, ата-аналары оларға әңгіме, ертегілер оқып береді, оларды дамытумен белсенді түрде шұғылданады.

Жалпы дамудың жоғары деңгейі кейде мектеп таңдаудың бірден-бір өлшемі болып табылады. Және мұның кейбір жағдайларда, пәндерді тереңдетіп оқытатын «нағыз» мектепті таңдау кезінде проблемалар туғызуы мүмкін. Сондықтан, бала дамуының басқа да жақтарын объективті бағалаудың маңызы зор.

Зейінді және жадты дамыту – жақсы оқудың қажетті шарты. Зейіннің орнықсыздығы, тежеулілігі немесе үнемі алаңдауы, жад

көлемінің төмендігі немесе орнықсыздығы, ерікті еске сақтаудағы қиындықтар оқыту процесін нашарлатып жіберуі мүмкін. Алайда, көбінесе баланың оқудағы сәтсіздіктері зейіннің немесе жадтың нашарлығымен емес, оның жағдайымен (денсаулығының нашарлығы, эмоциялық күйзеліс, жабырқаушылық), кейде ата-аналарының шектен тыс қатаң талап қоюымен түсіндіріледі.

Зейіні орнықсыз, жадының көлемі төмен балаларды жазуға, оқуға үйрету кезінде кешенді қиындықтар туындауы мүмкін. Бұлар әдетте, бірінші сыныпта емес, екінші сыныпта байқалады. Мұндай балалардың үлгерімінде көптеген кемшіліктер бар, бұл жағдайда көмектің ең жақсысы оқу материалын үнемі қайталау болып табылады. Қарқынды оқу бағдарламалары мен қосымша оқу жүктемелері баланың жалпы дамуының өте жоғары деңгейінің өзінде оның мүмкіндіктерінен асып кетуі мүмкін, сондықтан оқуды жаңа бастаған оқушының танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктеріне сәйкес келетін педагогикалық қолдау, арнайы мектепте оқуға дайындау, дараландыру мәселесі өте маңызды.

Тілді дамыту. Тілді дамытудың белгілі бір деңгейіне қол жеткізбейінше, білім беруде жақсы жетістікке жету мүмкін емес. Дегенмен, тілдің дұрыс қалыптаспауы жиі кездеседі (бірінші сынып оқушыларының 60%-ында). Әдетте, бұл дыбысты бұзып айтудың салдарынан, дыбыстық-әріптік талдаудың қиындығынан, сөздік қордың тайыздығынан, сөйлесе білмеудің және сурет бойынша жүйелі әңгіме құра алмаудың салдарынан болады. Тілдің былайша қалыптаспаған жағдайында логопедтің кеңесі (мүмкін, арнаулы жаттығулар) қажет. Мектепке дейін және мектепте оқу кезінде логопедпен жеке жаттығулар жүргізу өте тиімді. Ол жазу мен оқуды меңгеру кезіндегі қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Тілі нашар дамыған балаларды жеделдетіп оқытатын және шетел тілдерін тереңдетіп оқытатын мектептерге берудің қажеті жоқ.

Қимылды дамыту және кеңістікте бағдар ұстау – бала дамуының маңызды көрсеткіші. Балаға үйрететін (немесе ол өзі үйренетін) қимылдың барлығы дерлік – ерікті қимылдар, ол ұйыымдастыру жөнінен ең күрделісі болып есептелінеді. 6-7 – жасқа келгенде бала қарапайым қозғалыс элементтерін (әсіресе, тұрмыстық, өзіне-өзі қызмет көрсететін) меңгеруге тиіс, алайда жаңа қимылдарды, әсіресе, жазу сияқты күрделі қимылдарды қалыптастыру арнайы оқытуды қажет етеді.

Моторлық әрекеттердің қалыптаспауы (ебегейсіздік) – жақсы жазу дағдылары қажет болатын пәндерді игеру кезіндегі бала проблемаларының басты себептерінің бірі. Сондықтан, мектепке дайындық барысын анықтау кезінде «ірі» қимылдарды (жүгіру, секіру, бұрылу, айналу, аунап түсу, т.с.с.) дамытуға ғана емес, баланың ұсақ заттармен жұмыс істеу қабілетіне, қаламды дұрыс ұстай білуіне және қарапайым графикалық қимылдарды (тік және көлбеу сызықтарды сызу, шеңбер, квадрат, үшбұрыш салу) орындауына назар аударған жөн. Ұсақ бұлшық еттері дамымаған балаларды жазуға арнайы үйрету қажет.

Көру-кеңістікте қабылдау және көру-моторлық үйлестірулер – мектепте оқыту үшін үлкен мәні бар функциялар. Бұл функциялар жеткілікті дәрежеде қалыптаспаса, баланы жақсы оқуға және дұрыс жазуға үйрету мүмкін емес. Бала дамуының бұл ерекшеліктері онша айқын көріне бермеуі де мүмкін.

Дамуында мұндай кемшіліктері бар балаларға жедел оқыту бағдарламасы, шетел тілін ерте бастан (бірінші сыныптан) оқу ұсынылмайды.

Жеке басты дамыту – әлеуметтік дағдыларды қалыптастырумен қатар, баланың мектепке ойдағыдай психологиялық бейімделуін айқындайды. Дегенмен, баланың жеке басын дамытудың жеткіліксіз қалыптасуы оқытудың психологиялық қолайлы жақтарымен, педагогтың және ата-аналардың жеке тұлғаға бағдарланған жұмыс тактикасының есебінен өтелуі мүмкін. Мұндай бала үшін мектептен гөрі педагогты дұрыс таңдаудың маңызы зор.

Бала денсаулығы – оқытудың нәтижелілігін айқындайтын басты фактор.

Алты жас – баланың ақыл-ойын дамытудың және әлеуметтік жағынан дайындаудың ең қолайлы (сензитивті) кезеңі. Осы жағдайды дұрыс пайдаланып, іске асырған жөн. Олай болмаған жағдайда, бұл жасқа тиесілі рухани азықсыз, үлкеннің қамқорлығынсыз баланың басқа қасиеттері толық дәрежесінде ашылмауы мүмкін. Жақсы ұйымдастырылған, жүйелендірілген оқу мен тәрбие – баланың мақсатты дамуының басты нысаны және шарты. Балалардың 6 жастан бастап оқуының мүмкіндігі мен қажеттілігі туралы мәселе талқылауды қажет етпейді, ол анық. Бірақ та баланың ақыл-ойы дамуының резервтері мен мүмкіндіктерін асыра бағалауға болмайды. Әрбір нақты жасқа

байланысты және әрбір нақты жағдайда білім берудің тиісті нысандарын табу керек. Мектеп өмірінің бастапқы, өте жауапты кезеңінде оқыту, ең алдымен, ақыл-ойдың дамуына әсер етуге тиіс. Ал бұл ақыл-ой дамуының қазіргі деңгейіне арқа сүйеп қана қоймай, баланың таяудағы даму аймағын ескеретін білім беруді ерекше ұйымдастыруды талап етеді.

Әдетте, білім беру тақыр жерден туындамайды. Ол, еі алдымен, баланың мектепке келерден бұрын жеткен жетістіктеріне, яғни оның оқу іс-әрекетіне психологиялық дайындығының негізгі компоненттерін құрайтын білімнің, білігі мен дағдыларының көмегіне арқа сүйейді.

Психологтар бала, ең алдымен, оған жаңа құқықтар беріп қана қоймай, сонымен бірге одан бірқатар міндеттерді де сақтауды талап ететін байсалды іс-әрекетті орындауға дайын болуға тиіс деп есептейді. «Кішкентай оқушы айналасындағылардың оның оқу сабақтарына құрмет көрсетуін талап етуге құқылы, бірақ өзі де мұғалімнің барлық атпсырмаларын үнемі орындауға, дәл сол мезгілде ол осыны қажет ете ме, жоқ па, өзін мектеп ережелеріне сәйкес ұстауға міндетті». Бір сөзбен айтқанда, ол мектепке баруға, оқуға және оған ықылас білдіруге тиіс (7).

Баланың ұдайы оқытуға психологиялық даярлығының бірінші буыны – мектеп режимінің жаңа жағдайларына ойдағыдай өтуіне жағдай туғызатын танымдық процестерін дамыту деңгейі. Әңгіме қабылдау, жад, ойлау, сөйлеу қасиеттерін, т.б. дамыту деңгейі туралы болып отыр.

Алты жасар бал едәуір сезімдік бай тәжірибеге ие болады, айналадағы өмірдің құбылыстары мен заттарын тексеруге бағытталған қабылдау әрекеттерін, олардың қарым-қатынастарының сан түрлі қасиеттерін меңгереді, зерттелетін заттардың ерекшеліктерін дәлірек анықтауға мүмкіндік беретін сенсорлық кезеңдердің жүйесін ойдағыдай пайдалана бастайды. Бұл жаста көркем шығармаларды (картиналар, суреттер, музыкалық пьесалар және басқалар) эстетикалық қабылдау сезімі жеткілікті дамыған, бұл педагогтарға баланың жеке басын жан-жақты дамыту мақсатында эстетикалық әсерленуін тиімді пайдалану үшін үлкен мүмкіндіктер береді [52,180]

Ойлауды дамыту зейін мен жадтың ерекшеліктеріне тығыз байланысты, бұл кезде олар осы жастағы балалардың бойында еркіндіктің неғұрлым нақты белгілеріне ие бола бастайды. Сонда да алты жасар бала өзін қызықтыратын нәрсенің бәріне бұрынғысынша көп назар аударады. Ол сөздік пайымдаудан гөрі көркем бейнелерді есінде тез сақтайды.

Алайда, оны кейбір арнайы мимикалық әрекеттермен (мақсат қою, материалды қайталау, т.с.с.) қаруландырап болсаңыз, оның сөздік-мағыналық жадының дамуында белгілі бір алға басушылықтар бірден байқалады. Бәрі де оның барлық әлеуметтік мүмкіндіктерін біздің қаншалықты шебер де дұрыс пайдалануымызға байланысты болады.

Алты жасар баланың психикалық дамуы оның мектепте оқытуға психологиялық даярлығымен тығыз байланыста қарастырылды.

Баланың мектепке оқуға психологиялық даярлығының бастапқы буынына жеткілікті дамыған танымдық іс-әрекеттен бастау алатын оның оқи білуі жатады. Бұған оқу міндеттерінің мағынасын түсіну, тиісті іс-әрекеттерді орындау әдістерін сезінуі, өзін-өзі бақылау және бағалау дағдылары кіреді.

Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлығының **екінші буыны** – бұл оның өзін ерікті түрде басқара білуі. 6 жасар балада, әдетте, бәрі бар: жақсы жад, ашық түйсік, оңай аударылатын зейін; бірақ ол барлық уақытта бірдей солардың бәрін ерікті түрде басқаруға қабілетті емес, яғни оның бойында өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін саналы түрде реттеп отыруға қажетті ерік-жігер қасиеттері толық қалыптаспаған. Оған біраз уақытқа дейін орнықты, ерікті зейін сақтауға, көлемі едәуір материалды оқуға, партада дұрыс отыруға, мұғалім қойған міндеттерді дәйектілікпен шешуге әлі ерте. Тәжірибелі мұғалімдердің айтуынша, оқытудың бастапқы кезеңіндегі үлкен қиындықтар кейбір балалардың өзінің мінез-құлқын оқу тапсырмаларына саналы түрде бағындыра алмауынан, сабақта өздерін дұрыс ұстай білмеуінен туындайды. Егер 6 жасар бала мектепке сауатын ашпай, санауды білмей келсе, одан қорқатын ештеңе жоқ. Егер ол сабақ үстінде өзін-өзі ұстай алмаса, өзін оқуға жұмылдыра алмаса, педагогтың нұсқауларын «естімесе», басқалардың жұмыс істеуіне кедергі келтірсе, пәле сонда.

Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлығының **үшінші буыны** – бұл иерархиялық жүйеде оқу мотивтері біртіндеп негізгі мәнге ие болатын, мотивтердің матаса дамуының едәуір жоғары деңгейі. Мектеп жасына дейінгі кезеңде мотивтердің матасуы күйзелісті теріс қатынастарды саналы түрде жоюмен, эмоциялық тартымды мақсат үшін жүзеге асырылатын ерік-жігердің күшімен байланысты болады. Шиеленісті жағдайларда 3-5 жасар балалар көбіне-көп тартымды және оңай қол жеткізілетін мақсаттарға үйір келеді. 6 жасар бала бұл тұрғыдан алғанда дамудың неғұрлым жоғары сатысында тұр. Оған

қоғамдық мазмұнның мотивтері (маңайындағылардың алдында оның қайсібір қылықтары қандай мәнге ие) және тікелей іс-әрекеттің (оның ішінде оқу іс-әрекетінің) мазмұнына қызығушылықпен байланысты, яғни кейін баланың білімді меңгеруге, оның іс-әрекеттің (сурет салу, құрастыру, аппликация) әр түрлі өнімді түрлерін жүзеге асыруға және барлық еңбек тапсырмаларын іске асыруға деген ұмтылыс мотивтері барған сайын маңызды бола бастайды. Дегенмен, бұл жаста да оқуға шақыратын мотивтерді туғызудың сенімді тәсілі ойын әрекеті болып қала береді. Ойын қойылған мақсатқа қарай баланың өз мінез-құлқын басқару мүмкіндігін едәуір жеңілдетеді. Ойын ережелерін сақтай отырып, бала неғұрлым зейін қойғыш, ерік-жігерлі, мүдделі де тапқыр бола түседі. Көптеген ғалымдар мен педагогтардың 6 жасар оқушылармен жұмыста сабақты ойын әрекетіне негізделген принциптер мен тәсілдерге құру жөнінде кеңес беруі тегін емес.

Психикалық даму физикалық өсумен және организмнің жетілуімен тығыз байланысты. Даму адам болмысының барлық жақтарын қамтитын біртұтас үрдіс. Бірақ мұнда да белгілі бір келіспеушіліктер болуы мүмкін. Баланың психологиялық жасы оның құжаттағы жасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Мұғалімдерге жақсы таныс жайтты еске түсірсек жеткілікті, ол мектепте екінші сыныпта мектепке дейінгі іс-әрекет пен мінез-құлықты балалардың кездесуі. Дәл сондай жайт мектеп алдыңғы топтағы балалардың арасында мектепке психологиялық толық дайын балалар бар.

Адам психикасының даму деңгейін айқын көрсететін белгілерді қайдан іздеуге болады? Олар арқылы біз баланың психологиялық жасын анықтай аламыз едік, және де оның психологиялық жасының аясында кім екенін – кішкентай оқушы ма немесе мектепке дейінгі жастағы бала ма екенін анықтай аламыз едік.

Бірінші жағдайда ол психологиялық тұрғыдан мектепке дайын. Егерде бала өзінің психологиялық дамуы бойынша мектепке дейінгі балалық кезеңге жатса, онда, кешіріңіз, оның мектепке баруының қажеті жоқ; ол әлі балабақшаға баруы қажет.

Мүмкін баланың мектепке дайындығын шешу мәселесінде баланың физикалық даму көрсеткіштері көмек берер? Себебі бала қажетті күш – жігерсіз мектепте оқуға байланысты қиындықтарды көтере алмайды. Өкінішке орай, бұл маңызды көрсеткіш баланың мектепке дайындығын көрсете алмайды. Бірде бір мұғалім өзінің үздіктеріне ренішін білдірді: «Менің орыс тілі мен математикадан жақсы оқитын балаларым денешынықтыруда үштік алады, ал орта оқушылар әрдайым денешынықтыру сабағында керемет

табыстарға қол жеткізеді. Әрине, үздіктердің барлығы кітаптан бас алмайды, олардың серуендеуге, жүгіруге уақыты жоқ, ал орта оқушыларды мен әрқашан далада, әрқашан қозғалыста көремін, міне сондықтан олардың сабақ оқуға уақыты қалмайды».[42]

Әрине, бұл барлығына белгілі бір-бірімен байланысты жайт жалпы алғанда көзге солай көрінеді. Дегенменде барлық пәннен, оның ішінде денешынықтырудан да, тамаша жетістіктері бар балалар аз емес. Психологияда психиканың барлық қызметтері мен жеке бір жақтарын – зейінді, есте сақтау қабілетін, ойлау, сөйлеу, қиялдау қабілеттерін анықтауға мүмкіндік беретін көптеген әдістер дайындалған. Баланың психологиялық жасын анықтауда осы әдістер топтамасының ішінен біреуі қажет болмауы мүмкін емеспе? Бірақ мәселе мынада, жүйкенің психологиялық жас психиканың жеке қызметтерінің алға жылжуын емес, жалпы психикалық дамуы, жеке тұлғаның жалпы дамуын көрсетеді.

Кеңес одағының психологы А.С.Выготский көрсеткендей, жалпы психологиялық даму қызметаралық қарым-қатынастардағы өзгерістермен байланысты. Есте сақтау қабілетінің жоғарылығы, тез ойлау қабілеттілігі, жарқын қиял – баланың жеке ерекшеліктерінің нәтижесі болуы мүмкін. Бірақ бұлар өздігінен баланың психологиялық дамуының қай кезеңде тұрғанын айта алмайды [22,45]

Психологиялық кеңестерге көбінесе өз жасына ерекше қабілеттері бар балаларды алып келеді. Бұл музыкалық дарындылығы бар балалар немесе математикалық сабақтарға я көркемсурет қызметтеріне қабілеттері бейім балалар. Әлбетте, ата – аналар мұндай балалармен не істеу керектігіне алаңдайды, олардың ерте жастағы дарындылығына қалай қарауды білмейді. Олар мектепке барар алдында қашан, қандай мектепке берген дұрыс деп кеңес сұрайды.

Баланың қандайда бір қабілетінің ерте дамуы оның мектепке дайын, дайын еместігі туралы ештеңе айтпайды. Тіпті оның шүмәнсіз математикалық қабілеттері оның мектептегі математика сабақтарындағы жетістіктеріне кепіл бола алмайды. Жақсы білім алу үшін тағы да басқа да көп нәрсе керек, ал ол мектепке дейінгі балада әзірше жоқ.

3.3 Алты жасар балалардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері.

Оқушылардың білім алуға даярлығы мектепте ең алдымен олардың анатомды-физиологиялық және психикалық дамуымен анықталады. Сонымен

қатар бала ағзасының анатомды-физиологиялық қалыптасуы оның оқу ісіне кірісуіне жағдай жасап, жеке тұлға ретінде ерекшеліктерінің түзілуін қамтамасыз етеді. Бұл жаста баланың бас миында сапалық және құрылымдық өзгерістер орын алады. Ол орта есеппен 1 кг 350 грамға дейін үлкейеді. Әсіресе, үлкен жарты шар, бірінші кезекте екінші сигналды жүйенің қызметімен байланысты маңдай бөлігі өте дами түседі. Сонымен қатар қозу және тежелу реакцияларының негізгі жүйке процестерінде де өзгерістер орын алады: тежелу реакцияларының мүмкіндігі артады. Бұл өзгерістер баланың бірқатар ерік-жігерқасиеттерінің түзілуінің физиологиялық алғышарттарын құрайды: талаптарға бағыну, құлақ асу қабілеті артады, өз бетінше жұмыс істеуге машықтанады, өз әрекеттерін бақылауды үйреніп, қызбалыққа салынуды азайтады, орынсыз қадамдарға барудан аулақ болады.

Жүйкелік процестердің байсалдылығы пен ширақтығы баланың өз тәртібін құбылған жағдайға сай басқаруға, ересектердің қойған талаптарына қарай өзгертуге көмектеседі. Ал мұндай мүмкіндіктер баланың өміріндегі жаңа кезеңге – оқушылық өмір үшін өте маңызды.

Алты жасар балалардың морфофункционалды дамуындағы негізгі ерекшелік- бас ми қабаттарының толық жетіліп бітпеуіне байланысты олардың зейінінің тұрақсыз болуымен, нерв жүйесінің тез шаршап қалатынымен сипатталады. Осындай себептерге байланысты олар бір нәрсеге зейінін ұзақ шоғырландырып отыра алмайды, сонымен қатар көп уақыт қозғалмай немесе сөйлемей отыра алмайды. Алты жасар балалардың зейіні көп жағдайда өзіне жаңашылығымен, ерекшелігімен әсер ететін нәрсеге, күшті эмоциялық әсер қалдыратын заттарға көңілі көбірек ауып, тұрақтайды. Сондықтан да алты жасар бала сюжетті-рөлдік ойындарға, шығармашылық суреттер салуға, аппликациялар мен конструкторлық мазмұндағы іс-әрекеттерге бейім болады. Балалардың бұл психологиялық ерекшелігі олармен қатынас барысында ескерілмесе олардың зейіні өзіне тапсырылған жұмыстан еріксіз ажырап кетеді.

Алты жасар баланың мінезін әлі де болса оның эмоциясы басқарады, өзінен жоғары жастағы балалармен салыстырғанда оны көп жағдайда өтіліп жатқан сабақтың эмоциялық жағы көбірек қызықтырады. К.Д.Ушинский «бұл кезеңде балалар түрлі түстермен, формалармен және дыбыстармен ойлайды» дегендей алты жасар баланың ойлауы нақтылы образды болып келеді [61,190]. Ш.А.Амонашвилидің пікірі бойынша олардың психологиялық дамуында актуалді қажеттілік жоғары көріністе болады, яғни баланың ойындағы қажеттері кезек күттірмейтін, жедел орындалуды талап ететін қажеттіліктердің көрініс беруімен сипатталады. Сондықтан да қаншалықты сол актуальді қажеттіліктердің және оны қанағаттандыру тәсілдері мен формаларының тәрбие мақсаттарына сәйкес келуіне қарай соншалықты тәрбие тиімді және табысты болады [14,42].

Осы жас кезеңінде үздіксіз пайда болып балаға тыныштық бермейтін актуальді қажеттілік оған бір нәрсені айтып үлгерместен шұғыл істі бастап жіберуге үнемі итермелейтін импульсивті белсенділікке алып келеді.

Сондықтан да бұл жастағы балалардың зейінінің тұрақсыздығы, бір іске көп тұрақтап қала алмайтындығы, соған байланысты тез шаршап қалатындығы және табиғат берген өмірлік үлкен энергиясы мен импульсивті белсенділігі олардың іс-әрекетін жиі ауыстырып отыруды талап етеді.

Сондықтан да ол үшін жаңа әлеуметтік роль - мектеп оқушысының ролін, ондағы тәртіп ережелері мен нормаларды үнемі сақтап отыру- оған қиындық келтіреді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың анатомиясы мен физиологиясындағы әлсіз тұстарды да ескеруіміз қажет. осы тұрғыда жүргізілген тәжірибелердің бірқатары бұл жастағы балалардың жүйке талшықтарындағы қуат қорының тез азаятынын да көрсетіп отыр. Яғни балалардың жүйкесіне артық салмақ салу олар үшін өте қауіпті. Бұл дегеніміз мұғалімдер мен ата-аналар балалардың қатаң күн тәртібіне бағынуларын қамтамасыз етулері қажеттіктерін көрсетеді. 10 жасқа дейінгі балалардың сүйек және бұлшықет аппараты салыстырмалы түрде үлкен икемділігімен ерекшеленеді. Бұл осы жастағы балалардың сүйегіндегі шеміршек талшықтары айтарлықтай көп мөлшерде екендігімен, жасушаларының жоғары деңгейдегі созылғыштығымен түсіндіріледі. Сондықтан бастауыш сынып жасындағы балалардың дұрыс отырмауынан омыртқасының қисаюы жиі кездеседі. Бұл өз кезегінде бойдың өсуіне, сонымен қатар кеуде қуысының қалыптасуына кері әсерін тигізіп, өкпенің тіршілік сыйымдылығын азайтады. Мұндай ауытқушылықтардың салдарынан бүкіл ағзаның өсуі мен жасына сай дамуы қиындайды. Жазу-сызу сынды түрлі жаттығулардың шамадан тыс болуы, яғни қолға көп күш түсіретін қимылдардың әсерінен оның сүйектерінің қисаю қаупі жоғарылай түседі. Мектепке дейінгі жаста ұсақ бұлшықеттердің баяу даму процестері де жүретіндіктен нақтылықты қажет ететін қимылдар бастауыш сынып оқушысын біраз қиындықтарға тап қылады. Балалардың мұндай анатомды-физиологиялық ерекшеліктері мұғалімнің барынша қырағы, әрі мейлінше мұқият болуын талап етеді.

3.4 Алты жасар балалардың жеке тұлғалық даму ерекшеліктері.

1.3 Алты жасар балалардың психологиялық жетілуін бақылау тәсілі

Балалардың ой-өрісін және басқа да қасиеттері мен мінез-құлықтарын дамыту жұмыстарында мұғалімнің олардың даму үдерісін әрдайым бақылауда ұстауы өте маңызды.

Мұғалім болашақ оқушыларымен танысуды ата-аналар оларды алғашқы қоңырауға дейін, мектепке жаңа ертіп әкелген уақыттан басталуы мүмкін. Мектепке қабылдар уақытта мұғалім балалармен және олардың ата-аналарымен мақсатты түрде кездесіп, мән-жаймен жан-жақты танысқаны жөн. Алдымен баланың жан-жағына қарап, қандай ортаға келгенін пайымдап алуына мүмкіндік беріп, содан кейін ғана онымен отырып сөйлескен жөн. Сондай-ақ ескертетін жайт, мұғалім баламен сөйлескенде оның ата-аналары алысырақ, артқы жақты отырғаны дұрыс. Бала әке-шешесіне алаңдамай, педагогпен еркін сөйлесуі керек. Егер бала тым тұйық мінезді, ұяң болса, онда ата-аналарының бірі жанына отырып, оны тыныштандырғаны абзал. Десе де әке-шешесінің баланың орнына жауап бермеуі керектігін ескерту керек. Кей жағдайларда ересектерді сыныптан шығарып жіберуге тура келіп жатады. Алайда мұны жағдайды ушықтырмай, оларға дұрыс түсіндіріп айту керек. Баламен сөйлескенде бейресми түрде әңгіме құрған жөн. Демек, педагог негізгі сұрақтарын әңгіме арасында балаға білдірмей, шеберлікпен қоюы қажет. Яғни баланың реакциясын да ескеру керек. «Сен ойнағанды жақсы көресің бе? Қандай ойындар ұнайды? Мұғалім не оқушы болып ойнап көрдің бе? Мектепке барғың келе ме? Мектепте қандай қызықтар болады деп ойлайсың? Мектепке баруға дайынсың ба? («иә» деген жағдайда мектепке баруға қалай дайындалып жүргенін сұрау керек)», осы сияқты тағы басқа сұрақтар. Әңгіме барысында баланың жауаптарына ғана емес, оның өзін ұстау мәнеріне, мұғаліммен қарым-қатынасына, жалпы жағдайды бағалауына жіті мән беру қажет. Ал ата-аналармен әңгімелесу баланың қатысуынсыз өткізіледі. Егер мүмкін болса, баланың әкесімен де, шешесімен де бірге отырып сөйлескен абзал. Ата-аналар баласын әлемдегі ең керемет жан ретінде көрсетуге тырыспауы үшін кездесудің бейресми, қарапайым әңгімелесу түрінде өткені жөн. Әңгімелесу барысында баланың балабақшаға барған-бармағанын білу, барған жағдайда өз еркімен барды ма, әлде балабақшаны ұнатпады ма дегенді анықтаудың пайдасы мол. Сонымен қатар отбасының құрамын білу, бала тәрбиесімен кімнің айналысатынын білу, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналардың пікірі қандай деген сияқты сұрақтардың жауабын білу маңызды. ата-аналар тәрбиенің қандай түріне жүгінеді, баланы жазалау, оған баланың реакция туралы да қызықтап сұраудың тек пайдасы болмаса, зияны жоқ. Бала қандай ойындармен ойнайды: қозғалысты ма, әлде бір орында отырып ойнайтын ойын түрлерін құп көре ме? Жеке отырып ойнай ма, әлде балалармен ойнауды ұната ма? Өз бетінше, яғни ересектердің қарауынсыз аулада ойнай ма, өз бетінше әлденемен шұғылданып отыра ма немесе әрдайым ересектердің көңіл аударуын талап ете ме? Тұрмыста үлкендерге қолғабыс жасай ма? Бала құрдастарымен араласа ма? Достары бар ма? Олар үйге келе ме? Өзі бірінші қадамға бара ма, әлде басқалардың қадам жасауын күте ме? Балалармен жиі келіспей, сөзге келе ме? Осындай сұрақтардан бөлек, ата-аналармен кездесу барысында баланың мектепке баруға ниетінің бар-жоғын білу керек. Бала оқуға қажет құрал-жабдықтарды алуға асықты ма, әлде бұл туралы мүлде сөз қозғамады ма? Әр сұрақты қойған сайын ата-аналардың өз балалары үшін ненің маңызды екенін, оларға нендей қасиеттің тән екенін

айтып беруін өтінген жөн. Егер кездесудің ретін келмесе, мүмкіндік болмаса, оны жоғарыдағы сұрақтармен анкета құрастырып, оған ата-аналардың жазбаша жауап берун өтіну керек.

Әңгімелесудің қорытындылары мен баламен танысу кезінде түйген ой мектепте баланы оқыту кезінде мұғалімнің бақылау нәтижелерімен толығады. Сабақ барысында баланың тәртібіне ғана емес, сонымен қатар оның қоңырау кезінде, ұзартылған күн тобында (негізінде тек осындай бақылаулар баланың басқалармен араласу ерекшеліктерін танып-білуге мүмкіндік береді) өзін ұстауын бақылау керек. Мұндай бақылаулардың нәтижелеріне сүйене отырып, мұғалім әр баланың қандай қырына, мінез-құлқы мен жеке және психикалық қасиеттеріне көбірек көңіл бөлу керектігін біле алады. Мұндай бақылауларға арнап жеке дәптер бастап, онда әр балаға 2-3 беттен бөлінгені жөн. Сонымен қатар оның бірнеше бетін жалпы сыныпқа ортақ арнау керек. Бұл дәптердің алғашқы беттерінде баламен және оның ата-аналарымен өткізген кездесулер жайында жазылып, ары қарай оқу жылы барысында жаңа ақпараттармен толығып отырады.

Балалардың білім алуға қаншалықты дайын екені туралы алғашқы түсінік бүкіл сынып оқушылары бірге отырып оқу жылы басталған уақытта-ақ жазатын «графикалық диктанттан» белгілі болады. бұл диктант үшін торкөз дәптер қолданылады. Сол жақтан төрт торкөз саналып, тігінен бірінің астына бірін кезектестіре үш нүкте (арасына жеті торкөзден қалдыра отырып) қойылады. Әр балаға өз аты-жөні жазылған осындай қағаздар беріледі. Педагог: «Қазаір біз түрлі өрнек сызып үйренеміз. Олардың әдемі, әрі ұқыпты шығуы үшін күш салуымыз қажет. Ол үшін мені мұқият тыңдауларың керек. Мен сендерге қанша торкөз санап, қандай сызық сызу керектігін айтып тұрамын. Менің айтуым бойынша сызықтар сызасыңдар. Ал айтқанымды сызып болған соң, мені күтіп, келесі сызықты жүргізесіңдер. Келесі сызықты қарындашты қағаздан алмай, оның алдындағы сызық біткен жерден бастаңдар. Оң қолдарың қайсысы екенін бәрің білесіңдер ме? Оң қолдарыңды жандарыңа созыңдар. Оң қолдарың есік жақта (сыныптың орналасуына қарай бағдар жасалады). Мен оңға қарай сызыңдар дегенде – былай (алдын ала тақтаға торкөздер сызылып, сол жерде бір торкөздің көлемімен есікке қарай сызық сызылады) – есікке қарай сызасыңдар. Міне, мен бір торкөздің бойымен сызық сыздым. Ал енді қолымды қағаздан алмай, жоғары қарай екі торкөздің бойымен сызамын. Енді үш торкөзбен оң жаққа (тақтадағы сызыққа қарай айтады; соңында сол жақ таяқшасы қысқарак, суреттегідей «П» пішін шығады)», – дейді. Бұдан кейін жаттығатын өрнектерді сызуға кіріседі. Педагог: «Жаңа өрнек сызуға кірісеміз. Қарындашты ең жоғары жағында тұрған нүтеге қойыңдар. Бір торкөз төменге сызыңдар. Қарындашты қағаздан алмаңдар. Енді бір торкөз оңға. Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төменге. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төменге. Ары қарай осы өрнекті өз беттеріңше сызуды жалғастырыңдар», – дейді. Балалар сызуға кіріскен уақытта мұғалім қатарларды аралап, оқушылардың қателіктерін дұрыстап, дұрысын көрсетіп жүреді. Ал келесі өрнектерді сызған уақытта мұғалім мұндай бақылауды қойып, тек балалардың парақтарын төңкеріп алмауларын,

сызықты қажетті нүктеден бастауын қадағалайды. Мұғалім сызықтарды бастайтын нүктелерді айтқанда балалар үлгеріп, қажетті нүктелерді тауып алуына аздаған уақыт беруі керек. Өрнекті балалардың өз бетінше жалғастыруына бір жарым-екі минут беріледі. Өрнектің бүкіл парақ бойын алуы міндетті еместігін балаларға түсіндіру керек. Келесі тапсырма былай болады: «Енді қарындаштарыңды келесі нүктеге қойыңдар. Дайындалыңдар! Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Ал енді осы өрнекті өздерің ары қарай жалғастырыңдар». Келесі өрнектің үлгісі: «Болды. Бұл өрнекті ары қарай сызудың қажеті жоқ. Соңғы өрнекті сызамыз. Қарындаштарыңды келесі нүктеге қойыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар! Үш торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Екі торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Екі торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Үш торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Екі торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Екі торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Үш торкөз жоғары. Ал енді бұл өрнекті өздерің ары қарай жалғастырыңдар».

Тапсырмалардың қорытындыларын сараптай отырып, оқушылардың мұғалімнің айтуымен жасалған әрекеттерін және өз беттерінше жұмыс істеулерін де бағалайды. Бірінші көрсеткіш балалардың мұғалімнің айтқан тапсырмасын мұқият тыңдауы мен оны ештеңеге алаңдамай, орындай білуінің нәтижесін көрсетеді. Екіншісі балалардың өздігімен жұмыс істеуінің деңгейінен хабар береді. Бұл екі көрсеткіште де төмендегі өлшемдермен бағдар жасауға болады: екі өрнек те (бірінші жаттығуды қоспағанда) жалпы алғанда мұғалімнің айтуымен жасалған тапсырмаға сай келеді; олардың бірінде жекелеген қателіктер болуы мүмкін – жоғары деңгей. Екі өрнек те мұғалімнің айтқан тапсырмасына жартылай сай, бірақ қателіктері бар немесе бір өрнек қатесіз жасалған, ал екіншісі мұғалімнің айтқанындай емес – орта деңгей. Бір өрнек мұғалімнің айтқан тапсырмасына жартылай сай, екіншісі мүлде ұқсамайды – орташадан төменгі деңгей.

Мұғалім баламен және ата-аналарымен әңгімелесудің, бақылаулардың және «графикалық диктанттың» қорытындыларына қарай отырып, баланың психикалық дамуындағы қандай да бір толық дамымаған, ашылмаған қырларымен жұмыс істеу үшін жеке оқу-тәрбие жоспарын жасай алады. Бұл аталған бақылаулар сонымен қатар баланы келесі сыныпқа өту-өтпеуін анықтауға да қажет. Оқу материалын қажетті деңгейде меңгере алмау келесі сыныпқа көшуде басты көрсеткіш емес.

Баламен жазғы демалыс кезінде жасалатын жұмыс жайын ата-аналарға түсіндіріп, оны келесі сыныпқа көшпелі мәселесін жаздың соңына қалдыра тұру деген де бар. Әйтсе де, мұндай жағдайда «мектептегідей» тапсырмалар беру ұсынылмайды: олар баланы шаршатып, зорықтырып, оның оқуға деген оң көзқарасын жоюы мүмкін. Сондықтан жалпыдамыту тапсырмалары әлдеқайда тиімдірек. Яғни «мектепке дейінгі» типіндегі тапсырмалар – ойындар, сурет салу, құрастырмақ құрастыру, аудиокітаптар тыңдау, балалардың радио және телевизиясын қарау. Алты жастағы балаларды оқуға бағыттаудың өзі бөлек назарды талап етеді. Өйткені дәл осы жаста оқудың алғашқы іргетасы қалана

бастайды және алдағы уақытта баланың оқуға деген ниеті мен мүмкіндіктері де осыған тікелей байланысты. Алты жастағы балаларды жеті жастағылар сияқты оқытуға болмайтынын да ескеру керек. Мұндай жағдайда ерекше әдіс-тәсіл болуы керек, сондай-ақ балаларды оқыту жұмыстарын ұйымдастыру да өзгеше. Балаға шамадан тыс жүктеме беріп, зорықтыруға мүлде болмайды. Мұғалімнің басты мақсаты – баланың толыққанды және үйлесімді дамуына жағдай жасап, оның денсаулығын сақтап, әрі нығайтуға күш салу. Осындай себептерден де ата-аналар баланың мектепке даярлық деңгейін анықтауда шалалық танытпағандары абзал. Сонымен қатар егер бала әлі мектепке дайын болмаса, оны «ақымақ» деуге асықпау керек. Алты жастағы балалар – ерекше балалар. Сондықтан мұғалімдер мен тәрбиешілер: біріншіден, бұл ерекше балалармен жұмыс істеуде қандай мәселелер орын алуы керек дегенді білулері қажет; екіншіден, партада отырған жеті жастағы емес, алты жасар бала екенін түсініп, бұл балаларды жан-жақты танып алып жұмыс істеу керек; үшіншіден, мұғалім алты жасар балалармен жұмыс істерде өзінің педагогикалық ұстанымын, шартты формаларын, оқытудың, тәрбиелеудің, бастысы олармен тілтабысудың тәсілдерін, анықтап алуы керек.

Алты жасар балаларды оқытуда психологиялық-педагогикалық тиімді жағдай

Мектептегі оқыту жүйесі үлкен буынның қоғамдық-тарихи тәжірибесімен бөлісе отырып, біртіндеп балалардың ғылымның негіздерін меңгеруге құрылған. Ал мектепке дейінгі жастағы балалар болса, ғылымның негіздерін оқымайды. Балабақшалардағы оқыту процессінде балалар тек оқу, тыңдау, тәрбиеші мен мұғалімді тыңдау, тапсырмамен танысып, оны орындау сияқтыны үйренеді. Сабақтарда олар білім ғана алмайды, сонымен қатар балалар өз істерін бақылап және бағалауды үйренеді.

Алты жастағы балаларды оқытудың тиімділігінің талаптарының бірі олардың мектепте білім алуға психологиялық даярлықтарының болуы. Психологиялық даярлық (Л.А. Венгер, В.В. Холмовский, А.Я. Коломинский, Е.А. Пашко және басқалардың пікірінше) мектептің балаларға қоятын талаптар жүйесімен анықталады. Психологтардың тәжірибесі көрсеткендей, олар баланың қоғамдағы әлеуметтік ұстанымының өзгеруімен, сонымен қатар бастауыш сынып жасындағы оқу ерекшелігімен байланысты. Психологиялық даярлықтың нақты қатып қалған өлшемдері жоқ. Ол өзгереді, жаңарып тұрады.

Психологиялық даярлықтың негізгі құраушы бөліктері – жеке бас, интеллектуалдық, ерік-жігер және әлеуметтік психологиялық даярлық.

Жеке бас даярлығы баланың жаңа әлеуметтік ұстанымды қабылдауға даярлығың – өзіндік ережелер мен міндеттері бар оқушылық тәртіптің қалыптасуын біріктіреді. Бұл даярлық оқушының мектепке, оқу барысына, мұғалімдерге, өзіне деген қарым-қатынасынан байқалады. Жеке бас даярлығына мотивациялық өрісінің белгілі бір деңгейде даму дәрежесіне де кіреді. Баланың мектепте білім алуға жеке бас даярлығы оның мектептің сыртқы көрінісіне деген қызығушылығынан емес, танымдық

қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік беретін жаңа білім алуға деген талпынысынан көрінеді. Жеке бас даярлығы жаңа «әлеуметтік статусты» - оқушы статусын қабылдауға деген қызығушылықтың қалыптасуынан көрініс табады. Яғни мектеп жасына дейінгі балалардікінен бөлек, өзіндік ережелері мен жүктейтін міндеттері бар жаңа ортаға қадам жасауға деген қызығушылық.

Егер бала оқушы деген әлеуметтік статусқа дайын болмаса, оның білім-білігі мен интеллектуалдық даму өрісінің жоғары болуына қарамастан, мектепте білім алуы оған қиын болады. Өйткені жоғары интеллектуалдық даму деңгейі баланың мектепке жеке бас даярлығымен әркез үйлесе бермейді. Мектепте білім алуға деген интеллектуалдық даярлық баланың ой-өрісінің, нақты бір деңгейде білім-білігінің қалыптасуымен шамаланады. Оның ішінде, бәрінен бұрын баланың оқу тапсырмасын бөліп алып, оны өздігімен ары қарай орындай білуі маңызды. Мұндай әрекет мектепке қабылданып жатқан баланың көрген көрініске, затқа таңырқау, оны басқа заттармен салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау сияқты мүмкіндігінің болуын талап етеді.

Мектепте білім алуға интеллектуалдық даярлық:

- сараланған түйсік;
- сараптамалық ойлау (белгілі бір зат не құбылыстың негізгі ерекшеліктерін және ортақ байланыстарын анықтау, үлгілерін көрсету мүмкіндіктері);
- ұтымды тәсілді таңдай білу;
- логикалық есте сақтау;
- білімге деген құштарлық, білім алу үшін қосымша күш жұмсауға талпыныс;
- естіген ойды тыңдай білу және оны түсіну мүмкіндігі;
- қимылды байқау мен қол жұмысын үйлесімді біріктіру қабілетін дамыту сияқты мүмкіндіктермен шамаланады.

Мектепте білім алуға әлеуметтік психологиялық даярлық – балалардың бойында өзгелермен, мұғаліммен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін қабілеттің қалыптасуы. Мектепке, өзге балалар ортақ іспен айналысып жатқан сыныпқа келген бала өзгелермен қарым-қатынас орнатуы керек. Яғни жаңа ортаға сіңісіп кету, өзгелермен бірге бір іспен шұғылдану, өз ойын айту, өзгелерден қорғану сияқты қабілетке ие болуы керек.

Осылайша, даярлықтың мұндай құрамдас бөлігі балалардың бойында өзгелермен араласуға, балалар тобының қызығушылықтарымен бөлісіп, олардың қағидаларына мойынсұнуға деген қажеттіліктің туындауына түрткі болады. Ал олар өз кезегінде балалардың оқу барысында орын алған түрлі жағдайларда еш қиындыққа тап болмауына себепші екені түсінікті.

Баланың жаңа ортаға бейімделе білуі, өзгелермен бірге ортақ тіл табысуы, жолдас, дос бола білуі – оның жаңа әлеуметтік жағдайға қиындықсыз бейімделе алуына мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың тәртібін реттеуде өзгеше сипатқа ие – мотивациялық және әрекеттік қырының бірлігі, яғни баланың қиындықтарға және одан шығуға деген талпыныстары. Сондықтан да ерік-жігерді

калыптастыруда бірінші кезекте мақсатқа жетуге деген талпынысты арттырудың маңызы жоғары. Балалардың бойында еңбектен еш қорықпауды, қиындықтардан жасқанбауды, алдына қойған мақсатына жетуі үшін кедергілерге мойынсұнбай, олардан өту жолдарын үйретудің маңызы мол.

Осылайша, мектепте білім алуға деген психологиялық даярлығы көптеген құрамдас бөліктерден тұратын даярлық екеніне көз жеткізуге болады. Даярлықтың осынау құрамдас бөліктерінің бірінің болмауы оқудың алғашқы айларында жаңа ортаға бейімделуде қиындықтар туғызып, ары қарай оқу материалын қабылдауға да тек кері әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудың ерекшеліктері – олар, әсіресе, зейіні мен есте сақтау қабілеті толықтай дамымаған балалар берілген тапсырманы толыққанды түсіне алмайды. Сондықтан тапсырманы аяғына дейін дұрыс орындай да алмайды. Мұндай жағдай орын алмауы үшін, әсіресе, алғашқы кезде тапсырманы кезең-кезеңімен түсіндіру, тапсырманы диктант жазғандағыдай баяу, мұқият айту сияқты әдістерді қолданған жөн. Десе де мұндай тәсілді көпке созуға болмайды.

Алты жастағы балаларды оқытудағы тағы бір ерекшелігі – бұл балалардың жүйке процестерінің әлсіздігінен қозу процестері тежелу процестерін басып жіберетігінде. Соның салдарынан балалар тапсырманы аяғына дейін тыңдамай жатып, оны орындауға асығады. Сондықтан да педагог балаларға тапсырма берер алдында оны жан-жақты мұқият дайындап алып, балаларға қысқа да нұсқа, тек қажеттісін жеткізуі керек. Ал тапсырманың жарты бөлігін, қосымшаларын жұмыс барысында түсіндіріп отыруға болады. Өйткені балалар сөздің көптігінен тапсырманы орындау ретін шатастырып алуы да мүмкін. Тіпті кейде сөздің көптігінен тапсырманың негізін балалар ұқпай жататын жағдайлар да кездеседі.

Бұл жастағы балаларды оқыту процессін оңтайландыру үшін оқу барысына қандай да бір ойындардың көріністерін енгізіп отырған дұрыс. Өйткені мектепке дейінгі жастағы және бастауыш сынып балаларын оқытуда олардың қызығушылықтарын жоғалтып алмауға тырысу керек. Ол үшін жаңағы айтқанымыздай, ойын көріністері, түрлі тосынсыйлар көп көмек болмақ. Сонымен қатар көңіл күйді көтеретін, сабақ барысын қызықтыра түсетін қандай да бір әдіс-тәсілдерге көбірек назар аудару керек. Педагог сыныпта балалардың бір-біріне, мұғалімге деген құрмет пен сыйластық сияқты қарым-қатынастың орнауын басты назарда ұстауы қажет. Балаларды қолдап-қолпаштап, кішігірім жетістіктері мен жеңістері үшін мақтап, керек кезде қол ұшын созып, көмектесіп отыру да – мұғалімнің міндеті. Десе де оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне кедергі келтірмей, көбірек мүмкіндік беру керек.

Баланың айналасын тану ерекшелігін айта отырып, К.Д.Ушинский олардың қоршаған ортаны түрлі пішіндер, түстер, дыбыстар мен түйсік арқылы танитынын айтқан. Бұл балаларды оқыту процессінің тағы бір ерекшелігін айқындайды. Ол балалардың зат немесе құбылысты тікелей қабылдау негізінде құрылуы керек. Мектепке дейінгі жастағы балалар зат пен

құбылысты бейнелі, көрнекі елестетумен бағдар жасайды. Сондықтан бұл жастағы балаларды оқыту көрнекі түрде болуы керек.

Осылайша алты жастағы балаларды оқытудың психологиялық-педагогикалық тиімділігінің талаптары төмендегідей бағытталуы керек:

- тұрақты танымдық қажеттіліктері мен қызығушылықтарын дамыту мен қалыптастыру;

- оқу барысындағы өнімді білігі мен білімін дамытуға;

- баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ашуға;

- өзін-өзі бақылау, өз іс-әрекетін ұйымдастыра білу, реттеу сияқты өздігімен жұмыс істеу қабілетін арттыру.

Алты жасар балаларды қалай оқыту керек

Л. С. Выготский ересектердің дайындаған мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы балалар үшін екенін ескеру керектігін айтқан. Сондықтан алты жастағы балаларды оқыту балалардың бойындағы балалықтың орнын әлдеқайда дамыған үлкендердің түсінігімен «басып алу» деп емес, педагогикалық әдіс-тәсілмен айналасындағыларға қарым-қатынасын олардың іс-әрекеттерінің өзгеруі деп түсіндіру керек. Сонымен бірге алты жастағы баланы оқытқанда оның психологиялық ерекшеліктеріне – көркем ойлауына, тәртібіне, ойындағы, шығармашылық, практикалық іс-әрекеттеріне және тағы басқаларға мән беріп, соған сай болу керек.

Мұндайда оқытудың қандай түрі тиімді? Алты жастағы балалармен жұмыс істеген мұғалімдердің алғашқы сабақтардан-ақ «Олардың ештеңе істегісі келмейді», «Тыңдамайды», «Мұқият емес» және т.б. деп талай түңіліп шыққандары анық. Мұндағы басты мәселе – алты жастағы балаларды оқыту жеті жастағыларды оқытудан өзгеше екендігінде. Және бұл ерекшелік тек сабақ уақытының ұзақтығында ғана емес. Алты жастағы балалардың сабағының құрылымы да басқаша болуы қажет. Сабақ бір тақырып аясына біріктірілген бірнеше бөліктен тұрады. Ал сабақ барысындағы балалардың әрекеттері де әртүрлі болуы керек. Балалардың заттармен жұмыс істеуіне көбірек көңіл қойылуы керек. Сабақта бала тақтада жасалып жатқанның барлығын өз партасында отырып-ақ байқап, жасап көргені жөн.

Бұл жастағы балаларды оқытуда жоғары айтқанымыздай, сабаққа ойын элементтерін енгізудің тиімділігі өте жоғары. Мектептегі сабақ барысына ойындарды енгізу балабақшадағы жағдайды көбірек еске салады. Ойындар балалардың мектепке, жаңа ортаға бейімделуіне ғана керек емес. Жүргізілген тәжірибелер қарапайым оқу процессінен қарағанда, дидактикалық ойындармен өткізуде балалардың оқу бағдарламасын көбірек қабылдай алатынын көрсеткен. Дидактикалық ойындарда оқу тапсырмаларының жартысы ойын ережелері тұрғысында болады. сондықтан да жаңа ақпаратты балалар ойын ретінде көріп, еш қиындықсыз қабылдайды.

Педагогтің негізгі міндеті – шығармашылық адамын тәрбиелеу. Білім беруде бұны қалай шешуге болады? «Оқу-тәрбиелеу процессін дұрыс ұйымдастыру – оқушыларға тәжірибесіз шешімін табу мүмкін емес тапсырма беру деген сөз», деген танымал Кеңес психологы В. В. Давыдов: «Мұғалім

балалардың тәжірибе жасауына, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасаған кезде ғана оқушылар сабақ уақытында тек партада отырып қана кетпей, шынымен де білім алуға әрекет етеді» – дейді. Тәжірибелер кезінде оқушылар өздерін зерттеушілер ретінде ұстап, заттар мен құбылыстардың ортақ байланыстарын, ара қатынастарын танып-біледі.

Балалардың алдына тәжірибе жасауға қажетті заттарды ұсынған кезде мұғалім құбылысты тануға мүмкіндік туғызатын тапсырмалар береді. Осылайша педагог балалардың өздігімен ізденуіне жол сілтейді. Тәжірибе алдында, әдетте, балалар зерттеулері туралы өз ойларын ортаға салады. Тек дұрыс болжамдар ғана емес, болжамдарының зерттеу нәтижесіндей болмауы да балалардың белсенділігін және өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға түрткі, себепші болады.

Н. Н. Поддьяковтың бастамасымен Кеңес кезінде балалардың тәжірибе жасауы зерттелді. Оның мұғалімдер үшін де пайдалы болатын қорытындылары жарияланды.

Қағаздан түрлі заттар құрастыруды үйретудің дәстүрлі тәсілі ойыншықтың жасалу жолдарын тек көрсету мен түсіндіруді қарастырады. Мұндайда баланың таңдау жасауына мүмкіндік жоқ. Кез келген қателік (мысалы, қағазды дұрыс бүктемеу, қисық кесу және тағы басқа) басталған істі аяғына дейін жеткізуге мүмкіндік бермей, ойыншық жасалмай қалады.

Л. А. Парамонованың жүргізген зерттеуінде қағаздан ойыншық құрастырудың бірінші сабағында-ақ бірнеше (5—6) ойыншық түрі (қорап, жәшік, балалар арбасы және тағы басқа) көрсетіліп, оларды жасау жолдары жайы түсіндірілген. Одан кейін сабақтың соңында балалар қорап жасауды үйреніп алатындай етіп, оны ойын түрінде өткізіп көрген. Келесі екі сабақта айтарлықтай қиын құрастырмақтар дайын үлгі негізінде оңай жасалынды. Қажетті құраушы бөліктерді жасау үшін әр жолы балаларға белгілі үлгіні пішініне, орналасуына, бір-біріне қатынасына қарай әрқалай өзгерту керек. Осындай жұмыстар арқылы балалар көптеген жетістікке жетті.

Балалардың тәжірибесі үлкен нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді және әдеби мәтіндермен де дәл солай. Мұнда тек мәтінді түсіну деңгейі ғана көтерілмейді, сонымен қатар баланың толыққанды дамуына да жағдай жасайды. Е. В. Бодрованың тәжірибесінде мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мынандай үлгімен құралады: балаларға проблемалы мәтінді, яғни өздеріне жалпы мазмұны таныс, бірақ толықтай алғанда мағынасын түсіну біраз қиындықтар туғызатын шығарма беріледі. Олар –кейіпкерлерінің арасында жанжал, қақтығыстар орын алатын моральді мәселелерге құрылған сюжеттік әңгімелер. Бірақ ол қақтығыстарды әртүрлі жолмен шешуге болады (В. Осееваның әңгімелері «Отомстила», «Плохо», «Сыновья» және тағы басқа). Бұл мәтіндерді түсіну үшін оның барлық кейіпкерлерін қатар қойып, бір-бірімен салыстырып, орын алатын жағдайды өзгертіп («Егер былай болған жағдайда...») көру керек.

Бастапқыда ересектер балаларға проблемалы мәтінмен қалай жұмыс істеу керектігін көрсетті. Ал одан кейін балалар өздер беттерімен, өз пайым-

түсініктерімен әңгіме желісін өзгертіп көрді (мысалы, мәтінді толықтыра жалғастырды).

Алты жастағы балалармен жұмыс істейтін педагогтер Л. С. Выготскийдің қағидасына сүйенгендері жөн. Ол: «білім беру дамудың шаңына қалмай, алдына шығып, өзінің соңынан тартып жүруі керек» деген. «Мектеп жасындағы баланы оқыту мен ақыл-ойын дамытудағы мәселе» атты жұмысында Лев Семенович психикалық қызметтің қалыптасқан ерекшеліктерін бейнелейтін дамудың маңызды деңгейі және дамудың жақын аймағы түсінігін енгізді. Бұл түсінікті аша көрсеткен Выготский: «Баланың ересек адамның көмегімен әрекет ету жағдайында қалуы оның дамудың жақын аймағын меңгейді... баланың ертеңгі күнін анықтауға, оның дамуының динамикалық жағдайын анықтауға көмектеседі... Осылайша, баланың ақыл-ойының даму жағдайын оның дамудың маңызды деңгейі және дамудың жақын аймағы сияқты екі деңгейін айқындау арқылы анықтауға болады».

Бұл қағиданы негізге алған педагог, бір жағынан, оқушыларға тым жоғары міндеттер жүктемеуі керек (дамудың жақын аймағына сай келмейтін), ал екінші жағынан, оқушының дамуының жақын мүмкіндіктеріне бағдар жасауы керек. Әрине, оны төмендетпей, баланы алға жетелеуі қажет. Бұл қағидаға сүйену алты жастағы балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер үшін өте маңызды.

Өкінішке қарай, зерттеулер мен бақылаулар көрсеткендей, жалпы даму деңгейі ең шеткі (төмен және жоғары) көрсеткіштегі балалар әрқашан толық дамуға мүмкіндік ала бермейді. Мұндай балаларға көңіл бөлу керек. Олармен жұмыс істегенде дамудың жақын аймағын ескере отырып, өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыра алатындай жағдай жасау керек.

Алты жасар балалармен мектеп жағдайындағы оқу-тәрбие жұмысы

Алты жасар балалармен мектеп жағдайындағы тәрбие жұмысын қалай ұйымдастыруға болады? Бұл сұрақ мектеп өзіндік психологиялық ерекшеліктері бар алты жастағы балалармен таныс болмағандықтан туындайды. Сондықтан жеті жастағы балаларға арналған жұмыс тәжірибесін алты жасарларға ауыстыра салудың механикалық қаупі бар. Балабақша жағдайындағы алты жастағы балалармен тәрбие жұмысының тәжірибесін осы жастағы балаларға мектептің бірінші сыныбында қолданудың да өзіндік қаупі бар. Мұндай әрекеттер алты жастағы балаларға білім беруде, дамытуда және тәрбиелеуде бастапқыда күтілген нәтижені бермеуі мүмкін; бұл оқушылардың толық емес психологиялық қасиеттері немесе оларды бір әлеуметтік-тұрмыстық және материалдық ортадан екіншісіне механикалық ауыстыру баланың жан-жақты ашылуына және тәрбиесіне толыққанды жағдай тудыра алмайды.

Алты жастағылар бірінші сынып оқушысы атанады. Осылайша, мектеп жағдайында алты жастағы балалардың жас ерекшеліктерімен тиімді үйлесетін тәрбие жұмысын қалай жоспарлау керек деген міндет туындайды. Алты жастағы бала әркез мектепалды педагогиканың зерттеу нысаны болмақ. Соңғы он жылдықта алты жастағы балаларды мектеп жағдайында тәрбиелу

Ш.А.Амонашвили, В.В. Давыдов, И.Д.Зверев, А.Я.Каруле, Н.Н.Поддьяков, А.М.Пышкало, Б.И. Хачапуридзе, Ш.Н.Чхартишвили, Д.Б.Эльконин және т.б. сияқты танымал ғалымдардың көңілін аударып бастады. Олардың еңбектерінде алты жастағы балалармен тәрбие жұмысының әдістері мен мазмұнының түрлі қырлары көрініс тапқан. Оның ішінде адамгершілік, этикалық, еңбекқорлық, ақыл-ой тәрбиесі және тағы басқа. Он бір жылдық орта мектептің бірінші сыныбының жағдайында алты жасар оқушыны тәрбиелеу мәселесі бүгінде өте өзекті. Алты жасар балалар өздерінен бір жас үлкен аға-әпкелерінен көптеген қасиеттерімен ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер әрқалай. Сондықтан да жеті жасқа арналған бағдарламамен алты жастағы балаларды оқыту мүмкін емес, әрі оның нәтижесі де көңіл көншіктіретіндей болмайды. Алты жастағы балалардың психологиялық табиғаты тек мектепке дейінгі жағдаймен зерттелген. Сондықтан да мектеп, мұғалім бұл жастағы балалардың жай-күйімен мүлде таныс емес. Сондықтан да жеті жастағы балаларға арналған бағдарламаны алты жастағыларға аударып салуға болмайды.

Балалар өз қажеттіліктерін, соның ішінде танымдық қызығушылықтарын толықтай іске асыратын және қанағаттандыратын әрекеттің негізгі формасы – ойын. Әрине, мектеп жағдайында ойналған ойын бірінші кезекке білім беру бағдарламасын қойып, баланың ойынға толықтай берілуіне кедергі болады. Десе де, ойынға деген қажеттілікті кілт тоқтату баланың оқуға, мұғалімге деген кері эмоционалды қарым-қатынасын туғызатыны анық. Бала ойынының негізгі психологиялық тәсілі – «еркін таңдау сезімі» (Ш.А. Амонашвили). Әдетте, ойын ойнағанда бала өзіне ұнайтын ойын түрін, ойыншықты өзі таңдайды және құмары қанғанша ойнайды. Бала бір ойынды екіншісіне өзі қалаған уақытта ауыстырады. Яғни таңдау еркізінде, еркін таңдау жасайды. Ал сабақ барысындағы ойынды баланың қалауынсыз кілт тоқтату, оған кері әсерін тигізуі мүмкін. Осыған байланысты мектептегі оқу-тәрбие жұмысына ойынды қалай, қай түрін, қандай формада енгізуге болады деген сұрақтар туындайды. Алты жастағы балалардың тағы бір ерекшелігі – олардың әлеуметтік тәжірибесінің жоқтығы. Жеті жасар баланың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауда бір жылдық тәжірибесі бар. Ол алты жастағы балаларға қарағанда адамгершілік, этикалық ситуацияларға жиірек тап болады, үлкендермен кино, театрға барады, қыдыруға шығады, ересектермен бірге еңбектенеді, телебағдарламалар қарайды, ертегі тыңдайды, т.б.. Әрине, мұның бәрі оған сабақ, тәжірибе болады. ол жаңа ортада өзін қалай ұстау керектігін, адамдармен қалай тіл табысуға болатынын үйренеді. Мұндай білімнің бәрі оған бірінші сыныпта керек болып, пайдасына жарайды. Ал алты жастағы балада мұндай тәжірибе жоқ. Оның жоқтығы бала мектепке барғанда айқын сезіледі. Әлеуметтік тәжірибенің аздығы мектепте орын алатын кикілжіңдердің себепшісі де болуы ғажап емес. Мұғалім баланың әрекеттерін түсінбей, оның тәртібін жолға қою үшін белгілі бір шаралар қолданады. Ал онысымен жағдайды одан әрі ушықтырып алуы мүмкін. Алты жастағы бала жақсылыққа, қуанышқа қарай талпынып тұрады. Ал мұғалімнің өзіне деген кері қатынасын бала өте ауыр қабылдайды. Алты жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері (ерік-жігерінің деңгейі, ойлау

қабілетінің көрсеткіші, сөйлеу сауаты және т.б..) – оқу-тәрбие жұмысындағы маңызды аспект. Бірінші сыныптағы алты жастағы балаларды оқу-тәрбиелеу жұмысының бар міндеті оқушыларға жазу, сызу, оқу, санауды үйрету ғана емес. Сонымен қатар балалардың бойындағы мектепке деген махаббатын оятып, оларды мектеп өміріне үйрету, қатарластарымен жақсы қарым-қатынас орнатып, мұғаліммен ара қатынасын нығайту, балалардың жаңа ортаға бейімделуіне жағдай жасап, топпен және өз бетінше жұмыс істеуді үйрету, қарапайым адами-этикалық нормалармен таныстырып, білім-білігін арттыру. Әрине, мектеп болған соң ондағы өмір алты жастағы балалардың белгілі бір ережелер мен қағидаларға мойынсұнуды талап етеді. Сондықтан балалар әркез бойындағы қызбалықтарын танытып, жолдастарына кедергі келтіріп, сабақ барысында қалаған уақытында далаға шығып, т.б. ойларына келгенді істей алмайды. Дегенмен, «субъективті ұстанымнан объективтіге» (Д.Б. Эльконин) өту мектептің бастапқыда жеті жастағыларға арналған кейбір дәстүрлі талаптарын өзгеше қабылдайтын динамикалық педагогикалық процесс болуы керек: сабақтың ұзақтығы, сабақтың кезектесу режимі, тәрбие жұмысының бағыты және тағы басқалар. Психологиялық ерекшеліктерін және мектептің алты жастағы бірінші сынып оқушыларына арналған тапсырмаларды ескере отырып, тәрбие жұмысының мазмұны келесі талаптармен анықталды:

1. Дұрыс қоғамдық тәртіпті қалыптастыру
2. Достық және жолдастық сезімін тәрбиелеу
3. Мектепке деген оң қарым-қатынасты қалыптастыру
4. Үлкендерге, ата-анаға құрмет көрсетуді үйрету
5. Қоршаған ортаны аялауды үйрету
6. Кішілерге қамқор болуды үйрету
7. Ерік-жігер, еңбекқорлық, сыпайылыққа үйрету.

Алты жастағы балалармен жұмыс істегенде негізгісі, әрі бастысы, педагогтің жеке қасиеттеріне, оқушылармен қарым-қатынаста қандай педагогикалық тәсілдерді қолданатынына мән беру керек. Бұл жастағы балалардың тобымен таныс емес мұғалім олардың психологиялық ерекшеліктеріне мән бермеуі мүмкін. Көп жағдайда мұндай қателіктер орын алып жатыр да. Онымен қоса, мұндайда мұғалімдер оқушылардың «бастығы» ретінде әрекет етіп, олардың оқуға, жаңа дүниені тануға деген талпыныстарын жойып, мектепке деген қызығушылығына балта шабады. Алты жастағы балаға адамгершілікпен қарау мұғалімнің методикалық пікірін қайта қарауға және оны баланың жасына сай өзгертуіне түрткі болады. Педагогтің алты жастағы бірінші сынып оқушыларымен жұмысында ең бастысы:

1. Балаға жеке тұлға ретінде қарап, оны құрметтеу;
2. Балаға деген махаббаттың болуы және оны керек кезде балаға көрсете білу;
3. Баланың моральді-этикалық әрекеттері мен білімін жетілдіруде өз күшіне сенімін арттыру;
4. Баланың тәртібінде ұстамдылық пен байсалдылықты арттыру;
5. Баланың жеке өміріндегі және оқудағы жеткен жетістіктері, қуанышы мен қайғысына ортақтаса білу;

6. Оқу-тәрбиелеу процессінде әр баланы өзінің серіктесі ретінде көрсете білу;
7. Оқу-мен тәрбиелеу процессінде еркін таңдау жасауына мүмкіндік беру.

Әрине, бұл аталғандармен мұғалімнің педагогикалық қызметтегі мінезі мен жеке қасиеттері таусылмайды. Кішкентай оқушыларын түсінуге тырысқан әр мұғалім алты жастағы балалармен тіл табысып, жұмыс істеудің жолдарын табады.

Оқу-тәрбие беру процессінде тамаша көңіл күй сыйлауға методикалық тәсілдер көмек болады. Алты жастағы балаларды бірінші сыныпта оқытудың ерекше сипаты болады. Бұл процесте тәрбиелеп оқыту принципін ұстану, бір жағынан, балалардың психологиялық ерекшелігімен байланысты болса, келесі жағынан – оқытудың мазмұны, оқу материалы негізінде оқу-танымдық жұмыстарды ұйымдастыру тәсілі, үшінші жағынан, мұғалім әр балаға өзінің адами қасиеттерін методикалық формалармен және тәсілдермен жеткізетін құрал болмақ.

Алты жастағы баланың тәртібін қадағалайтын білім беруде тәрбиелеудің түрлі тәсілдері қолданылады. Бұл – мұғалімдер де, балалар да математика немесе сауат ашу сабақтарын балалардың туған күнін мерекелеуге арнау, туған күн иесіне жақсы тілектер айту, өздері дайындаған сыйлықтарын табыстау және тағы басқа. Бұл – «құлаққа сыбырлау» тәсілі. Яғни танымдық тапсырмалардың тапқан жауабын жанына келген мұғалімнің құлағына сыбырлап айту, мұндайда әр бала мұғаліммен тікелей қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік алады. Ал мұғалім өз кезегінде, баланы мақтап, ақылын немесе ескертуін айтуы мүмкін. Әрине, ақыл-кеңес пен ескертулер тек оқуына ғана емес, тәртібіне де байланысты болады. сонымен қатар «мұғалімнің әдейі қателесуі» деген де тәсіл бар. Бұл балалардың танымдық әрекеттерін арттырып, оларға мұғаліммен пікірталаста өз ойларын айтып, педагогтің «қатесін» түзетуге тырысуға мүмкіндік береді. Бала тәрбиесінде балалардың адами-этикалық позициясының өз бетінше қалыптасуына ерекше орын беріледі. Осы мақсатпен мазмұны адами-этикалық қасиеттерге, түрлі мәселелерге құрылған шағын әңгімелер жиі талқыланады. Мұндайда педагог оң мен терісті біле тұра әдейі теріс ұстанымды алға тартып, оқушыларды өз ойларын ортаға салып, пікірталаста қоғамның пікірін, этикалық нормаларды жақтап шығуына мүмкіндік жасайды.

Алты жастағы балалардың мектептегі ең жас ата-аналардың бала тәрбиесінде тәжірибесі аз. Олардың көпшілігінің педагогикалық білімдері жоқ. Соған орай олар отбасында балалардың психологиялық ерекшеліктерін, оларды тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері туралы білуге құмар. Мұғалімнің алты жасарлардың ата-анасымен жұмыс істеуінің бір формасы – өз оқушыларының ата-аналарына арнайы дайындалған жоспар бойынша педагогикалық жаппай оқытуды ұйымдастыру. Ол балалардың психологиясы, отбасылық тәрбие туралы лекциялар, әңгімелесулер, ата-аналар жиналысы, сондай-ақ жеке кездесулер түрінде өткізіледі. Мұндағы ең тиімді жолдардың бірі – ата-аналарды мектеп өміріне жақындату. Сонымен қатар балаларына қызықты

түрлі үйірмелерге деген қызығушылықтарын ояту. Мұғалімдердің жүйелі түрде ата-аналарға арналған ашық сабақтар өткізіп тұруы өте маңызды. Мұндайда олардың алдында балалармен оқу-тәрбие жұмыстарының ерекшеліктері ашылады. Әр тоқсанның соңында жіберілетін «ата-аналарға арналған пакеттің» пайдасы өте мол. Ол пакеттерді сабақ барысында педагогтер дайындайды. Онда балалардың жұмыстарының үлгілері – ана тілінен, математикадан жазба жұмыстары, суреттері, геометриялық өрнектері, аппликациялар сақталады. Сонымен қатар балаларға берген мұғалімнің мінездемесі де болады. Онда мұғалім оқушының оң тұстары мен оқуда үздік болуы үшін ненің жетіспейтіні жайында жазады. Ал ата-аналарға бала тәрбиесінде бұл пакеттің ішіндегі ақпаратты қалай пайдалану керектігін үйретеді. Ата-аналармен жасалатын барлық жұмыстар мектеп пен отбасылық тәрбиенің бірігуіне өте қажет.

Алты жасар балаларды оқыту тәсілі

Алты жастағы балалардың сыныптағы оқу аптасының мазмұны мұғалімнің оқу жоспарымен, жалпы білім беру бағдарламасында көрсетілген сабақ санымен анықталады. Тематикалық және сабақ жоспарын мұғалім балалардың қай кезеңде қандай ақпарат беру керектігін ескере отырып жасайды. Яғни балалардың білімі мен білігін арттыратын ақпарат жоспар бойынша дайындалады.

Алты жастағы балаларға арналған сабақтың ерекшелігі. Сабақ – оқыту процессін ұйымдастырудың негізгі формасы. Алты жастағы балаларға арналған сабақтың қандай ерекшеліктері болады? Біріншіден, сабақ қысқа болуы керек: 30-35 минут – ең шеткі мөлшер. Әйтпесе, балалар шаршайды (кейбірі тіпті сабақ үстінде ұйықтап қалуы да мүмкін), зорығып, ашушаң болып кетеді. Оқу жылының басында мини-сабақтар (ұзақтығы – 15 минут) өткізуге болады. Сабақ жоспарын жасағанда мұғалім тапсырмаларға, оларды балаларға ұсыну формасына ерекше көңіл аударуы керек. Тапсырманы қызықты етіп ұсынған жағдайда балалардың дамуына да әсері мол болады. мұғалім тапсырмаларды тақтаға жазуға уақыт жоғалтуына болмайды. Оны алдын-ала, сабақтың басталуына дейін дайындап қойғаны абзал. Үзіліс кезінде балалар сыныпта демалады: әуенмен дене жаттығуларын жасайды, аудио-әңгіме, тақпақ, әуен тыңдайды. Екіншіден, сабақ ойын элементтері кіргізілген күннің өзінде, тек ойын-күлкі емес, салмақты да, қызықты да, қиын да, қуанышты да өтуі керек. Ол үшін: балалардың қызығушылығын тудыру, ойлау қабілеттерін арттыру, өз бетінше жұмыс істеуге баулу үшін оқу материалын қалай ұйымдастыру керек; балалар мүмкіндіктерін толық жүзеге асыра алуы үшін қандай жағдайда қалай көмек көрсету керек, балалардың оқу материалымен жұмыс істеуінде серіктестікті алай арттыруға болады деген мәселелердің шешімін ойластыру қажет. Мұғалім балалар үшін тек уайымдап қана қоймай, олардың күшіне сеніп, олармен бірге ойнап-күліп, бірге қуанып, бірге таңданып, бірге ойланып, сабаққа оқушылармен бірге «кірісуі» керек. Сонымен қатар осынау сезімдерді жұмыс барысында балалардың да бастан өткеруіне түрткі болуы қажет. Оқушыларды мұғалімнің мысы басады. Олар

әрдайым мұғалімнің айтқанын құп көріп отыра береді. Мұғалімнің «Иә» немесе «Жоқ» деген жауапты талап ете, екпінмен қойған сұрағына оқушылар хормен талап етілген жауап нұсқасын айтуға әзір тұрады. Оқушылар мұндай жағдайды жеңе білулері керек. Сондықтан сұрақты қойғанда оқушылар жауап беру үшін ойланып, дұрыс шешімін ізденетіндей етіп қою керек. Әр салмақты танымдық тапсырманы берген сайын оқушының ойлануына да уақыт беру қажет. Бұл уақытта оқушы ойын жинақтап, мәселенің шешімін өздігімен іздеп, болжамдарының дұрыс-бұрыстығына көз жеткізуді үйренеді. Осы мақсатта мұғалім де кей кездері ойын дауыстап айтып, мәселенің шешімін іздеуде «қателесіп» те, «дұрыс тауып» та көруі керек. Әр қиын тапсырманың шешімі табылғаннан кейін оқушылардың бұл қуанышымен бөлісіп, жеңістерімен құттықтап, Қол шапалақтап, «Алақай, біз шешімін таптық!», «Қиындықты жеңдік!» деп, балаларды мақтап-мадақтап қойған абзал. Үшіншіден, сабақ тапсырмалармен басталып, өтілген тақырыпты қорытындылаумен аяқталуы керек. Сабақтың басында балалардың не нәрсемен танысатыны туралы айтып, тақтадағы жазбаны – тапсырмалар мен жаттығуларды көрсетіп, балалармен сабақтың қызықты, әрі пайдалы өтуі үшін олардың қалай өткізгісі келетіндерімен, мұғалімге қалай көмектесетіндері туралы ақылдасады. Сабақты қорытындылаған кезде сабақтың қалай өткені, балаларға ұнаған-ұнамағаны, олардың не үйренгендері туралы сұрайды. Мұғалім сабақ барысында оқушылардың, мейлінше, көбімен жеке тілдесуі (оқушы үшін мұғалімнің жанына келіп, білмей жатқанын көрсетіп, айтып беруі, өзінің мұғалімнен әлденені сұрауы не айтуы өте маңызды) керек.

Методикалық тәсілдер туралы. Мұғалім міндетті түрде әртіс сияқты ойнай білуі керек: өзінің, қандай да бір әңгіме кейіпкерлерінің сезімін, көңіл күйін бет-әлпеті, іс-қимылы, дауыс ырғағымен келтіре білуі, балаларға оны жеткізе алуы қажет. Мұндай артистизм сабақ барысына жан бітіреді, мұғалім мен балалардың арасындағы қарым-қатынасты шынайы етеді, оқу материалын толыққанды түсінуге жағдай жасайды, балалардың шынайы сезімдерін оятады. Шынайы сезімді оята алған ақпарат баланың жадында ұзаққа сақталатыны баршамызға аян. Төменде сабақта қолданылатын кейбір әдіс-тәсілдер:

- Хормен жауап. Бұл танымдық тапсырманың шешімін табуға барлық баланы біріктіруге мүмкіндік береді, уақытты үнемдейді, сергектік сыйлайды, топтық ойын ретінде қабылданады. Бұл әдісті сабақта 2-3 минут мөлшерінде қолдануға болады.

- Құлаққа сыбырлау. Алты жастағы балалар сұрақты аяғына дейін тыңдамай жатып, жауап беруге асық болады. «Менен сұраңызшы» деп қол көтерген балаға мұғалім оны тақтаға шақырып, өздерінше жеке әңгімелескендері керек. Мұғалім тапсырманы бергеннен кейін балаларға «Жауаптарыңды әрқайсысың менің құлағыма айтасыңдар» деп ескертуі керек. Ары қарай мұғалім алғашқы болып қолын көтерген баланың жанына барып, құлағын тосады. Оқушы жауапты мұғалімнің құлағына сыбырлап айтады. Егер жауап дұрыс болса, мұғалім бәріне естірте: «Жарайсың, жауабың

дұрыс!» деп мақтап қояды. Ал жауап қате болған жағдайда мұғалім оқушының құлағына «Сен қателестің, тағы да ойлан» деп, ешкімге естірмей айтады.

- «Мұғалімнің қателігі». Бұл әдіс балалардың өз бетінше жұмыс істеуін, ойлауын арттыру үшін, еркін таңдау жасау құштарлығын қанағаттандыру үшін қолданылады.

- Мұғаліммен пікірталас. Тапсырманың шешімін мұғаліммен бірге іздеу балалардың оқу процессінде өздерін мұғаліммен бір дәрежеде сезінулеріне жағдай жасайды. Мұғалім қандай жерде «қате жіберетінін» жан-жақты ойластырып алғаны жөн. Педагогтің «байқаусызда» жіберген қатесін балалар түзеткеннен кейін, мұғалім қырағылық танытып, көмектескен оқушыны мақтап қойғаны дұрыс.

- Қараңғыдағы тапсырма. Бұл тәсіл балалардың сүйікті ойыны – тығылыспақты ойнай жүріп, олардың өз бетінше ойлануларына септігін тигізеді, аз уақытта әр баламен байланыс орнатуға көмектеседі.

Ойын былай өтеді. Тәрбиеші: «Бастарыңды иіп, көздеріңді жұмыңдар! Мені мұқият тыңдаңдар! Мен сендерге бір сөз айтамын, ал сендер ол сөзде қанша әріп, қанша буын, қанша дауысты дыбыс, қанша дауыссыз дыбыстың барын саусақтарыңмен көрсетесіңдер» және тағы басқа. Тәрбиеші қатарлар арасымен жылдам жүріп, балалардың қолына қолын тигізіп, дұрыс көрсеткендерін мақтап, қате көрсеткендерінің ойлануын өтінеді.

Сауат ашу процессін қалай құруға болады? Оқып, жаза білу – алдағы уақытта оқудағы үздік атанулары үшін алты жастағы балалар үшін ең маңызды міндеттердің бірі. Бұл балалар тезірек оқып-жазуды үйренгілері келеді. Олардың көбі мектеп табалдырығын аттамай жатып-ақ оқи алады, әріптерді таниды, өз есімдерін, «әке», «шеше», «ата», «апа» сынды сөздерді жаза да алады. Оқу – әріптерді тану және зуылдатып айту емес. Ол – оқыған мәтінің мазмұнын түсіну, одан ақпарат алып, пайдаға жарату. Бұл – жазуға да қатысты түсінік. Жазуда жазу машығы тәуелсіз роль ойнамайды, ол ойды графикалық түрде жеткізуге, логикалық, синтаксистік, орфографикалық және т.б. бағынады. Баланы бұлардың барлығына бірдей баулу керек. Ал жазу машығы ойды графикалық әрлеуге мүмкіндік беруі керек. Жазып отырған адам әріптерді қалай әдемі жазатыны, оларды өзара қалай байланыстыратыны туралы емес, қандай ой айтатыны, сөйлемде оларды қалай әрлейтіні туралы ойлауы керек. Алты жастағы балалардың сауатын ашу – оқу процессінің бір түрі. Ол мектеп бағдарламасына енгізілген және бұған айтарлықтай сағат бөлінген. Алты жастағы балаларға арнайы оқу-методикалық оқулықтар мен олардың методикалық ұсыныстары дайындалған. Бұл жастағы балаларға оқу мен жазуды үйретуге байланысты Зайцев, Никитин, Александрова, Журова және тағы асқа да көптеген ғалымдардың методиктері бар.

Сабақта ойынды пайдалану. Алты жастар балалар – жастық психологиясы тұрғысынан қарағанда мектепке дейінгі жастағылар. Бұл олардың мектеп типіндегі орында білім алуға әлі психологиялық жағынан дайын емес дегенді білдіреді. Сондықтан алты жастағы барлық балаларды мектепке дайындау керек. Бұл дегеніміз, алты жастағы балаларды оқытуда

мектепке дейінгі ортаның формасын талап етеді және бәрінен бұрын балалардың ойынын кең қолдану керек деген сөз.

Мектепте білім алуға психологиялық даярлықты қалыптастыруда ойынның негізгі үш түріне ерекше көңіл бөлу керек. Олар: сюжетті-рольдік ойындар, ережелері бар ойындар және режиссерлік ойындар.

Алайда мектепке дейінгі жастағы бала тек ойнап қана қоймайды. Ол сурет сала алады, ермексазбен, құрастырмақпен жұмыс істеуді біледі, музыкамен айналысады, сауат ашудың негіздерінен де хабардар. Бұлардың барлығы ойынмен қалай байланысады? Мүмкін ойын өзімен-өзі беәлек, ал басқаларымен айналысқанда ойын мүлде ұмытылып қалатын болар?

Ойын мен білімнің арасы – жер мен көктей, олар бір-бірімен қас дұшпандар сияқты деген пікір де бар. Алайда, бұл пікірдің түп-тамырымен шындыққа жанаспайтынын және педагогикалық психологияның барлық негіздеріне қарама-қайша айтылғанын ескерген жөн. Шын мәнінде, ойын баланың өмірін гүлдендіретін күшке ие. Ойынға деген махаббат ес біліп, есейгенде де жойыла қоймайды. Ал бала кезде оны баланың айналысатын бар ісіне қосқан жөн. Үлкендер ойынды бала тәрбиесі мен білім алуында шебер қолдана білуі керек.

Ойын – балалардың түрлі іс-қимылдарының барлығының сапасын арттырып, жемісті болуына себеп. З.М.Истомина жүргізген тәжірибе балалар психологиясында классикалық зерттеу ретінде белгілі. Онда мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздер жиынтығын есте сақтау және айту мүмкіндіктері зерттелді. Кішкентай балаларға бұл өте қиын тапсырма болды. Сонда ұйымдастырушылар балаларға дүкен ойынын ойнауды ұсынды. Ал зерттеу кезінде есте сақтау керек сөздер дүкеннен сатып алатын заттардың тізімі болды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, ойын кезінде балалардың бірнеше сөздер жиынтығын жаттап алуы да, айтуы да еш қиындық туғызбады.

Ойын балалардың әрекеттерін ойлап жасауға баулиды. Балаларға қандай да бір тапсырма берместен бұрын, оны ойынға қалай айналдыруға болатынын ойластыру керек.

Сабақ барысына ойынды қосу білім алудың мектепке дейінгі типін сақтап қалуға мүмкіндік туғызады. Ойын әрдайым балалардың жеке әрекеті болып қалады. Сондықтан ойын арқылы алған білім баланың өздігімен жеткен білімі болмақ және оны әркез пайдасына жаратады.

Әрине, оқу материалдарын барлығын бірдей ойын мазмұнына біріктіре алмаймыз. Бірақ бастапқы кезде ойыннан басқа да іс-шараларда ойынды кеңінен қолдануға болады.

Сабақты ойынмен бастауда да үлкен тәжірибе бар. Мысалы, бала өлшем бірліктерін үйренгенде, өзі де өлшеп үйрену үшін оның алдына шынымен де белгілі бір затты өлшеп көруге мүмкіндік беру керек. Мұндайда балаларға дүкен, зертхана, фабрика ойындарын ұйымдастырады. Ойын барысында балалар оқу тапсырмаларын да меңгереді.

Ережесі бар ойындар аса маңызға ие. Мұндай ойындарға дайындық кішкентай оқушылардың мектептегі білім беру процестеріне дайындықпен тең.

IV ТАРАУ. ОН ЕКІ ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АЛТЫ ЖАСАР БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ–ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

4.1 Алты жасар балаларды мектепте оқыту мен тәрбиелеудегі жаңашыл-педагог Ш.А.Амонашвилидің тәжірибесі.

Ш.А.Амонашвили 1931 жылы 8 наурыз күні дүниеге келген грузия және ресей педагогы және психологы. Шалва Александрович Амонашвили – ынтымақтастық педагогикасын насихаттаушы жаңашыл педагогтардың бірі. Тбилиси университетінің шығыстану факультетін аяқтайды, мектепте жұмыс істейді, аспирантураны бітіреді, кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғайды. Ол 60-70 жылдары бүкіл әлем бойынша жаңа педагогикалық бағыттың негізін қалауына ықпал еткен «Білім беру процесінде балаларға адами-тұлғалық көзқараспен қарау» деген тақырыпта мектептерде көпшілік экспериментке жетекшілік етті. Шалва Александрович өзі балаға деген адами-тұлғалық көзқараспен қараудың барлық принциптерін әлемдік педагогика классиктері К.Д.Ушинский, В.А.Сухомлинский, Якуш Корчак, А.С.Макаренко, т.б. үйренгендігін айтады.

Шалва Александрович мұғалімдерді педагогика даналығын шынайы да бай қайнар көзін пайдаланып, өздерінің педагогикалық шеберлігін үнемі байытып, шыңдап отыруға шақырады.

Қадірлі жасқа келгендігіне қарамастан, Шалва Александрович әлі де шығармашылықпен белсенді айналысып жүр, яғни Украина, Балтық, ТМД елдері мен Ресей мұғалімдеріне арнап, түрлі семинарлар мен шеберлік мектебі сабақтарын өткізеді. Студенттермен және аспиранттармен де бірге жұмыс істейді. Ол әлем бойынша көптеген елдердегі бірнеше зертханалар мен орталықтардың, сонымен қатар Мәскеу мен Санкт-Петербургтің экспериментті мектептерінің ғылыми жетекшісі болып табылады; халықаралық адамгершілік педагогикасы орталығы мен Украинадағы Адамгершілік педагогикасы орталығын басқарады. Ол жыл сайын Мәскеуде өтетін Халықаралық Педагогикалық оқулардың өткізілуін ұйымдастырады.

Уақытының тығыздығына қарамастан, ол адамдарға мейірімді, зерделі, ешкім оның ашушаңдығы мен дәрекілігін көрген емес. Ол – педагогикалық философияның бір қиыршығы болып табылатын ерекше шыдамдылықтың иесі.

Шалва Александрович Амонашвили мұғалімдерге арналған «Сәлеметсіңдер ме, балалар?!» атты көмекші құралында өзінің педагогикалық әрекеттерінің, ең кішкентай мектеп оқушыларының тұлға болып қалыптасуын зерттеу нәтижелерін сипаттап жазады. «Менің балалармен тәжірибе

жұмыстарым, мектептегі қызықты да қуанышты күндерді ұйымдастырудағы ғылыми ізденістерім, эксперименттік сыныптың көптеген мұғалімдерімен өткізілген көп уақыт менде білім беру мен тәрбиелеуде ізгілік, оптимисттік бастаулардан туындайтын кейбір педагогикалық пікірлер қалыптасты,»- деп Ш.Амонашвили алғы сөзінде жазады. КСРО-ның ПҒА академигі А.В. Петровский бұл кітапты «педагогикалық симфония» деп атайды. Себебі кітаптың негізгі арқауы балаларға деген махаббат, баланың нәзік жанына сүйіспеншілікке толы қарым-қатынас болып табылады. Бұл сипаттаманы Ш.Амонашвилидің «Мектепке алты жастан» деген кітабына қатысты да беруге болады. «Мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен білім беру жүйесінің тиімді түрде жүзеге асырылуы толықтай мұғалімнің тұлғасына байланысты» деп есептейді Ш.Амонашвили.

А.Амонашвилидің педагогикалық идеясының мәні.

Шалва Александрович Амонашвилидің педагогикалық идеясының мәні гуманистік бағытта болды.Амонашвили гуманизмге үлкен үлесін қосқан педагогтардың бірі болып табылады. Гуманизм - бұл әлемдік көзқарас, оның негізгі қағидаттары: адамдарға деген сүйіспеншілік, адамның қадірін құрметтеу, адамдардың әл-ауқатына қамқорлық жасау дегенді білдіреді. Гуманистік білім беру жүйесінің тарихы Сократ пен Платон оқушылармен өзара сыйластық пен ынтымақтастық рухында сөйлеген ежелгі Греция дәуірінен бастау алады. Гуманитарлық білім негізі оқушыға бағдар беру, оның мүдделерін құрметтеу болды. Баланың жеке басын дамытудың алғышарттары ежелгі уақыттан бастау алған болатын. Бұл тұжырымдар ғасырдан кейін педагогтардың пікірлерімен сәйкес келді.

Ғасырлар бойы Э.П. Поповтың айтуынша, қоғамның саяси және әлеуметтік салаларында өзгерістер болды. Дәстүрлі білім дағдарыс жағдайына жетті. «Жаңа мектепті» құруға қажеттіліктер туды сондықтан бұқаралық және жалпыға қол жетімді мектеп ашу көзделді. Әлеуметтік-педагогикалық өзгерістердің идеологиялық негізі психология, философия, әлеуметтанудағы жаңа тұжырымдарға сүйенді.

Гуманитарлық педагогика идеясын қалыптастырудың алғышарттары ХІХ және ХХ ғасырдың басында пайда болды және Н.И. Пирогов, Н.А. Добролябов, Н.Г.Чернышевский, Л.Н. Толстой, Я.А.Коменский, В. Сухомлинский және

К.Д. Ушинскийдің еңбектерінде пайда болды. Жалпыға бірдей білім беру идеясының ресми біліміне қарамастан, олар оқушылардың гуманистік қарым-қатынасын дамыта түсірді.«Адамға тән адам» жасаңыз, баланың даралығын ескеріп, көрнекі мінез-құлықты ұмытыңыз – осыған педагогтар шақырды. В.С. Безрукованың айтуынша, ағарту халықты гуманизм рухында қайта тәрбиелеудің негізгі құралы болды. Оның арқасында адамдар еркін және шығармашылық жағынан тәрбиеленеді.

XX ғасырдың аяғы - XXI ғасырдың басындағы гуманистік педагогика идеясы Ш.А. Амонашвилидің атымен байланысты. Гуманистік педагогика баланың жеке басына бағытталған, авторитарлық және либералдық қарым-қатынас түрлеріне карама-қарсы болып табылады. Амонашвили айтады:

Біріншіден, біз мейірбанды адамдар болып, балаларды қаз калпында сүйеге тиіспіз, шолжанды да, тіл алғышты да, ақылдыны да, миғұланы да, жалқауды да, ынталыны да бірдей жақсы көруіміз керек. Оның үстіне тағы да біз өзіміздің жан шуағымызды әрбір нақты жағдайға сәйкес шәкірттерімізге алаламай, тең үлестіруіміз керек. Балаларға деген мейірімділігіміз бен махаббатымыз ішкі жан күйзелісіміздің көрінісі ғана емес, сонымен бірге баламен немесе бүкіл класпен қарым-қатынасымыздың педагогикалық қызметіміздің ең басты дәлелі, стимулы болуы тиіс.

Балаларға деген мейірімділік пен сүйіспеншілік олармен дөрекі сөйлесуге, олардың жеке басымен намысына тиюге, ұрсып, қорқытуға, олардың әрқайсысының қайғысына ортақтасып, қуанышын бөліспеуге, оларға тез арада көмекке келмеуге, күдік тудыруға жол бермейді. Жаны жайсаң, баланы жан-тәнімен жақсы көретін педагог жиі күлімсірейді, сирек ренжиді, ол нағыз ұстазша тіршілік етіп, өзінің кәсіби бақытына ие болады.

Екіншіден, біздер, балаларды түсіне білуіміз керек. Бала кішкентай болғанымен оның ісі мен қаракеті үлкен. Балаларды түрлі ғылымға баули отырып, біз оларға ойынға жан-тәнімен берілген балаларға қарағанда маңызды тәрбие бердік деп жорамалдаймыз ғой. Егер бала өзінің ойыншық қола солдатын жоғалтып алып, соған жылап тұрса, онда ол біз өзіміздің жақсы керетін әрі қажетті затымызды жоғалтқан кезде өкінгенімізден кем қапаланбайды. Балалар тыным таппай минут сайын, сағат сайын, күн сайын, өзінше тіршілік етіп жатады. Сөйтіп олардың өміріне арнап, біз дайындаған педагогикалық формуланың олар үшін ешқандай мәні болмайды. Егер біз өз балаларымызды шынында да нағыз адам етіп өсіргіміз келсе онда олардың бүгінгі бал дәуренін тоқтатып, өздерінің болашақтары туралы елеулі түрде ойлауға мәжбүр ету тіпті де міндет емес. Балаларды түсіну дегеніміз — демек олардың позициясында тұру, олардың сезімін бағалап, қам-қаракеті мен ісін елеулі (олардың шын екені де рас) түрде қабылдау, олармен санасу деген сөз. Олардың қам-қаракеттері мен істеріне немқұрайлы емес, ілтипатпен қарап, мүдделі, іскерлік көңіл білдіру керек. Балаларды түсіну дегеніміз — оларға өктемдік керсетпей, олардың бүгінгі тіршілігін тірек ете отырып, ертеңгі тіршілігінің өркенін жаю деген сөз. Баланың көңіл құбылысы мен жүрек тебіренісін, оның сезімі мен талпынысын түсіне отырып, әрі балалар өміріне өзінің ең жақын адамындай қоян қолтық араласа отырып, педагог баянды тәрбиеге қол жеткізе алады. Мұндайда баланың өзін-өзі тәрбиелеуде педагогтың жақтасы болып шығады. Балаларды түсіну дегеніміз — кішкентай адамды тәрбиелеудің тамаша шеберлігін игеру деген сез.

Үшіншіден, біз оптимистер болуымыз керек. Біз өзіміздің педагогикамызға, тәрбиенің жасампаздық күшіне сенуіміз керек, әрі сенуге міндеттіміз.

Қайсыбір педагогтың жекелеген балалардың қыңыр мінезі алдында қол қусырып («Осыған ештеңе істей алмай-ақ қойдым»), бала ойы жетілуінің уақытша тежелуіне байланысты оның қабілетіне сенбейтіндігі де («Бұдан түк шықпайды») кездесіп калады. Тәрбиелеу мен білім берудегі пессимизм баланың жарқын болашағын тірідей жерлеумен бірдей; тск біздің оптимизіміз ғана баланы жігерлендіріп, оның бойындағы бұйығы жатқан күштерді оятады. Әңгіме, әрине ұстаздың: баланың ақылы әлі-ақ кіріп, ойлау қабілеті оянады, содан кейін тәрбие ісімен шұғылданып, сана-сезімін жетілдіруге кірісуге болады деп дәмеленіп, қол қусырып отырған кезіндегі филантропиялық оптимизм жайында болып отырған жоқ. Әңгіме педагогтың баланың өзіндік ішкі жан дүниесін терең барлап, осыған орай оны түлетудің — тәрбиелеудің, оқытып, дамытудың методикалық жолдарын іздестіретін пәрменді оптимизм жайында болып отыр, Пәрменді оптимизм педагогтан тұрақты творчествоны, талмай ізденісті талап етеді.

Төртіншіден, біз болашақтың адамын, жаңадан қалыптасқан адамды бейнелеуге міндеттіміз. Коммунистік сенім, биік азаматтық, ортақ іске берілгендік, халық, партия, мемлекет алдындағы, балалар алдындағы, адамзаттың болашағы алдындағы өзіміздің қалтқысыз парызымызды сезіну бізді осындай адам етеді. Біздің әрқайсысымыз — жүздеген тағдырдың туындатушысымыз біздің шәкірттеріміздің бақыты ұста дүкеніндегідей кластарымызда шындалады. Өзіміздің педагогикалық еңбегімізге біз өз Отанымыздың қуатын одан әрі нығайту, өз қоғамымызды одан әрі гүлдендіру тұрғысынан қарауға тиіспіз. Біздің жадымызда, бәрі де: күлкі де, қатыгездік те, ұстамдылық та, қарапайымдылықта, киген киіміміз де, біліміміз де, сергектік те, адалдық та, интеллектілік те, үйірімділік те, өмірге деген сүйіспеншілік те өріліп тұруы тиіс. Адамдағы кісілерге ұнаған таңдаулы қасиет атаулының бәрі бізге тән болуы керек.

Амонашвилидің айтуы бойынша осы төрт қағидаларды бұлжытпай орындайтын педагог болса ол болашағы жарқын,білімді,тәрбиелі азамат және азаматшалар тәрбиеленіп шығатынын айтқан.Және де осы қағидаларға қарама-қарсы стильде жұмыс жасайтын педагогтың сабақ беруін былай деп түсіндіреді:

Авторитарлы стильде жұмыс жасайтын мұғалім стандартқа сай сабақ беруде:Мен бүгінгі бағдарламаға сай материалдарды қалайда болса балаға жеткізіуім керек дейді.Алайда ол стандарттар балаға қызықсыз.Яғни бір сарынды болып келеді.Және де оқушы ол сұрақтың жауабын мұғалімнің білетінін біледі.Неліктен оның ол сұраққа жауап беруі керек?Амонашвилидің санауы бойынша,мектепте оқушыға 10 жыл ішінде 300000 сұрақ қойылады.Алайда ол сұрақтарға жауап беретін оқушының мотивациясы жоқ. Нақтырақ айтқанда, танымның мотивациясы көтермелеу мен жазалаудың мотивациясымен ауыстырылады.Егер бес деген баға алсам мақтайды, жауап бермейтін болсам шапалақ аламын:жаман баға алсам,бүкіл сынып алдында масқара етеді,үйде ата-анам ұрыс шығарады деген сияқты ойлар оқушыны мазалайды және психикасына кері әсерін тигізеді. Ал Амонашвили

демократиялық стильде жұмыс жасау баланың алдыңғы білім беру стилінен қарағанда, бұл ұстаным баланың тәуелсіздікке деген құқығын тануға, белсенділікке, шығармашылыққа, өз пікірін ашық айта алуға негізделген. Бала сұхбаттың толық қатысушысы, олар оны естиді және тыңдайды.

Ынтымақтастық қарым-қатынас педагогикасының технологиялық ерекшеліктері.

Гуманды педагогиканың түпнұсқа концепциясын әзірлеуші Шалва Александрович Амонашвили ынтымақтастық қарым-қатынас педагогикасында қалыптастырған новатор ғалымдардың ішіне кіреді.

Амонашвили ынтымақтастық қарым-қатынас педагогикасын былай деп түсіндіреді: Бала оқу процесінде қиындықтарға тап болады, ол осы кезеңдерді өз бетінше жеңе алмайды. Оған көмек керек. Д.Узнадзе мұғалімнің бала мен оқу материалы арасындағы мұғалімнің көмегін былай деп көрсетті: мұғалім түсіндіреді, мысал келтіреді және т.б.

Енді В.К. Выготскийдің концепциясында осы проблеманы қалай жеңе алатынын айтуымыз керек. Егер оқу баланың дамуынан алда болса, яғни баладан оның әлі білмейтінін талап ететін болса, онда балаға көмек көрсетілуі керек. Мұндай көмекті Л.С. Выготский ынтымақтастық қарым-қатынас дейді яғни үлкен адамның балаға көмегі, мұғалімнің – оқушыға көмегі.

Д.Ушинский, Н.П. Пирогов, Л.Н. Толстой, С.Т. Шацкий, В.А. Сухомлинский, А.С. Макаренко, Ж.-Ж. Руссо, Я. Корчак, К. Роджерс, Э. Берн идеяларының негізінде ынтымақтастық педагогика туындады.

Ынтымақтастық педагогикасының 3 мақсаттық бағыты анықталған:

1. Педагогикалық талап етуден педагогикалық қарым-қатынасқа көшу.
2. Балаға ізгілік-жеке тұлғалық тұрғысынан қарау.
3. Оқыту мен тәрбиенің бірлігі.

Ынтымақтастық қарым-қатынас жүйесінде негізгі орынды «мұғалім - оқушы» алады. Мұғалім – оқушы, оқушы – мұғалім, оқушы – оқушы. Оқушы да субъект, мұғалім де субъект. Ендеше бұл екі субъект бірге әрекет етіп ешқайсысы бір-бірінің үстінен қарамайды. Ынтымақтастық педагогикасының төрт бағыты бар.

1. Балаға ізгілік - тұлға тұрғысынан қарау. Мектептің білім беру жүйесінің орталығына жеке тұлғаның барлық қасиеттерін дамыту қойылған. Мектеп мақсаты – жеке тұлғаның толық және азат дамуы үшін ішкі күшпен мүмкіншіліктерді ояту. Тұлғаға оқу-тәрбие үрдісін бағыттай отырып, жаңа көзқараспен қарау, педагогикалық қарым-қатынастың ізгіліктілігі және жариялылығы нәтиже бермейтін әдістерден бас тарту, жағымды Мен – тұжырымдамасын қалыптастыру ізгілік жеке тұлға тұрғысынан қарау идеяларын біріктіреді.

2. Дидактикалық белсенді және дамытушы кешен. Баланы «қалай»

және «неге» оқыту керек деген сұрақтардың жаңа мүмкіншіліктері ашылады. Оқу мазмұны жеке тұлғаны дамыту құралы ретінде қарастырады.

Оқыту қорытылған білім білік дағдылары және ойлау қабілеті бойынша жүргізеді. Интеграция вариативтілік жағымды жағдай тудырады.

Оқу үрдісін формасы мен әдістерін жетілдіру бірқатар педагог жанашылдардың авторлық жүйелерінде, атап айтқанда В.Ф.Шаталовтың тірек сигналдары, Р.Штейнердің азат таңдау идеясы, С.Н.Лысенкованың алдын-ала тапсырма беру, П.М.Эрдниевтің ірі блоктар идеясы, В.А.Сухомлинскийдің сыныптағы зияттық фоны, Л.В.Занков бойынша жеке тұлғаны дамыту, И.П.Волковтың шығармашылық және орындаушылық қабілеттері сияқты дидактикалық идеяларында ашылады.

3.Тәрбие тұжырымдамасы. Ынтымақтастық педагогикасының тұжырымдамасы қазіргі заман мектептеріндегі тәрбиенің дамуына сәйкес: білім мектебін тәрбие мектебіне айналдыру, оқушының жеке тұлғасын тәрбие жүйесінің орталығына қою, жалпыадамдық құндылықтарды қалыптастыру, тәрбиенің ізгілік бағыттары, баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық мәдени дәстүрлерді жаңғырту, жеке тұлғалық және ұжымдық тәрбиені ұштастыру.

Ынтымақтастық педагогикасының технологиясы мен идеологиясы білім беру мазмұнын айқындайды.

4.Қоршаған ортаны педагогикаландыру. Ынтымақтастық педагогикасы тәрбие құралы ретінде мектепті басты рөлге қойып отыр. Жеке тұлғаны қалыптастыратын әлеуметтік институтқа мектеп, жанұя және әлеуметтік орта жатады. Нәтижесі тәрбие беретін осы үш бастаудың әрекетімен анықталады. Сондықтан да алдыңғы қатарға күзіретті басқару идеясы, ата-аналармен ынтымақтастық қойылған.

П.ғ.д В.А.Буховалов ынтымақтастық педагогикасының ұстанымдарын айқындады, ол дидактикалық материалдарды құрастырудың, өсіп келе жатқан тұлғаның адамгершілік және шығармашылық қасиеттерін тәрбиелеу мазмұнының, сабақта, сабақтан тыс және мектептің жалпы тұтас педагогикалық үрдісінде ынтымақтастық орнатудың жаңа әдістемесін жасады.**В.А.Буховалов** ынтымақтастық педагогикасының **ұстанымдары** деп төмендегілерді:

- педагогикалық үрдістің адамгершілік және шығармашылық бағыттылығы;
- жариялылыққа негізделген қарым-қатынас;
- шығармашылық әрекетке деген мотивацияны дамыту;
- өз бетімен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу білігін дамыту;
- шығармашылық әрекет әдістерінің, жетекші рөлін көрсетеді.

Ол тәрбиенің мазмұндық негізін тұлғаның адамгершілік және шығармашылық қасиеттері құрылымының тығыз байланысында қарастырады. Оны келесі кестеден көруге болады.

Ынтымақтастық педагогикасы жайлы ұғым. Көп жылдар бойы жалпы білім беретін орта мектептің, оқыту және тәрбие жұмысын зерттеу арқылы жетілдіру, жаңғырту мақсатында бірнеше мұғалімдер мен ғалымдар эксперимент жүргізіп, тұтас педагогикалық, процесті жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде ұйымдастыруды қажет деп тапты. Өйткені олар ескі дәстүр бойынша оқытудың әдеттегі әдістерін, қағидаларын қолданып, жастарға білім және тәрбие беру ісі, қазіргі заманның талаптарын қанағаттандырмайды деп қорытынды жасады. Жаңашыл - экспериментшіл мұғалімдердің әрқайсысы өз сыныптары мен мектептерінде жеке-жеке, керек десе бірін-бірінен бөлмей 25 жылдай эксперимент жұмысын жүргізген. Бұған қарамастан олардың жұмыстарының қорытындысы бірдей нәтиже берген.

Осындай мақсатқа бағытталған педагогикалық идеялардың іске асырылуының нәтижесінде мектеп өмірінде тек қана мұғалім емес, әсіресе оқушы жайлы көп өзгерістер байқалады. Бұрын оқығысы келмейтін немесе оқуға қабілетсіз оқушы екінші, үшінші жыл орнында қалып, мектептен шығып кететін. Енді оқушыларды іріктеп алудан бас тартып, оларды оқыту керек. Оқыту үшін баланы ынталандыру, оған дем беру, себепші болу. Егер оқуға өздігімен талаптанушылығы жоқ болса дерлік, егер еріксіз көндірудің тәсілдері тіпті жоқ болса, егер пәнге жалпы қызығушылығы болмаса, егер біз өз міндетімізді орындағымыз келсе — онда алдымызда бір-ақ жол бар: біз балаларды қуанышты сезім жетістігіне алға қарай қозғалыс және дамуға шақыра отырып, оларды жалпы оқу еңбегіне тарту керек. Әйтпесе балаларды оқытуға болмайды, - дейді бірауыздан жаңашыл мұғалімдер.

Оқудың нәтижесі ынталылық пен қабілеттердің көбейтіндісіне тең. Егер ынталылық, нөлге тең болса, онда барлық көбейтінді де нөлге айналады. Ал экспериментшіл мұғалімдердің бұл анықтамасы оқыту процесін жаңғыртуды қажет етеді. Олай болса бұрынғы педагогикадан айырмашылығы бар жаңа педагогика керек, оны ынтымақтастық педагогика деп атауға болады деген біркелкі көзқарастарға келген — олар. мұндай педагогика балаларды ынтымақтастыққа, оқу еңбегіне жетектейді, табысқа жету үшін оларға сенімділік туғызады, артта қалмаудың жолын іздестіреді.

Жаңашыл мұғалімдердің айтуы бойынша баланы айқай, қорқыту арқылы тәрбиелеуге, оқытуға болмайды — бұл зорлау, еріксіз көндіру әдісі. Сондықтан олар баламен үндесуді құлық негізінде қарастырады.

Адамгершілік және ынтымақтастық бала өмірінде үлкен орын алады. Сондықтан мұғалім ең алдымен баланың дамуы, келешегі жайлы қамқорлық жасайды. Өйткені олардың өмірге бейімделуі, өмір тәрбиесіне үйрену мектептен басталады. Міне, осы тұрғыдан қарасақ, ынтымақтастық педагогикасы — құлық педагогикасы.

Ынтымақтастық педагогикасының негізгі идеясы және оларды оқу-тәрбие процесінде қолдану. Тәрбие мақсатын жүзеге асырудың орта және жоғары мектеп зор рөл атқарады. Өйткені оларда барлық жастар оқып, еңбек етуге үйреніп дағдыланады, өмірге жолдама алады.

Орта және жоғары оқу орындарының мақсаты — жастарды әр жақты жарасымды етіп дамыту, олардың жоғары құлықтық, азаматтық көзқарасын қалыптастыру. Мұндай мақсат кешенділік міндеттерді шешуді қажет етеді. Олар: әлеуметтік тәрбие беру жолымен дүниеге көзқарасын кең мәдени ой-өрісі жоғары тұлғаның үйлесімді жан-жақты дамуының негізін қалау; әлеуметтік функцияларды еңбек, таным, қоғам, үйелмен және бос уақытты пайдалану т.б. орындау үшін жастарды ойдағыдай даярлауды қамтамасыз ету; кәсіптік дайындықтың жолдарын таңдап алу үшін, өз тағдырын өзі шешу үшін жастарға жағдай жасау; тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуге, өз білімін алуына оны өмірде пайдалана білуіне мүмкіндік жасау.

Тұлғаның дамуы мен тәрбиесі идеологиясының жаңаруы көптеген идеяларға негізделді. Олар —

- Тәрбие мақсатының реализм идеясы;
- Ересек адамдар мен балалардың бірлесу іс-әрекетінің идеясы;
- Тәрбие бағыттарының дербес идеясы;
- Тәрбие бағыттылығының ұжымдық идеясы;
- Өзін-өзі талдау (анализдеу) идеясы;
- Бала күшінің жартысы;
- Қиын мақсаттық идеясы;
- Сүйеніш идеясы;
- Ірі блоктар идеясы;
- ата-аналармен ынтымақтастық;
- Мұғалімдердің ынтымақтастығы;
- Өзін-өзі сыйлау идеясы;
- Өзін-өзі басқару (реттеу) идеясы, т.т.

Реализм идеясы, яғни тәрбиенің шынайы мақсатта - адамдарды қабілетіне және дарындылығына сүйеніп, жан-жақты дамыту. Шынайы мақсатының жетістік құралы – мәдениеттің базалық негізін игеру. Осыдан тұлғаның "базалық мәдениеті" тәрбие мазмұны деген ұғым туады. Базалық мәдениет - бұл өмірге өз бағдарын өзі шешу мәдениеті, экономикалық және еңбек мәдениеті, саяси, демократиялық және құқықтық мәдениет, адамгершілік және экология мәдениеті, көркем және дене шынықтыру мәдениеті, үйелмендік қатынас мәдениеті.

Ересек адамдар мен балалардың іс-әрекетінің бірлесу идеясы "Ынтымақтастық педагогикасы" қағидасынан туады, Өйткені ол мұғалім мен балалар еңбегінің бірлестігіне сүйенеді. Осындай ересек адам мен баланың шығармашылық ынтымақтастығы педагогикалық басшылықпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Тәрбие бағыттылығының дербес идеясы мұғалімнің балаға ерекше көңіл аударуын қажет етеді. Барлық тәрбие жұмысының барысында еске алатын басты тұлға — бала. Ол педагогикалық жұмыстың ең жоғары мақсаты. Сондықтан баланы зор ұқыптылықпен зерттеген жөн.

Ұжымдық шығармашылық тәрбиеде ұжымдық бағыттылық идеясының мәні ете зор. Бірыңғай тәрбие ұжымы — бұл тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің бірлестігі, мұнда ересек адамдардың жастар жөніндегі жалпы қамқорлығы, яғни ашық және елеусіз қамқорлығы дамиды. Мұндай ұжымда тәжірибе ашық және елеусіз түрде тәрбиеші арқылы беріледі, оны тәрбиеленушілер ұжымдық шығармашылық іс — бұл біріншіден, барлық ұжым мүшелерінің істі бірігіп жоспарлауы, талқылауы, шешім қабылдауы; екіншіден, ұжымдық жұмыс ізденуге бағытталады, практикалық міндеттерді шешу үшін ұжым мүшелері ізденудің тиімді жолдарын, әдістерін, құралдарын қарастырады.

Тәрбие ұжымының қозғаушы күші жолдастық тәрбиелік қамқорлық. Оның мәні адамдағы жолдастық сыйласу мен жолдастық талаптың бірлігі. Жолдастық тәрбиелік қамқорлықтың мақсаты - адамның жалпы қуанышы мен пайдасы үшін нақтылы істе оның шығармашылық күшін анықтау және дамыту.

Өзін-өзі талдау идеясы. Балаларды өзін-өзі жеке және ұжымды талдауға үйрету қажет. Жаңашыл мұғалім Е.Н.Ильин оқушыларын өздерінің өмірі, іс-әрекеті жайында ойлануға үйретеді.

Ата-аналармен ынтымақтастық. Мектепте, үйелменде балалар ересек адамдарға ашық сенгіштікпен қарайды деп ынтымақтастық педагогика жорамалдайды. Бұл үшін бірыңғай талаптар емес, үйелменде балалармен жолдастық, жылы-шырайлы қатынас болуы қажет. Жаңашыл мұғалімдердің айтуы бойынша ата-аналар жиналысында балалар туралы сын көзімен ескерту жасауға болмайды. Балалар мен ата-аналар арасында ұрыс-керіс жағдайын болдырмау. Мұғалім балалар жөнінде ата-аналарға айтып наразылық білдірмейді, күнделіктеріне не болса соны жазбайды. Балаңыз сабаққа дайындалмайды деп мұғалім әр ата-ананың есігін қағуды қою керек.

Егер оқушы назар аударуды, көмек көрсетуді талап етсе, онда оған керегінше (бір ай, әлде бір жыл керек пе) көмек көрсету қажет. Осындай жылы қамқорлықты сезген бала ата-аналарына да ризашылықпен толық сенім білдіріп, зор ықыласпен оқып білім алуға, еңбек етуге тырысады. Бұл өмірдегі, еңбектегі, оқудағы қарым-қатынас бірлігінің беріктігі - ынтымақтастық педагогиканың қағидасы.

Мұғалімдердің ынтымақтастығы. Экспериментшіл мұғалімдердің әрқайсысының педагогикалық еңбек өтілі 25-тен 40 жылға дейін. Олар әр түрлі мектеп ұжымдарында балалармен жұмыс істеген, талай мұғалімдер және директорлармен істес болған. Жаңашыл мұғалімдер, мүмкін ынтымақтастық педагогика өте күрделі, оны оқыту және тәрбиесінде қолдануға болмайтын шығар дейді. Шынында, олардың тәжірибесі бойынша кез-келген мұғалімнің ынтымақтастық педагогиканың принциптерін іске асыруы мүмкін, бірақ, бір айдың немесе бір тоқсанның ішінде жүзеге асыруы мүмкін емес. Әрине, егер кімде кім жаңа педагогиканы ақылға салып ойластырса, ол өз жұмысының жақсара бастағанын байқайды. Өйткені ынтымақтастық педагогика үшін айрықша жағдайдың керегі жоқ, әдеттегі оқу бағдарламасы және оқулықтар бойынша әрбір мұғалім өзінің сыныбында, әрбір директор өзінің мектебінде қайта құру кезеңінде мәселелерді тың зерттеумен айналысады.

Жаңа педагогиканың идеяларын кең түрде тарату керек. Сыныпта балаларды бір-біріне қарсы қоюға болмайды, сол сияқты мұндай жағдайды мұғалімдер арасына да болдырмау керек.

4.2 Алты жасар бірінші сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері

Осының алдындағы тармақта біз 6 жасар баланың дене бітімі мен келбетінің пропорциялары, қимыл динамикасы, олардың координациясы, жылдамдығы, күші өзгеретіндігін, ішкі секреция бездері пісіп жетіліп, ішкі органдардың құрылымында өзгерістер пайда болатынын, баланың нерв жүйесі, бастың ми қабыршықтарындағы күрделі байланыс жүйелері қалыптасып, сезім, тіл, іс-қимыл мүшелерінің жүйке аппараттары дамып жетілетіндігін егжей-тегжейлі талдаған болатынбыз.

Алты жастағы бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін зерттеу ең алдымен біздің осы жұмыстың ғылыми-педагогикалық зерттеулердегі сараптамаларына көз жүгіртуімізді талап етті. Бұл жұмыстың сипаттамасы көп жағдайда жұмысқа дайындықтың мазмұнын да алдын ала болжап беретінін біз негізге алдық. Алты жастағы бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбиелік жұмыстың ерекшеліктерін зерттегенде біз философиядағы жалпақ жұрт мақұлдаған жалпы, ерекше және жекенің диалектикалық бірлігі идеясына сүйендік.

Бұл идея біздің жұмысымыздың теориялық тармақтарының негізгі іргетасы болды.

Баршаға ортақ бола отырып, диалектика заңдылықтары шынайы іс-әрекеттің барлық саласына өз ықпалын тигізетіні белгілі. Дегенмен, бұл

салалардың жеке өздеріне тән қасиеттеріне қарай әрқайсысында жалпыға ортақ заңдылықтар олардың жекелеген формаларында кездеседі. Және бұл таным мен практикалық әрекетке ең басты факт өзгерістер мен процестердің, сондай-ақ олардың қасиеттерінің жалпы және ерекше диалектикалық бірлік ретінде «өмір сүруіне» шарасыз екенін аңғартады. Соның өзінде де әр материалдық білім жалпы және ерекшемен тең, оның жалғыз өзіне тән бір қасиетке ие. Сондықтан да ол бірлік ретінде бола алады. Жалпы, ерекше және жеке диалектика әрдайым қандай да бір бірлік сипатта немесе заттың ерекшеліктерінде көрініс табады; жеке диалект әрдайым жалпының бар екенінің формасын көрсетеді. Жалпыны жарата, тудыра отырып, жеке сонымен бірге белгілі бір заңдылықтар аясында өзі де туындап және әркез қозғалыста болады. «... жалпыға апаратын байланыста жеке басқаша, жалпыдан тыс өмір сүруі мүмкін емес... Бірнеше жеке жалпының құрамына кіреді және т.с.с.. Кез келген жеке басқа түрдегі жекелермен мыңдаған жолдар арқылы байланысқан (заттар, құбылыстар, процестер және т.б.) ». [52,143]

Ал өткен ғасырдың 90- жылдарындағы ғылыми-педагогикалық зерттеулерде Ю.П. Сокольников: «Тәрбие жұмысы жүргізілетін кез келген оқыту-тәрбие мекемелерінде біз әрдайым оның жекелік категориясы ретінде екенін түсініп, бұл жекеліктің әркез жалпы мен ерекшенің саналуандығы диалектикалық бірлігі болуын есте ұстауымыз керек» [57,72]. Сол сияқты Ү.Р.Рахмет өзінің монографиялық зерттеуінде «Алты жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру формалары мен әдіс-тәсілдерін олардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдау маңызды. Педагогтарға әр сыныпта алты жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне және оқу-тәрбие жұмыстарының мақсатына қарай оқу-тәрбие жұмысын тұтас жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Бұл мәселе оқу-тәрбие жұмысына кешенді негізде қарау арқылы ғана шешіледі. Демек, бұл күрделі педагогикалық категориямен қатар диалектикалық жалпы мен ерекше және жеке идеяларын шығармашылық түрде қолдану жүйесі қарастырылу керек» деп тұжырым жасайды. [52,151]

Алты жасар балаларды кім және қалай оқыту қажет? Бұл мәселе алты жасар балаларды мектепте оқыту проблемасы педагогика ғылымында алғаш пайда болған күннен бастап қойылып келе жатыр.

Сол кезден келе жатқан тұжырым - мектептегі оқытудың табысты болуы ең алдымен балалардың мектепке психологиялық дайындығына байланысты екендігі даусыз. Десек те, бүгінгі таңда бұл мәселені шешілген мәселе деп

тіпті айтуға болмайды. Тіпті жеті жасар балалардың өздерінің басым бөлігінің мектепке психологиялық дайындығы толық болмайтындығын және мектептегі оқу әрекетіне бейімделуде қиындықтарға кездесетіні белгілі. Алты жасар балаларды оқыту дәл осы мәселені шешуі қажет. Алты жасар балаларды оқытудың басты мақсаты – олардың мектепте оқытуға психологиялық дайындығын толық қалыптастырып, оқу әрекетіне жағымды қатынасын тәрбиелеу болып табылады. Баланың мектепке келудегі кездесетін қиындықтары өзінің пайда болуы мен қалыптасуында жүйке жүйесінің дамуының негізгі заңдарымен байланысты, және де ең алдымен жеті жастағы күйзелістің өтуімен байланысты. Мектепке психологиялық дайындықтың негізін баланың үш түрлі қарым – қатынасы – үлкендермен және өзінің қатарларымен қарым – қатынасы және өзіне деген қарым – қатынасы құрайды. Осы саладағы өзгерістер мектепке дейінгі және бастауыш мектеп кезеңдердегі дамудың сапалы айырмашылығын қамтамасыз етеді, және де сонымен қатар ойын кезеңнен оқушылық кезеңге өтуін қамтамасыз етеді. Алты жастағы балалар жас ерекшеліктер тұрғысынан қарағанда мектеп алды топтар болып саналады. Бұл деген олардың көпшілігі психологиялық тұрғыдан мектепте оқуға дайын емес. Сондықтан барлық алты жасар балаларды мектепке даярлау қажет. Сонымен қатар алтыжасарларды оқыту жұмыстың мектепке дейінгі түрлері мен әдістерін қажет етеді, әрине бала ең алдымен ойын түрлерін кеңінен қолдану қажет. Мектепке психологиялық даярлауды қалыптастыру барысында ойынның негізгі үш түріне баса назар аудару қажет – ол сюжеттік – рольдік ойындар, ережелермен ойын және режиссерлық ойындар. [10]

Бірақ мектепке дейінгі жастағы бала тек ойнап қана қоймайды. Ол сурет салады және мүсін жасайды, конструктор мен және құрастырғыш материалмен жұмыс жасайды, музыкамен айналысады, сабақтарда сауаттылықты және математика элементтерін меңгереді.

Осы қызмет түрлерінің барлығы ойынмен қалай байланысты? Мүмкін, ойын өзімен өзі, ал кейбір жағдайларда ойынды ұмыту қажет шығар? Мынадай көзқарас бар – ойын мен оқытудың арасында алшақтық бар, тіпті олар бір – біріне жау деген. Айта кету керек бұл түбірімен дұрыс емес қағида және педагогикалық психологияның барлық жағына қарама – қайшы. Шындығында ойын бала өмірінің бәрін қамтиды. Ол тіпті баланың есейген шағында да жойылмайды, ал мектеп алды кезеңде олардың барлық іс – әрекеттеріне ену қажет. Ересектер ойынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуде дұрыс, тиімді пайдалануы қажет. Ойын балалардың әртүрлі іс – әрекеттерінің сапасын арттыруға және нәтижелі болуға ықпал етеді. Балалар психологиясында З.М.Истоминаның зерттеулері кеңінен таралды, онда мектепке дейінгі

жастағы балалардың кейбір сөздерді есте сақтауы мен айту мүмкіндіктері зерттелген [32,400]. Бұл тапсырма балалар үшін өте қиын болған. Онда тәжірибе жағдайын өзгертуге тырысқан. Балаларға дүкен ойынын ойнауға ұсыныс жасалды. Олардың есте сақтауға қажет сөздері баланың дүкеннен сатып алатын затына байланысты. Айтқандай осы жағдайда балаға біршама сөздер қатарын есте сақтау және айту қиындық туғызбайды екен.

Ойын балаға кейбір іс – әрекеттерді түсінуге көмек береді. Сабаққа ойынды ендіру мектепке дейінгі жастағы балалардың оқыту ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік береді. Ойын әрқашан балалардың жеке қызметі болып табылады. Сондықтан ойын барысында алған білімдері баланың жеке өзінің білімі болып табылады, ол оларды белсенді түрде пайдалана алады. Әрине, оқу материалдарының барлығын ойынға енгізу мүмкін емес. Бірақ ойын түрі жоқ іс – әрекеттерде де ойын кеңінен қолданылуы мүмкін, әсіресе бастапқы кезеңде.

Ойыннан басталатын сабақтардың өтілу бойынша үлкен тәжірибе бар. Мысалға, бала өлшем туралы түсінікті және өлшеу іс – қимылдарын үйрену үшін оған алдымен бір затты өлшеп, таразылап, кесу сияқты тапсырмалар беру қажет. Осы мақсатта балалармен дүкен, лаборатория, фабрика ойындары ұйымдастырылады. Ойын барысында қойылған мәселелер балалардың сабақты қажетті білімді меңгеруіне ықпал етеді. Ерекше маңызы бар ойындар – ережелері бар ойындар. Мұндай ойындарға даярлық алдағы ойынның ережелерін меңгеру негізінен кішкентай оқушылардың оқу қызметіне жақындатылады, және де ойыннан оқуға өту звеносы болуы мүмкін.

Сонымен, алты жасар балалармен оқу – тәрбие жұмыстарында ойынды кеңінен пайдалану олардың мектепке психологиялық дайындығының деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Баланың ойын түріндегі белсенділігі баланың дамуында балабақша мен мектеп арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Осы жағдайларды ескеру алты жасар балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі. Көпшілігін, бірақ барлығы емес, шешілмеген мәселелер бар, олар туралы ерекше айтқымыз келеді.

Шешімін таппаған мәселе – “алты жасар балаларды кім оқыту қажет?”. Егер бұл бастауыш мектепте бастан-аяқ оқытатын мұғалім болса, онда ол алдымен балалармен ойнауы қажет, ал сонан соң оларды мектеп әдістерімен оқытуы қажет. Бұл рольдердің алмасуы әлбетте мұғалім үшін де, балалар үшін де қиындық туғызады, себебі олар бір жыл ішінде мұғалімнің белгілі бір жұмыс стиліне үйреніп қалады. Егерде бір мұғалім тек алты жасар балаларды оқытып, онан соң оларды басқа мұғалімге берсе, онда біз оны қаласақ та, қаламасақ та,

балалардың өмірін қиындатамыз, оларды біз қысқа уақытта кем дегенде үш ересек адамға – тәрбиешіге алты жастағы балалардың мұғаліміне және бастауыш сынып мұғаліміне үйренуіне мәжбүрлейміз.

Балабақшаға мұғалімнің келуі тәрбиешіні қиын жағдайда қалдырады, ол алты жасар балалар үшін екінші орынға ығыстырылған сияқты болады – онымен онша санаспасада болады, тыңдамасада болады.

Алты жасар балаларды оқытуға мұғалімдер дайын ба?

Егерде әрбір «мұғалім өзінің жүрегімен көру» қабілетін өшірмесе біздің өмірімізде көп нәрсе өзгерер еді. Алты жасар балалармен жұмыс істеуде керемет тәжірибесі бар Ш.А.Амонашвили әр алты жасар балалардың сыныбын қабылдағанда, ол ішінен барлығын қайта бастайтынын мойындады [14,42]. Әрбір бала ол үшін - жаңа, бұрын соңды кездестірілмеген мәселе, кез – келген, тіпті ең кішкентай оқушы – жеке тұлға. Тек осындай жағдайда ғана педагогикалық жұмыста жетістікке үміт етуге болады. Жалғыз тура жолдан таймай және өзінде өз оқушыларыңды көру және түсіну қабілетін дамыту керек. Алғаш мектепке барған оқушы бірінші қыркүйек күні мектептен көңілсіз оралды. Үлкендердің сұрағына жауап бере отырып, ол «мектепте жақсы, сыныпта таза, жарық, балаларда жақсы, көңілді, ал бірақ мұғалім біртүрлі – өзі ешнәрсе білмей ме, қайдам? Бізден оң қолын қайда? Сол қолың ше? Терезе қайда? Есік қайда?» деп сұрайды. Бұл жағдай оқушының мұғалім сұрақтарының мағынасын түсінбегенін көрсетеді. Бірақ мұғалім өзі басқалардың түсінбегенін түсінді ме? Ал бізге оқушының мұғалімін неге түсінбегені түсінікті ме?

Бала бір нәрсені дұрыс істемеді, - партаның үстіне шықты немесе үй тапсырмасын орындамады, көршісін салып қалды немесе мұғалімді тыңдамады. Шара қолданбас бұрын, біз баланың бұл іс – әрекетінің себебін түсінгенімізге көз жеткізуіміз керек. Өзімізді қайта тексеру қажет, мүмкін бастапқы шараны өзгерту қажет болар.

Кейде жұмыс барысында үлкен қиындықтарға тап болатын мұғалімдермен сөйлесе отырып, кенеттен түсінесің: шындығында бұл мұғалім балалар оның жүйкесіне тию үшін әдейі әртүрлі қылықтар жасайды деп ойлайды. Уақыт өте келе кейбір балалар мұндай мұғалімнің жеке жауы болады. Әрине, мұндай жағдайда мектептен кеткен дұрыс, болмаса жұмыс тозаққа айналады. Кездейсоқ естіген әңгіме еске түседі. Бір метептің оқу сенгерушісі достық

әзілмен бір мұғалімді ұрысып жатыр: « Ол оқушыға неге қадалып қалдың? Өзіңді еске түсір! Сен өзің ешқашан тәртіп бұзбап па едің?»

Бұл сөздерде өте дұрыс ой айтылған. Оны есте сақтау қажет және өзіңнің балалық шағыңда өзіңнің балалық ішкі жан дүниенді жай еске түсіріп отыру қажет. Барлық адамның ішінде бір бала бар, кейбіреуде көп, кейбіреуде «тұншықтырылған».

Балаларды түсінуде ашық болу қажет. Оларды қатты сөкпей, ұстаздық шеберлікпен шектелмеу қажет. Бірінші қыркүйекте көңілді және әдемі кінген, қолдарында гүлі бар балалар мектепке келеді. Олардың әрқайсысы жүрегінің түбінде жақсы оқушы болуға, жақсы оқуға және мұғалімін сүйуге үміттенеді. Олардың осы армандарының орындалуы біздің олардың балалық шағын сақтап қала алуымызға, оқудың оларға қуанышқа айналуына, біздің оларға нағыз дос бола алуымызға байланысты.

Алты жасар балалар - балалар мемлекетіндегі ерекше халық. Сондықтан мына біздерге, олардың мұғалімдері мен тәрбиешілеріне, біріншіден, осыған байланысты қандай проблемалар тууы мүмкін екенін; екіншіден, партада дәл жеті жасар немесе нақ солар сияқты балалар емес, басқа балалардың отырғандығын толық сезіне отырып, олармен басқаша жұмыс істеу керектігін; үшіншіден, өзінің педагогикалық позицияны және оқытудың, тәрбиелеудің, ең бастысы алты жастағы балалармен жұмыс жүргізудің сол позиция тудырып отырған формалары мен тәсілдерін анықтай білу керек. [28,96]

Алты жасар балалар мұғалімдерінің, мына біздердің басымызға тән қандай қасиеттеріміз болуы керек? Өзіме солардың ең бастылары болып көрінгендеріне тоқталмақпын.

Біріншіден, біз мейірбанды адамдар болып, балаларды қаз қалпында сүйуге тиіспіз, шолжаңды да, тіл алғышты да, ақылдыны да, миғұланы да, жалқауды да, ынталыны да бірдейжақсы көруіміз керек. Оның үстіне тағы да біз өзіміздің жан шуағымызды әрбір нақты жағдайға сәйкес шәкірттерімізге алаламай, тең үлестіруіміз керек. Балаларға деген мейірімділігіміз бен махабатымыз ішкі жан күйзелісіміздің көрінісі ғана емес, сонымен бірге баламен немесе бүкіл класпен қарым-қатынасымыздың педагогикалық қызметіміздің ең басты дәлелі, стимулы болуы тиіс. [10,36]

Балаларға деген мейірімділік пен сүйіспеншілік олармен дөрекі сөйлесуге, олардың жеке басы мен намысына тиюге, ұрысып, қорқытуға, олардың әрқайсысының қайғысына ортақтасып, қуанышын бөліспеуге, оларға тез арада көмекке келмеуге, күдік тудыруға жол бермейді. Жаны жайсаң,

баланы жан-тәнімен жақсы көретін педагог жиі күлімсірейді, сирек ренжиді, ол нағыз ұстазша тіршілік етіп, өзінің кәсіби бақытына ие болады.

Екіншіден, біздер, балаларды түсіне білуіміз керек. Бала кішкентай болғанымен оның ісі мен қаракеті үлкен. Балаларды түрлі ғылымға баули отырып, біз оларға ойынға жан-тәнімен берілген балаларға қарағанда маңызды тәрбие бердік деп жорамалдаймыз ғой. Егер бала өзінің ойыншық қола солдатын жоғалтып алып, соған жылап тұрса, онда ол біз өзіміздің жақсы көретін әрі қажетті затымызды жоғалтқан кезде өкінгенімізден кем қапаланбайды. Балалар тыным таппай минут сайын, сағат сайын, күн сайын, өзінше тіршілік етіп жатады. Сөйтіп олардың өміріне арнап, біз дайындаған педагогикалық формуланың олар үшін ешқандай мәні болмайды. Егер біз өз балаларымызды шынында да нағыз адам етіп өсіргіміз келсе онда олардың бүгінгі бал дәуренің тоқтатып, өздерінің болашақтары туралы елеулі түрде ойлауға мәжбүр ету тіпті де міндет емес. Балаларды түсіну дегеніміз - демек олардың позициясында тұру, олардың сезімін бағалап, қам-қарекетімен ісін елеулі (олардың шын екені де рас) түрде қабылдау, олармен санасу деген сөз. Олардың қам-қарекеттері мен істеріне немқұрайлы емес, ілтипатпен қарап, мүдделі, іскерлік көңіл білдіру керек. Балаларды түсіну дегеніміз – оларға өктемдік көрсетпей, олардың бүгінгі тіршілігін тірек ете отырып, ертеңгі тіршілігінің өркенін жаю деген сөз. Баланың көңіл құбылысы мен жүрек тебіренісін, оның сезімі мен талпынысын түсіне отырып, әрі балалар өміріне өзінің ең жақын адамындай қоян қолтық араласа отырып, педагог баянды тәрбиеге қол жеткізе алады. Мұндайда баланың өзін-өзі тәрбиелеуде педагогтың жақтасы болып шығады. Балаларды түсіну дегеніміз – кішкентай адамды тәрбиелеудің тамаша шеберлігін игеру деген сөз [10,32]

Үшіншіден, біз оптимистер болуымыз керек. Біз өзіміздің педагогикамызға, тәрбиенің жасампаздық күшіне сенуіміз керек, әрі сенуге міндеттіміз. Қайсыбір педагогтың жекелеген балалардың қыңыр мінезі алдында қол қусырып («Осыған ештеңе істей алмай-ақ қойдым»), бала ойы жетілуінің уақытша тежелуіне байланысты оның қабілетіне сенбейтіндігі де («Бұдан түк шықпайды») кездесіп қалады. Тәрбиелеу мен білім берудегі пессимизм баланың жарқын болашағын тірілей жерлеумен бірдей; тек біздің оптимизміміз ғана баланы жігерлендіріп, оның бойындағы бұйығы жатқан күштерді оятады. Әңгіме педагогтың баланың өзіндік ішкі жан дүниесін терең барлап, осыған орай оны түлетудің – тәрбиелеудің, оқытп, дамытудың методикалық жолдарын іздестіретін пәрменді оптимизм жайында болып отыр. Пәрменді оптимизм педагогтан тұрақты творчествоны, талмай ізденісті талап етеді.

Төртіншіден, біз болашақтың адамын, жаңадан қалыптасқан адамды бейнелеуге міндеттіміз. Коммунистік сенім, биік азаматтық, ортақ іске берілгендік, халық, партия, мемлекет алдындағы, балалар алдындағы, адамзаттың болашағы алдындағы өзіміздің қалтқысыз парызымызды сезіну бізді осындай адам етеді. Біздің әрқайсысымыз-жүздеген тағдырдың туындаушысымыз біздің шәкірттеріміздің бақыты ұста дүкеніндегідей кластармызда шыңдалады. Өзіміздің педагогикалық еңбегімізге біз өз Отанымыздың қуатын одан әрі нығайту, өз қоғамымызды одан әрі гүлдендіру тұрғысынан қарауға тиіспіз. Біздің жадымызда, бәрі де, күлкі де, қатыгездік те, ұстамдық та, қарапайымдылық та, китген киіміміз де, білімімізде, сергектік те, адалдық та, интеллектілік те, үйірімділік те, өмірге деген сүйіспеншілік те өріліп тұруы тиіс. Адамдағы кісілер ұнаған таңдаулы қасиет атаулының бәрі бізге тән болуы керек [10,33]

Білім беріп тәрбиелей отырып, мұғалім балаларды бұрынғы және қазіргі ұрпақтардың материалдық және рухани байлықтармен таныстырады. Алайда осы қалай өтеді? Мұғалім – бала мен әлгі байлықтардың арасындағы дәнекер, тек мұғалім арқылы ғана балалар өмірді біліп, адамдарды таниды. Бұл жердегі «арқылы» дегеніміз түрлі байлықтардың білімнің моральдық-этикалық нормалардың балаларға өңделген түрінде жетпейтінін, тек мұғалімнің өзіне ғана тән қасиеттерді, оның бағаларын, қарым-қатынастарын, өмірге көзқарасын өзек ететінін білдіреді. адамгершілігі бар ұстаз балаларды білімге баулумен бірге оларға өзінің мінез-құлқын да дарытады, олардың алдында кісіліктің үлгісі ретінде тұрады.

Балаға мұғалімсіз білім жоқ. Егер кішкентай балдырған өз ұстазын ұнатса онда ол білімге де құмарта түседі. Егер ол ұстазын ұнатпай, одан қорқатын болса, өзіне дос санамаса, онда бала үшін білім құнын жояды. Балалардың махаббатына ие болу алғашқы мұғалімнің (одан кейінгілердің де) ең маңызды міндеті, өйткені өз мұғаліміне деген махаббаты арқылы ғана бала білім әлеміне бойлап, қоғамның моральдық байлықтарын игереді. Білім беру мен тәрбиелеудің әдістері, тәсілдері, амалдары, формалары мұғалімнің балаларға деген махаббатынан жылылық тауып, адамгершілік сезіміне қаныққан жүрегінен өткеннен кейін ғана нәзік, икемді, мақсатты, әрі сондықтан тиімді болады. Егер ең бастысы осы әдістерді пайдаланатын ұстаздың қандай адам екені, оның жан дүниесі мен жүрегі қандай екені белгісіз болса, тәрбиелеу мен білім берудің тиімді әдістері жайлы сөз қозғауға болмайды.

Біздің зерттеу жұмысымызда тағы да бір ойлануды қажет ететін жайт бар. Бұрын балабақша жағдайында мектепалды дайындығынан өтетін не отбасы жағдайында үйде дайындалатын ойын баласы енді мектепке келіп, партаға

отырып, оқушылар қатарына өтпек. Әрине алты жастағы баланың мектепте оқуға физиологиялық, психологиялық тұрғыдан дайын екенін көптеген ғалымдар зерттеулер негізінде дәлелдеп отыр. Орыстың алдыңғы қатарлы бала тәрбиесімен және оны дамыту жолдарымен айналысқан ғалымдары Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Д.Б.Элькониндармен қатар қазақстандық педагог-психологтар: Қ.Т.Шериязданова [65,25] У.Р.Бурисов [19,43] және тағы басқалар. Мектепке баланы 6 жастан қабылдау дұрыс болып отыр, өйткені осы жастағы балалардың білуге деген құштарлығы мен қызығушылығы басым. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие жүйесін сақтау орынды. Ал егер 5 жастағы балалар мектепке даярланар болса, онда балабақшадағыдай жағдайы болу керек.

Ал, біз зерттеп отырған жастағы балалардың мектепке дайындығын қалай тексеруге болады?

Оны біз анықтаушы экспериментте тексеріп өз қорытындымызды жасайтын боламыз. Ол үшін «12 жылдық мектептің бірінші сыныбына қабылданатын балалардың оқуға дайындық деңгейін анықтау» атты әдістемелік құралды және өзіміз дайындаған сауалнамаларды басшылыққа аламыз. Ол бойынша “Әлеуметтік зерттеу”, “Ата-аналар туралы мәліметтер”, “Ата-аналарға арналған сауалнама”, “Медициналық зерттеулер”, “Балалардың денсаулық құжаты” т.б. жинақтай келе оқушының психологиялық мінездемесі, психологиялық дайындық ерекшеліктері, таным деңгейлері, ортаға қатысы, дамуы анықталады.

Алты жасар баланың оқудағы жетістігі - мектепке дейінгі психологиялық тұрғыдағы дайындық деңгейіне байланысты болып келеді. Алты жасар баланың дамуында қоршаған ортамен байланысындағы үйлесімділік қатынасын 6 аспекті бойынша қарастыруға болады. Олар: медициналық, физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық, интеллектуалдық аспектілер.

Алты жастан бірінші сыныпта оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар екені белгілі. Оқыту процесі бұл жаста негізінде ойын түрінде жүргізіледі. Сондықтан балалардың психологиялық ерекшелігін ескере отырып, сабақта ойын элементтерін көбірек пайдалану қажет. Он екі жылдық білім беруде оқу жүктемесін азайтып, оқушының бос уақытын жеке қабілеті мен ізденуге жұмсауға мүмкіндік туғызу көзделеді. Сабақтың ұзақтығы 35 минут 5 күндік оқу болады [52,201]

Атақты ғалым психолог В.С.Мухина бұл жастағы балалардың үлкен адамдарға ұқсауға ұмтылғыштығы, тез есеюге деген құлшынысы, өзінің

кайсыбір іс-әрекетіне үлкендердің жағымды эмоциялық-бағалық қатынасын талап етуі,- тәрбиешілерге үлкен жауапкершілік жүктеп, олардың импульсивті белсенділігінен туындап отыратын жағымды әрекеттерін, жетістігін, осы жолдағы кішкентай болса да «алға жылжуын» үнемі қолдап, өзіне деген сенімін қалыптастыруда оны мадақтап, көтермелеп отырудың қажеттігін айтады [40]

Осы жоғарыда айтқандарды негізге ала отырып, біз өз зерттеу жұмысымызда бала-бақшамен және мектеп арасындағы әлеуметтік-психологиялық топ ретіндегі алты жасар балалардың оқу тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы ерекшеліктерін ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасап отырып анықтадық.

Анықталған ерекшеліктерді біз 3 топқа бөліп, оларға сипаттама жасадық.

Бірінші топ – алты жастағы балалармен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері.

Біріншіден, оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы сабақ - 35 минут.

Өз кезегінде сабақтың 35 минут болып белгіленуі оқу үдерісін ұйымдастыруда көптеген дидактикалық және әдістемелік қиындықтар туғызатыны даусыз.

35 минуттық сабақтың жоспарын, құрылымын, мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін ықшамдаудағы дидактикалық өзгешеліктер тобы біз зерттеп отырған аспектінің ерекшеліктерін анықтайды..

Екіншіден, басқалардан бөлек күн тәртібі де балаларға қосымша қиындық туғызады. Мысалға, оларға енді үзіліс кезінде балалық жасауға және жүгіруге болмайды, себебі басқа сыныптарда бұл уақытта сабақтар жүріп жатады. Бірақ бұл мәселелер тек ғылыми және әдістемелік, сонымен қатар ұйымдастырушылық шешімдерді талап етеді.

Ресей мектептерінде және кешегі Кеңестік дәуір мектептерінде алты жасарлар мектепте ережеге сәйкес күн ұзағына бірге оқиды, ойнайды, тамақ ішеді және дем алады. Сондықтан да күн ұзағына жүретін оқу тәрбие үдерісін екі мұғалім бірігіп, тұтас бір процесс ретінде жүргізеді. Таңертең класс мұғалімі балаларды қабылдап алып таңертеңгілік сергіту, гимнастика, ойын ойнатып сабақ жүргізсе, сабақ аяқталысымен тәрбиеші оқу жұмысымен тікелей байланыста біртұтас тәрбие жұмысын жүргізеді. (ал әдеттегі ұзартылған күн топтарында балалардың жастары әркелкі, психологиялық даму деңгейлері, дүниетанымы, тәжірибесі әртүрлі болып келеді, т.б). [52,219]

Әрине, өкінішке орай, бұл жүйе біздің еліміздегі бірінші сыныпқа барып жатқан алты жасар балаларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде сақталмай отыр.

Үшіншіден, балалармен жұмыс жүргізуге қолайлы әсер ететін ерекшелік – сыныптағы балалар санының аздығы – 15-25 оқушы. Әлбетте, бұл ерекшелік мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруға берілген бағасы жоқ мүмкіндік деп те айтсақ болады. Дәстүрлі мектептердегі 30-дан аса оқушымен қамтылған тығыз сыныптардағыдай емес балалармен олардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес тындырымды, ғылыми-методикалық деңгейде педагогикалық жұмыс жүргізуге болатыны белгілі.

Төртіншілен, оқу үдерісінің құрылымы тек сабақпен шектеліп, жыл бойы үй тапсырмалары берілмейді. Сабақ құрылымындағы бұл дидактикалық ерекшелік алты жасар бірінші сынып оқушыларының ерекше әлеуметтік топ ретіндегі өмірлік тәжірибесінде жетпей жататын сапаларын тәрбиелеуге мүмкіндіктер туғызатыны анық.

Бесіншіден, алты жасар балалардың әлеуметтік-психологиялық дайындығы, бұл жаста балалар ұжымын қалыптастыруға жеткіліксіз болады. Сондықтан бала тәрбиесінде педагогтар жолдастықтың, өзара көмек беру, достық, өзара жауапкершілік принциптерін қарапайым, түсінікті тілде жеткізумен шектеледі. Бұл тұста Ш.А.Амонашвили белгілеп бергендей әлеуметтік жетілуге қоршаған ортамен, адамдардың өмірімен тәртіптің жалпыға бірдей қабылданған нормасымен ұйымдасқан түрде танысу ықпал етеді. Алты жасар оқушы мұғалімдермен және белгілі бір міндеттер жүктелген, жолдастарымен сөзге араласып, өзінің игілігі мен ортақ мүдде көздеген іс-әрекеттері жайында келіседі. Жалпыға бірдей пайдалы қызметіне араласып, ойлануға және басқаларға қамқор болуға үйренеді. әр алуан мақсатқа меңзелген іс-әрекеттерге бай жарқын оқиғаларға толы мектеп өмірі кішкентай оқушы өз мүмкіндігін, қабілетін белсенді түрде көрсетуге, өзінің ішкі күш-қайратын жүзеге асыруға жағдай табатын қолайлы орта болып табылады.[10]

Алтыншыдан, алты жасар балаларды оқытуда білім деңгейі бағаланбайды, яғни баға қойылмайды. Бұл мәселе де мұғалімнің жұмысына 6 жасар бірінші сынып оқушыларымен оқу үдерісін ұйымдастыруда 7 жасар балалармен салыстырғанда дидактикалық және әдістемелік өзгерістер енгізуге мәжбүрлейді.

Жетіншіден, алты жастағы бірінші сынып оқушыларының ерекше әлеуметтік топ ретіндегі жас ерекшеліктеріне байланысты балалардың ата-аналарымен жасалатын жұмысқа аса көңіл бөлудің қажеттігі, ата-аналармен жұмыс істеудің түрлі формаларын ұйымдастыру;

Сегізіншіден, алты жасар бірінші сынып оқушыларының

Екінші топ - алты жасар балалардың күн тәртібін ұйымдастыру өзгешеліктеріне байланысты туындайды.

1. Бірінші сыныпта сабақ 9-да басталады. Тәжірибеде ата-аналар өз жұмыстарына үлгеру үшін балаларын сабақ басталғанға дейін 20-30 минут ерте алып келеді. Мұғалім осы уақытта таң ертеңгілік сергіту, қыдыру, гимнастика денешынықтыру жұмыстарын жүргізіп, сабақ басталғанға дейін түрлі педагогикалық ықпалдар жасау мүмкіндігін алады. Бұл уақытты біз сабақ басталғанға дейінгі уақытты тиімді пайдалану ерекшелігі деп белгіледік.

2. Сонымен қатар алты жасар балалармен оқу- тәрбие жұмысын жүргізуде талапқа сәйкес сабақтар арасындағы үзіліс 20-25 минут, балалармен оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда осы үзілістерді ұтымды пайдаланудың маңызы зор. Тәжірибелі ұстаздар бұл үзілістерді балаға тәрбиелік ықпалдар жасауға қолайлы сәттер ретінде тиімді пайдаланып келеді. Сондықтан да бұл үзілістердің оқу-тәрбиелік мүмкіндіктері әлі әдістемелік зерттеу объектісіне айналмай отыр.

Басқа жастағы сыныптарға қарағанда алты жасар оқушылармен ұйымдастырылатын сабақ арасындағы демалыстың ұзақтығы оқу-тәрбие үдерісінің бір ерекшелігі болып табылады. Бұл демалыстарды мақсатқа лайықты тиімді ұйымдастыру - педагогика ғылымының алдына қойылатын тағы бір міндет екенін мойындауымыз керек.

Алты жасар балалар мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктерінің **үшінші тобы – оқу-тәрбие әдістері мен формаларын ұйымдастыру ерекшеліктерінен шығады.**

1) Бұл балалар мен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда оқушының барлық іс-әрекетінде көбірек көрініс беретін ойынды ұйымдастыру маңызды міндет. Алты жасар балалармен ұйымдастырылатын ойын – осы кезеңнің сипатына сәйкес ойын әрекетінен оқу әрекетіне өтетін өтпелі кезеңдігімен ерекшеленеді. «Басқа сыныптар мен салыстырғанда бұл жердегі ойындар тек көңіл көтеру мен демалыс емес, қайта олар білім берушілік, дидактикалық және тәрбиелеушілік маңызға ие болуы тиіс» (В.С.Мухина) [40,106]

Осы себепті 6 жасар бірінші сынып оқушыларымен сабақта ойынның басым жағдайда болуы – оның тағы бір ерекшелігін сипаттайды. Ойынның маңыздылығы жөнінде Ш.Амонашвили былай дейді: Егер 6 жасарлармен жұмыс істейтін мұғалім бастауыш мектептің бастан-аяқ оқытатын жүрген мұғалімі болса, онда ол алдымен балалармен ойнауы қажет, ал сонан соң ғана

оларды мектеп әдістерімен оқытуы қажет. Бұл баланың ойындық кезеңнен оқушылық кезеңге өтуін қамтамасыз етеді. Алты жастағы балалар жас ерекшеліктер тұрғысынан қарағанда мектеп алды топтар болып саналады. Бұл дегеніміз олардың көпшілігінің психологиялық тұрғыдан мектепте оқуға дайын еместігін білдіреді. Ендеше, барлық алты жасар балаларды мектепке даярлау қажет. Сонымен қатар, алтыжасарларды оқыту өз кезегінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу жүйесіндегі әдіс-тәсілдерді кергінше пайдалануды қажет етеді, олай болса, олармен ең алдымен ойын түрлерін кеңінен қолдану қажет. Мектепке психологиялық даярлауды қалыптастыру барысында ойынның негізгі үш түріне баса назар аудару қажет – ол сюжеттік – рольдік ойындар, ережелермен ойын және режиссерлық ойындар [10,53].

2) Жеті жастағы балалармен жасалатын жұмыста тиімді оқу-тәрбие процессінің көптеген формаларын алты жастағы балалар үшін қолданудың мүмкін еместігі. Мысалы, түсіндірме сұқбаттары ешқандай нәтиже бермейді, ұжымның көзқарасын тәрбие құралы ретінде пайдалана алмау, өз беттерінше жұмыс істеудің мүмкін еместігі;

3) Алты жастағы балалардың өзінің жеке басын бағалауы жүйелі болмағандықтан, оларға қатты ескертулер жасап, жекуге болмайды. Жазалау, ұялту әдістерін қолдануға мүлдем болмайды. Ересектер балалардың әлдебір әрекетін құптап, оң баға беріп жатады. Ал балалар сол уақытта айтылған мақтауды өзінің бүкіл болмысына берілген баға деп қабылдайды. Сондықтан алты жастағы балалардың тәрбие жұмысында оларға сөгіс айту, кінәлау, ескерту жасау балалардың өзіндік беделін төмендетіп, өз күш-жігеріне, ақыл-ойына сенімсіздік танытып, мектепке, мұғалімге деген өшпенділік сезімін оятады.

4) Бұл жастағы балалармен сабақ үдерісінде оқытудың тәрбиелік функциясын күшейту осы кезеңдегі оқыту үдерісінің ерекшелігі болып табылады. Ынтымақтастық қарым-қатынас педагогикасын қалыптастырудың негізгі жақтаушысының бірі- Ш.А.Амонашвили алты жасар балаларды мектепте оқытуда төмендегідей тәрбиелеп оқыту тәсілдерін пайдаланып отырған. Олар:

а) Сабақты баланың туған күніне арнау тәсілі. Барлық оқушы осы күні оқу-тәрбие жұмысында атқаратын барлық іс-әрекетін, салған суретін, айтқан әнін, биін, шығармашылық жұмыстарын бір оқушының «туылған күніне» арнайды. Өз ретінде бұл тәсіл досына, сыныптасына деген құрмет, бауырмашылық сияқты адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейді.

ә) «Құлаққа сыбырлау» тәсілі. Мұғалім бүкіл сынып мүшелеріне тапсырма беріп, кім бұрын орындаса өз «күпиясын» мұғалім құлағына

сыбырлауға асығады, өйткені алты жасар бала үшін мұғалімнің көйлегінен ұстау, оны құшақтап, оған сыныптастарының көзінше «өз құпиясын» жеткізу - шексіз бақыт, қуаныш. Ол шамамен келесі ретпен орындалады:

- Мұғалім балаларға белгілі бір танымды тапсырманы қояды (балаларға болжауды талап ететін тапсырмаларды мұғалім ұсынады және зеректікті, өзіндік бағалауды, ойлануды қажет ететін қиын операцияларды ұсынады) және олардың әрқайсысының өз жауабын өз құлағымен тыңдайтыны туралы ескертеді;

- Ойлануға бір-екі минут береді;

- Сұрақтың жауабын тапқан оқушылар қолын көтеріп мұғалімді келуге шақырады;

- Мұғалім тез арада оны шақырған адамға барады, ол оған жауапты, оның шешімінің өз нұсқасын құлағына сыбырлап айтады;

- Егер бала сұрақтың жауабын дұрыс тапқан болса, мұғалім балаға тыныш қана бет әлпет мимикасы арқылы күлімсіреп немесе қолын алып мадақтайды;

- Ал егерде бала сұрақ жауабын қате тапқан болса онда мұғалім балаға құлағына сыбырлап жол көрсетіп көмек береді және де мұғалім сен қайта ойланарсың дейді де («мен кәзір саған қайта ораламын...») деп айтады екен;

- Мұғалім көп оқушылардың қасына жақындауға ,жауаптарын тыңдауға тырысады;

- Егер қойылған тапсырманың шешімін оқушылардың көбі тапқан болса онда бүкіл сынып болып сол шешімді талқылайды екен;

Бір тапсырма бойынша уақыт төрт-бес минуттан аспауы керек. Бұл тәсілді жайдан жай қолдануға болмайды, егер тек тапсырма өте қызықты және де баладан ойлануды қажет ететін тапсырма болғанда ғана қолдануға болады.

Құлаққа сыбырлау тәсілін мұғалім өз тәжірибесінде түрлі жолдармен түрлендіріп қолдануына болады. Бұл тәсілдің тағы бір маңыздылығы сабақ кезінде берілген тапсырманың дұрыс жауабын бүкіл сынып болып шешкенше күте тұруды қажет етеді. Ал, қарапайым сабақ кезінде берілген тапсырма жауабын бір оқушы бірінші болып тауып, бүкіл сыныпқа жариялап жіберетіндігінде. Яғни бұл тәсілде басты назарға алатын нәрсе әр оқушы тапсырманы ешкімнің көмегінсіз жеке өздігінен табатындығында.

б) «Мұғалімнің қателігі» тәсілі. Бұл тәсілдің ерекшелігі: Мұғалім балаларға тән, көп зейін тоқтатып мән бере бермейтін қарапайым қателіктерін өздеріне анықтатып, тапқызыпып «жаналық» ашады. Яғни мұғалім балаларға тән қателікті өзі жібереді. Ал, балалар «мұғалім» ретінде ерекше зейінмен тақтада тұрған «оқушының» қатесін табуға тырысады. Осы тәсілдің арқасында мұғалім күнделікті қайталап, оған едәуір уақытын жұмсап, балалардың санасында тұрақтандыра алмай жүрген қарапайым ережелерді, білімдік қателерді меңгертіп, онсыз да қысқа уақытын үнемдейді.

Сол сияқты балалар жаттығуларды орындайды, ал мұғалім тақтаға жауап жазған кезде қателіктер жібереді (басқа әріп немесе басқа сан жазады, қатар келгенде түсіп қалатын дауыссыз дыбыстың біреуін түсіріп жазады және т.б.). Оқушылар өздері дұрыс емес жазбаларды тауып, тапсырманы қалай дұрыс орындауға болатынын түсіндіруі керек. Ал, мұғаліммен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, бірлесе іздестіру немесе дұрыс шешімді негіздеу жұмыстарын жүргізуі мүмкін. Қатені жойғаннан кейін мұғалім оқушыларға алғысын білдіріп, зеректік көрсетіп, үлкен көмек бергендерін атап өтеді.

Сонымен қатар бұл тәсіл оқушылардың өзін-өзі басқаруын қалыптастыруға ықпал етеді, өз іс-әрекеттерін және өзінің жауабының дұрыстығын дәлелдеу алу дағдыларын мен сапаларын егеді. Осының арқасында білімді терең және ұзақ меңгеруге болады.

Амонашвили үзіліс кезіндеде балаларды өзінің әдісімен қызықтыра білген. Ол үзіліс уақытында сыныпты доптармен, түрлі шарлармен безендіріп қоятын болған. Парталардың үстінде неше түрлі ойын түрлерін қойып мысалға шахмет,шашка, сол арқылы бір жағынан баланың ақыл ойының және де келесі үзіліске дейін бала шаршамай сабаққа белсене қатысып отырады. Әрине бастауыш сынып баласы ойын баласы болғандықтан ойын арқылы жалықтырмай жүзеге асырып отырған.

в) «Басты түсіріп, көзді жұму» тәсілі.

Бұл тәсіл өте қызықты және де ол басқа тәсілдер секілді алты жасар баламен жұмыс жасау кезінде пайда болған. Ал кейін келе бұл тәсіл екінші сынып оқушыларына да қызықты болды және олар бастарын партаға қойып көздерін жұмып тапсырмаларды орындады. Үшінші, төртінші сынып оқушыларына тек көздерін жұмып тіке отыру арқылы тапсырмаларды орындатуға болады. Неміс педагогы А.Дистервегтің еңбегінен Амонашвили осы тәсілдің бастауын алған болатын.А.Дистервег сабақ уақытында терезелерді жабу арқылы сынып бөлмесін қараңғылап оқушыларға

математикалық тапсырмалар беретін болған. Ол бұл тәсілде оқушының өздігінен ойлануын және де математикалық тапсырмаларды өзінің қиялында, ойында өзгертулер арқылы баланың ойлау қызметін дамытқысы келді. Осылайша мұғаліммен қарым-қатынас қараңғы бөлмеде ешқандай тақта, борсыз өтілетін болған.

Алты жасар балалар сыныбында «басыңды төмен түсір» тәсілі ең алғаш сергіту сәті ретінде пайдаланылған. Амонашвили балалардың шаршағандығын білген сәттен балаларға басын партаға төмен түсіріп, көздерін жұму арқылы 1-2 минут осы қалыптарында демалдырған екен. Кейде балаларға осы қалыптарында музыка тындатып немесе ертегілер айтқан.

Мұны дамытқан экспериментальды сынып мұғалімдері мұндай қалыпта, яғни басын төмен түсіріп көзін жұму арқылы балалар тапсырмаларда үлкен жетістіктерге жете отырып 1-2 минут ішінде бірнеше тапсырмаларды орындай алғандығын және де бұл тәсілді әр уақытта және әр кезде қолдана беруге болмайтындығын атап өтеді. Ал оқу материалды басқаша түрде ұйымдастыруды талап етеді, және тек қысқа формада. Әрбір шығармашылық мұғалім, ең алдымен, бұл тәсілдің өзіндік орындауын таба алады, сонымен қатар қандай сабақта, қандай материал кезінде қолданылуға болатынын өзі анықтайды.

Амонашвили бұл тәсілді сабақ кезінде қалай қолданғаны жайлы былай деп жазады:

- Сабақтың дұрыс сәтінде күтпеген жерден балаларға айтыңыз: - Ал қазір ... Басыңды төмен түс! .. Көзді жұм! .. Мұқият тыңда!

- Балалар өз қалпына келген соң ,дауысыңызды төмендетіп, жай ғана, балаларды қызықтырып бірінші тапсырманы беріңіз.

- Ендігіде сіз бір қатарды жүріп өте келе екі қолыңызбен баланың қолына тиіп өтіңіз және де балалар дұрыс жауап берсе құлағына сыбырлап «жарайсың» деген секілді сөзбен мақтаңыз. Ал егер дұрыс жауап бермесе «мен саған әлі ораламын , тағыда ойланып көр» деген сияқты сөздермен баланы қолдаңыз.

Бұл жұмысты өткір және қатты (бірақ өрескел емес) дауыспен аяқтаңыз: «Бастарыңды көтеріңдер, көздеріңді ашыңдар!» Рахмет, біз жақсы жұмыс жасадық! Енді біз басқа жұмыс түріне өтейік» деп аяқтаймыз.

Бәлкім, балалардың саусақтармен жауаптарын беріп жатқанын байқаған шығарсыз, біз берген мәселелер мен проблемалардың мысалдары оннан көп болмауы қажет.

г) «Еркін әңгімелесу минуты» және тағы да басқа тәсілдер [10,65]

Алты жастағы балалардың бірінші сыныбындағы оқу-тәрбиелік жұмыстардың ерекшеліктерін сипаттайтын көрсеткіштер:

а) Алты жастағы бірінші сыныптықтармен оқу-тәрбиелік жұмыста сабаққа дейінгі уақытты педагогикалық тиімді ұйымдастырудың маңыздылығын түсіну;

б) Алты жастағы бірінші сыныптықтарды тәрбиелеу мен оқытудағы тиімділіктің маңызды шарты ретінде үзілістерде түрлі оқу-тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастырудың қажеттілігін сезіну;

в) Бұл балалармен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда ойын әрекетінің басым болу мәні мен маңызын түсіну;

г) Алты жастағы бірінші сынып оқушыларымен ойын әрекеттерінің басымдық рөлінің маңыздылығын түсіну және ойындарды; сюжеттік-рөлді, драматизациялық-режиссерлік ойындар және ережелік ойындарды қолдана білу;

д) Алты жастағы бірінші сынып оқушыларымен жыл бойы тек балалардың тобымен қалатынын түсіну, осыған орай осы сыныпта болашақ перспективалы балалар ұжымын құру міндетін сезіну;

е) Бұл жастағы балалармен сабақ үдерісінде оқытудың тәрбиелік функциясын күшейту үшін тәрбиелеп оқыту тәсілдерін («Мұғалімнің қателігі» тәсілі, «Басты түсіріп, көзді жұму» тәсілі, Сабақты баланың туған күніне арнау тәсілі, «Еркін әңгімелесу минуты», «Кұлаққа сыбырлау» тәсілі) пайдаланып отырудың педагогикалық маңызын түсіну;

ж) Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы сабақтың 35 минут болып белгіленуі оқу үдерісін ұйымдастыруда сабақтың жоспарын, құрылымын, мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін ықшамдаудағы дидактикалық өзгешеліктер туғызатынын түсіну;

з) Мұғалімнің, алты жасар бірінші сынып оқушыларының ата-аналарымен жұмыс істейтін тәрбиешілердің жұмыстарының өзгешелігін түсіну;

и) Осы жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерінің өзгешелігін білу.

к) Сабақ 35 минут болуына байланысты басқалардан бөлек күн тәртібі де балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қосымша қиындық туғызатынын түсіну;

л) Балалармен жұмыс жүргізуге қолайлы әсер ететін ерекшелік – сыныптағы балалар санының аздығы – 15-25 оқушыдан аспауының оқу-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруға берілген бағасы жоқ мүмкіндік екенін сезіну;

м) Оқу үдерісінің құрылымы тек сабақпен шектеліп, жыл бойы ұй тапсырмалары берілмейтіндігін және осыған байланысты ерекше әлеуметтік топ ретіндегі өмірлік тәжірибесінде жетпей жататын сапаларын тәрбиелеуге осы мүмкіндікті пайдалану қажеттігін сезіну;

н) Алты жасар балаларды оқытуда білім деңгейі бағаланбайды, яғни баға қойылмайтынына байланысты оқу үдерісін ұйымдастыруда 7 жасар балалармен салыстырғанда дидактикалық және әдістемелік өзгерістер енгізу қажеттігін түсіну.

о) Бірінші сыныпта сабақ 9-да басталуына байланысты ата-аналардың өз жұмыстарына үлгеру үшін балаларын сабақ басталғанға дейін 20-30 минут ерте алып келуі себепті балалармен таңертеңгілік сергіту, қыдыру, гимнастика денешынықтыру жұмыстарын жүргізіп, сабақ басталғанға дейін түрлі педагогикалық ықпалдар жасау мүмкіндігін сезіну;

п) алты жасар балалармен оқу сабақтары арасындағы 20-25 минуттық үзілістерді балалармен қосымша оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға пайдаланудың маңызын түсіну;

Алты жасар балаларды оқыту- оңай міндет емес. Ш.А.Амонашвилидің айтуынша, алты жасарларды бірінші оқу жылында оқушы деп толық есептеуге болмайды, олар – енді ғана қалыптасып келе жатқан оқушылар.

Алты жасарлардың жеті жастағы балалардан айырмашылығы:

- Біріншіден, зейіні тұрақсыз болғанымен, қабылдау қарқынды келеді;
- Екіншіден, танымдық қабілеті жоғары;
- Үшіншіден, ұйымдастырылған түрлі әрекеттерге белсенді [12,38]

Сондықтан оларға арналған оқыту үрдісінің өзіндік ерекшеліктері болуы шарт. Білім мазмұнының көлемі шағын, құрылысы қарапайым болуымен қатар, білім беру мен тәрбиелеу баланың жеке тұлға ретінде дамуына бағдарлануы тиіс. Сондай-ақ оқыту процесіндегі түрлі әрекеттер ойынға негізделіп құрылуы қажет.

Ұлы педагог В.А.Сухомлинский «Баланың ақыл-ой дамуын, қызығушылығын, қабілетін, бейімін білмей оны тәрбиелеуге болмайды» - дейді [59,105].

Алты жасар бала мен жеті жасар баланың тек жас айырмашылығы ғана бөліп тұрған жоқ, олар физиологиялық, психологиялық, адамгершілік даму жағынан да ерекшеленеді. Оларды оқыту мен тәрбиелеу түрліше болуы керек.

Баланың мектепке дайындығын қалай анықтауға болады? Бұл мәселеге байланысты бүгінгі күні қолданылып келе жатқан тәсілдер көп. Осыған дейін мектепке баратын балалардың жеке бас ерекшеліктерін зерттеу көбінесе, формальды түрде жүргізіліп келді. Мектептегі бірінші күннен бастап дәстүрлі түрде балалар салыстырылатын. Әр баланың дамуы әр түрлі жолмен жүреді. Оқытудың басынан бастап балаларды бір-бірімен салыстырмау керек. Мұғалім бастапқы деңгейден әр баланың жалпы дамуын қадағалайды. Бұл баланың тұлғалық дамуына бөгет болып тұрған себептерді анықтауға және алдын алуға көмек жасайды.

Баланы жан-жақты тәрбиелеу үшін, оны барлық жағынан білу керек деген дана педагогикалық шындықты әркез есте сақтау қажет.

Қазір педагогика оқу мен тәрбиеге зерттеу әдісін бағыттап отыр. Мұғалім өзінің оқу-тәрбие жұмысында сыртқы көрсеткіштерді емес, жалпы даму деңгейіне ақыл-ой, адамгершілік, физиологиялық дамуға баса назар аударуы қажет.

Балалардың мектепке дайындығының маңызды бір көрсеткіші – олардың физиологиялық дамуы мен жалпы денсаулық жағдайы. Физиологиялық даму жағынан кейбір артта қалушылықтың объективтік көрсеткіштермен салыстырғанда, алты жасарлардың психологиялық, интеллектуалдық, адамгершілік, әлеуметтік дамуы мектептегі оқуға тұтастай бөгет жасамайды, бірақ баланың физиологиялық жағынан дамуына көңіл бөлуге, дене бітімінің қисаюын, алыстан көрмеушілік, жалпақтабандылық сияқты аурулардың алдын алуға міндеттейді. Мектептегі жағдай алты жасар баланың жеке дамуына игі ықпал ететіндей гигиеналық талапқа сай болуы тиіс.

Мектепте алты жасарларға арнайы бірнеше бөлмелер: оқу, жатын, ойын бөлмелері белгіленгені жөн. Алты жасарларға арналған бөлмелер оңаша болғаны дұрыс.

Алты жасар балалардың мектепке бейімделуі үшін басқа да маңызды қалыптастырумен бірге өмірдегі қызмет түрлеріне: еңбекке баулу, көркем әдебиет оқу, тілін дамыту, ән – күймен дене шынықтыру, математика т.б. сабақтарына әзірлеу істері басталады. Алты жасар баланың жан-жақты дамуы үшін әр қилы құралдар, тәсілдер пайдаланудың әр түрінің өз сатысы, өз жүйесі бар.

Баланың мектепке бейімделу нышандарын мынадан байқауға болады: Біріншіден- оқу үдерісіне қанағаттануы. Оған мектепке барған ұнайды, ол өзіне сенімсіздік танытпайды және қорықпайды.

Екіншіден – баланы бағдарламаны жеңіл меңгеруі үшін осы қиын кезде қолдау жасауы керек. Баланың баяулығын сынамауы керек. Егер мектеп қарапайым және бағдарламасы дәстүрлі болып, ал бала оқу кезінде қиналатын

болса, онда оған қиын сәттерде көмек көрсетіп, баяулығын, білмейтіндігін сынау, сондай-ақ басқа балалармен салыстырмау қажет. Әр бала ерекше әрі әр түрлі.

Үшіншіден – баланың оқу тапсырмаларын өз бетімен орындау деңгейі, тапсырманы өзі орындай алмаса, үлкендерден көмек сұрауы. Көбінесе ата-аналар баласына соншалықты ынтымақтаумен «көмектеседі», кейде бұл қарсы нәтиже болуы мүмкін. Оқушы ата-анасымен немесе жақындарымен бірлесіп сабаққа дайындалуға үйреніп алады. Мұндай жағдайда сіздің көрсететін көмегіңіздің шегін белгілеп алу қажет.

Төртіншіден - баланың мектептегі ортасы толығымен қосылуының ең маңызды нышандарының бірі - оның сыныптастарымен, мұғаліммен тұлғааралық қарым – қатынас жасаудағы қанағаттануы болып табылады. Осы кезеңде бірінші сынып оқушысы белсенді түрде қарым – қатынас жасайды, балалар ортасынан өз орнын іздейді, басқа балалармен серіктесуге үйренеді және өзіне көмектесуге қарсы болмайды [21,87].

Даму деңгейлерінің әр түрлі болып келуі жеті жасарларға қарағанда, алты жасарлардың арасында жиі кездесетіні байқалады. Психологтар негізгі себебі – олардың өмір сүру ортасы мен тәрбиесіне байланысты деп көрсетіп отыр.

Ойымызды қорытатын болсақ, жоғарыда айтылған алты жасар балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің ерекшеліктерін, олардың психологиялық ерекшеліктерін терең біліп, ынтымақтастық қарым-қатынас педагогикасының прогрессивті идеяларын тиянақты меңгеріп қана ерекше әлеуметтік топ ретіндегі алты жасар балалармен педагогикалық процесте табысты жетістіктерге қол жеткізуге болады деп есептейміз. Алдағы уақытта бұл проблеманы ғылыми мәселе ретінде егжей тегжейлі зерттеп, қазіргі таңдағы диссертациялық жұмысымыздың негізгі объектісі деп таңдап отырмыз. Сонымен қатар біз бұл тарауда алты жасар балаларды мектепте оқытудың ғылыми зерттелу тарихына, алты жасар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесінің түрлі аспектілерінде жүргізілген зерттеу жұмыстарына және бұл мәселе жөніндегі ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге шолу жасап, талдау жасадық. Сол сияқты алты жасар бірінші сынып оқушыларының психологиялық, физиологиялық, морфофункционалдық ерекшеліктері туралы педагогикалық-психологиялық материалдармен танысып, зерделенген эмпирикалық материалдар және педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, алты жасар бірінші сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктерін анықтадық.

4.3 Алты жасар бірінші сынып оқушыларын оқыту тәрбиелеуде мұғалімдерге қойылатын талаптар мен педагогикалық шарттар.

Жоғарыда біз алты жасар балардың кейбір психологиялық ерекшеліктерін, дамудың психологиялық табиғатын, функционалдық тенденцияның қалыптасуын, келіспеушіліктер тууының көздерін қарастырып, ойын қызметінің жалпы сипатын бердік. Осының бәрінен қандай педагогикалық қорытындылар жасауға болады? Басты қорытынды баланың әлеуметтік бейне ретінде тәрбиелі және білімді болуға талпынуда. Мирастық пен қоршаған ортаның бірлігі, табиғи және әлеуметтік факторлардың барлық жиынтығы баланы мәдениетті меңгеруге және адам қоғамына араласуға даярлайды, бағыттайды және итермелейді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте «білім беру» және «тәрбие беру» деген терминдер жиі кездеседі. олар баланың (оқушының) педагогикалық ықпалды қабылдауға әзірлігін анықтау үшін қолданылады. Әдетте, егер ол педагогикалық ықпалға қарсыласатын болса, яғни тәрбиелеуге қиын бала болса, онда кінә әлгі ықпалдың, педагогикалық процестің сипатында емес, ең алдымен баланың өзінде деп есептеледі. Алайда, егер баланың ой немесе дене кемістігі болмаса, онда ол өздігінен тәрбиелеуге «қиын бала» бола алмайды. Оны толыспаған микроәлеуметтік орта, жетілмеген педагогикалық процесс осылай етуі мүмкін. Басқаша айтқанда, баланың тәрбиелеуге қиын болатыны тәрбиелеушілердің оның өз басына жеке басының өзгеруі үшін қажетті жағдайлар жасамағандығынан. Осы ойды анықтау үшін мынадай теңеу жасайық. Педиатр баланың денсаулық жағдайын терең тексерместен қате диагноз қояды да, соған сәйкес емдеу шараларын белгілейді. Аурудың жағдайы барған сайын нашарлай береді, ал дәрігер емдеу тәсілдерін өзгертіп, өзінің қатесін мойындаудың орнына сол белгілеген дәрілерінің қабылдау мөлшерін арттыра түседі. Мұның неге соқтыратыны белгілі. Өзі ұйымдастырып отырған педагогикалық процестің кемшіліктері бар, «қиын» баланың жас және басқа да жеке ерекшеліктеріне сәйкес емес екенін мойындағысы келмеген педагог та шамамен осылай істейді. Ол өз методикасын өзгертудің орнына, керісінше, баланы тәрбиелеуге, оқытуға келмейтіндердің қатарына қоса салады.

Білім мен тәрбие берудің проблемасы туралы, «қиын» балалардың пайда болу себептері туралы менің сөз етуімнің себебі адамдардың қабілеттіліктері мен жеке қасиеттері, олардың өздеріне тән мінез-құлықтары көбіне көп әлеуметтік ортаға, олардың мектепке дейінгі және бастауыш класс жасындағы балалық шағы өткен семья мен мектептегі өмір сүру жағдайларына байланысты болатындығынан.

Баланың оқығысы келеді, тәрбие алғысы келеді, есейіп қоғамдық өмірге белсене қатысқысы келеді. Алайда бұл біз оны қандай тәсілдермен, қандай жағдайларда, қандай педагогикалық процесте тәрбиелеп, жетілдіріп және оқытатынымыз оған бәрібір дегенді білдірмейді. Бұл процесте балалардың жас және жеке мінез-құлықтары ерекшеліктері ескерілуі керектігі жөніндегі болып отыр?

Егер білімді, адамгершілік-этикалық ұғымдар мен нормаларды меңгеруге байланысты жекелеген функционалдық процестің қасиеттерін ғана айтар болсақ, онда бұл, біздің ойымызша, баланы өзін-өзі тәрбиелеуге белаенді қатысушы ретінде мойындамау деген сөз. Мұндай жағдайда оқу процесінде сана, ойлау, зейін сияқты функцияларды ширата түсуге ден қойылады. Ең алдымен, тәрбиелеу тәсілдері негізінен балалардың тәртібі мен тіл алғыштығына, үлкендердің тапсырмаларын бұлжытпай орындауға бағытталады. Сөйтіп, педагогикалық процеске тұтастай жеке адам ретінде баланың өзі емес, оның жекелеген функциялары қарастырылады. Зейін, ойлау, сөйлеу, бауқау – өзінен-өзі қажетті қасиеттер және оларды шынында жетілдіру керек, оларға сүйену керек, алайда олардың жай жиынтығы баланың жеке басын құрамайды, оның өзі бола алмайды. Ол ол ма, осы қасиеттердің жұмысына арқа сүйген педагогикалық процесс баланы жоққа шығарады, «баласыз» қалады. Мұнда оқушы педагогтың абзал әрі ізгі ниеттеріне қарсы күш ретінде қарастырылады және сондықтан оның қарсылығын ықтиярсыз жеңу керек болады. Соның нәтижесінде мұғалім өктемдік етеді, сұрайды, талап етеді, ұсады, мақұлдайды, балаларды қайталауға, орындауға, өзінен өнеге алуға мәжбүр етеді, ол қатыгезденеді, сирек күліп, әзілдеседі, кез келген тәртіп бұзған жағдайда жиі жазалайды. Мұндай жағдайларда оқушылар ережелерге амалсыз бағынып, өз ойына өзі сенбей қателесіп кетем бе деп, үнемі қымсынып жүреді. Әрине, әр мұғалім ең биік мақсаттарды басшылыққа алады, алайда олардың абзал, ізгі атмосферада жүзеге асырылуы, педагогикалық процесс сергектік пен қамқорлыққа, қайырымдылық пен тілектестікке толы болуы, әрбір баланың табысына қуанып, намысын қорғап отыруы қажет. Қарым-қатынастардың мұндай стилін біздің социалистік қоғамның өмір сүру нормасы ғана тудырып отырған жоқ, сонымен бірге ол балалардың бойындағы қасиеттердің жан-жақты берекелі көрінуіне, олардың жеке басының тұтас қалыптасуына елеулі дәрежеде ықпал етеді. Бала егер өзіне жақын адамдардың (ата-аналардың, мұғалімдердің, тәрбиешілердің) қарым-қатынас сипаты өзін көрсетуге ынталандыратын, өзін шынықтыратын, бұл істе өзіне көмектесетін жағдайда ғана педагогикалық ықпалға бейім әрі икемді болады.

Педагогикалық процестің өзіндік-парасатқа мензеуі үшін, яғни жаңа адамды тәрбиелеу мақсатына сай болуы үшін қандай принципті талаптарды сақтау керек? Жоғарыда аталған психологиялық алғышарттарды басшылыққа ала отырып, кейбір педагогикалық қорытындылар жасауға тырысып көрейік.

КІШКЕНТАЙ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МҰҒАЛІМІ. Бастауыш кластардағы осы заманғы оқу-тәрбие процессінің принциптерін, оған қойылатын талаптарды айқындамастан бұрын осы жас тобына жататын балалардың мұғалімі қандай болуы керек екенін анықтап алу қажет. Менің ойымша, мұғалім қызметінде жандана түсетін оқушылармен жұмыс тәсілдері, принциптері, формалары егер ол солар арқылы өзінің оқушыларға деген ізгі, мүдделі қарым-қатынасын жүргізбейтін болса, балалар коллективінде оптимизм, ынтымақтастық пен жолдастық рухын орнатпайтын болса, әр оқушының өз күшіне деген сенімін ұштай алмайтын болса өздігінен жақсы да, тиімді де бола алмайды.

Мұғалім мамандығы жасандылыққа, уақыт талабынан қалыс қалуға төзбейді. Өмірін осыған арнаған адамда өз шәкірттеріне дарытқысы келетін барлық қасиеттер болуы керек. Жаңа адамды тек жаңа адам ғана тәрбиелеуі тиіс. Біздің қоғамдағы мұғалім балаларды болашақ туралы арманмен жігерлендіру үшін, оларды алдағы мұраттарға қазірден үйрететін болашақтың адамы. Егер былай десем қателеспес едім деп ойлаймын: мұғалімнің өзі тұлға болуы тиіс немесе өнегелі адамды тек өнегелі адам ғана тәрбиелейді; оның өзі биік парасатты тек ізгі жан дүниесімен ғана балаға дарытуға болады; ол міндетті түрде жан-жақты сауатты және творчествоның адамы болуы тиіс немесе танымға деген құштарлық отымен өзі өртенген адам ғана құштарлық отын тұтандыра алады; мұғалім патриот және интернационалист болуы керек немесе Отанға деген сүйіспеншілікті өз Отанын сүйетін адам ғана оята алады, мұғалім балалармен сөйлескен кезінде жалған, анайы лебіздерге, дөрекілікке, төзімсіздікке, ашу-ызаға жол бермеуі тиіс. Балаларға жиі-жиі дауыс көтеріп, өзін-өзі ұстай білмейтін ұстаз оқушыларды кішіпейілділікке, ізеттілікке үйрете алмайды.

Бастауыш класс балалары үшін ең биік бедел-ол мұғалім. Бастауыш класс оқушылары өздерінің ұстазына, олардың біліміне, талас тудыратын сұрақтарды шешу, әркімнің тәртібі мен табыстарын бағалау кезіндегі әділдігіне сенеді. Мұғалімнің біріншіден, балалар арасында өз беделін сақтап, нығайтып, екіншіден, оны әр оқушыны адам етіп қалыптастыруға игі ықпал етуге пайдалану үшін оның маңызы өте зор. Балалардың өз мұғалімін жақсы көруі қажет пе? Әрине, қажет. Тәрбие ықпалы игі өркен жаюы үшін қажетті шарт. Сондықтан балалар мұғалімді өзінің жан дүниесін жарқырататын досы, тәлімгері, жетекшісі ретінде көруі үшін өзінің қалай ұстануы қақында ұстаздың ойланғаны жөн. Бастауыш класс оқушысы кез келген білімді мұғалім арқылы қабылдайды. Ол оқу мен ұстазды ажыратпайды. Егер бала мұғалімді жақсы көрсе, демек ол оқуды да жақсы көреді, мектепті де, сабақтарды да, кітаптарды да жақсы көреді, мұғалімді жақсы көрмей, одан қаймықса, демек ол оқуды азап көреді, қиналады, мектепке құлқы соқпайды. Жақсы көрген мұғалімнің пікірі, бағасы оқушы үшін адамдарға, олардың қимыл – ісіне қарым-қатынас жасаудың нұсқасы болып табылады. Сүйікті ұстаз – оқушының өмірге қарайтын мөлдір де таза әйнегі. Ол «әйнектің» өзін аңғармайды, бірақ таным терезесінен көрінетін заттар мен құбылыстарға зор мейлінше құштарлана танырқай, мақтана қуана шұқшия қарайды, «неліктен?» «ал егер басқаша болса ше?» деген сияқты сансыз сұрақтар қояды, күдігін, тұжырымын, ой қорытындысын, көзқарасын, адамгершілік түсінігі мен позициясын айтады. Жақсы көретін мұғалімнің сабағы – мұның өзі таным құштарлығына көкірек толтыра тыныс алу; ұстаздық тәлімгерлерін, адамгершілік – этикалық тәлімгерлігін, пікірлерін бала өзі орнықтыратын бірден-бір дұрыс позиция деп қабылдайды. Бірақ егер бала мұғалімді жек көрсе, одан қаймықса, онда ақиқат терезесі баланың бір нәрсені соншалық қинала көретін және жалшы оған қинала қарайтын қисық айнаға айналады.

Өз ұстазын ұнатып, оған сеніп, соңынан еруі үшін балалар одан не көруі керек?

Біріншіден, олардың бәрін және әрқайсысын түсіне білуі керек. Оқушылар өздеріне әрдайым көмекке келіп, табыстарына қуанатын, сәтсіздікке ұшыраған сәтте көңілдерін көтеретін мұғаліммен қарым-қатынас жасау соншалық қызықты екенін сезінуі тиіс.

Балаларды түсіну – мұның өзі «олардың кейпін кию», олармен бірге қуанып, бірге күйіну, олардың өмірін кешу деген болатын Н.К.Крупская.

Екіншіден, асқан кеңпейілділік, мейірімділік, қайырымдылық, сезімталдық. Мұның өзі «Не істегің және қалай істегің келсе де істе, саған бәрі кешірімді» дегенді есте білдірмейді. Жоқ, қайта керісінше, мұғалім өзінің алдында бала албырттығын, теріс қылығын, өзімшілдігін тежеуге тырысуы үшін мұғалім талапты болуы тиіс. Әйтсе де сонымен бірге мұғалімнің бірге күйіне, көндіге, кешіре, көмектесе білетіндігін баланың өз тәжірибесінде сезінуі қажет. Ізетшілік пен қайырымдылық білім алудың күрделі еңбегіндегі табиғи құбылыс ретінде оқушылардың сәтсіздіктеріне төзімділікті, ұстамдылықты, қатынасты тудырады. Бастауыш класс оқушыларының, әсіресе алты жастағылардың жиі қателесуі, есепті түсіне алмай қиналуы, елеңдеуі және тағы басқалар болуы мүмкін. Қадам басқан сайын мұғалімнің ескерту жасауына, реніш білдіруіне, сабырсыздануына, ата-аналарынан көмек сұрауына сылтау табылады. Алайда, ұстаз төзімділігінің мәні оқушының қиындықты жеңуіне тілектестікпен, ибалықпен көмектесе, келіспеушілік ситуациясын байсалды шеше, өзіндік адамгершілік сезімін қолдай білуде. Педагогикалық төзімділік-мұның өзі тәртіп бұзумен, сылбырлықпен, білімсіздікпен ымырласу емес, керісінше оқушының күш-жігеріне, мүмкіндіктерін оптимистік тұрғыдан білуге оның өзіндік психологиялық ерекшеліктеріне арқа сүйеу.

Үшіншіден, әр баланың өскеніне, ержеткеніне, жетілгеніне қуана білуін көруі керек. Тек осындай жағдайда ғана бала өзінің ілгерілеуін байқап, өзі мен өзінің күшіне сене алады. Оны сүйлейді, оған сенеді, оны тыңдайды, ол коллективке де керек, ол мұғалімге де қызықтылықты, олар бір-біріне сенеді, ізгі көңіл күйінің осы бір әсерлерінің бәрі де болған оқушыдан ажырамауы тиіс.

Балалар коллективінде өзара түсінісу, жолдастық, өзара көмек, қайырымдылық және кішіпейілділік рухының орнатылуы тұтасымен мұғалімге, оның өз оқушыларымен қарым-қатынасының парасаттылығына байланысты. Тек осы жағдайда ғана балалар меңгерген білім програмалар мен оқулықтарда қарастырылған тәрбиелік және дамытқыш әрекет ете алады.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСС ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК.

П.Ф.Каптерев енгізген «педагогикалық процесс» ұғымы балаларды оқыту, тәрбиелеу, жетілдіру, қалыптастыру, үйрету процестерінің мәнін қамтиды. Бұл процестердің нақтылы практикада бір-бірімен тамырлас жататыны соншалық, бір-бірінен ажыратып алу тым қиын. Педагогикалық процеске жалпы сипатама бере келіп, П.Ф.Каптерев былай деп жазды: «Педагогикалық процесс өзіне тән негізгі екі белгіні түйістіреді, олар: организмнің өзіндік дамуына жүйелі түрдегі көмек және адамның жан-жақты жетілуі».

Мен ең алдымен өзі жетілу, өзіндік даму жөніндегі пікірге көңіл аударғым келеді. Өзіндік даму деген не, педагогикалық процеске оған қалай

көмектесу керек? П.Ф.Каптеревтің өзіндік даму және оның педагогикалық процеспен арақатынасының мәні жөніндегі айтқандарын неғұрлым кеңірек келтірейік: «Педагогикалық процесс творчестволық сипаты бар қайталанбайтын процесс. Белгілі организм бар, белгілі орта бар. Осы деректер болып тұрған сәтте организм мен ортаның қасиеттері анықтайтын өзіндік даму процесі дереу басталады. Ол процесс өзіне тән заңдарға сәйкес организм әсерлерді қозғалысқа келтіріп, өңдеу және соның ықпалымен жұмыс істеу қажеттігі арқылы жүреді. Бүкіл процесс қайталанбайтын творчестволық сипатқа ие болып, тосын нұсқау бойынша емес, органикалық қажеттілік бойынша жүреді. Педагогикалық шығармаларда дербес жұмысты дамыту жөнінде көп айтылады, сонымен бірге оны дамытуға қамқорлық жасау қажеттігі осы қасиеттің құндылығынан туындайды. Бірақ дербес жұмыс ең алдымен оның өмірде қолданылатындығынан емес, оның педагогикалық процестің – творчестволық өзіндік дамудың мәніне жауап беретіндігімен маңызды болып отыр. Дербес жұмыстан басқаша жолмен адам жетіле де алмайды: оның табиғаты осындай. Тәрбие мен білім беру көп ретте адамның өздігінен творчестволық дамуына қарсы қиянкескі күрес сипатында болып, оны ескіше, мезі қылған жолмен жүргізу мақсатымен күні бұрын дайындалған шектеуге қарай тықсырады, тәрбие беру ісінің жалпыға бірдей ықтиярсыз жүргізілгеннің өзінде де әңгіме дербестік жайында болып отыр. Шын мәнісіндегі, бұрмаланбаған педагогикалық процесс әрі еркін, әрі қажетті, өйткені ол өздігінен даму процесі болып табылады. Мұнда дербес жұмыс лажсыз құбылыс. Ал егер тәрбие мен білім беру ықтиярсыз жүргізілетін болса онда дербес жұмыс жөнінде сөз қозғаудың керекті де жоқ, бұл мен не деймін, қызым не дейдінің кері, қисыны жоқ нәрсені қиюластырғанмен бірдей».

Бұл топшылауда педагогикалық және психологиялық құнды көп идеялары бар. Ең бастысы организмге тән өздігінен даму процесі мен өздігінен дамуға қарсы бағытталған педагогикалық процесс екеуінің өзара қайтсе де қақтығысатындығында және адамның қалыптасуын бұрмалап жіберетіндігінде болып отыр. Өздігінен даму, өзіндік қызмет, педагогикалық процесс біртұтас болуы тиіс, ал олардың соңғысы айқындауыш роль атқарады. Есеюге көмектесу баланың дамуын, іс-қимылын, қалптасуын қоғамның адамға қоятын талаптарына сәйкес бағыттауды білдіреді. Көмектесу ықтиярсыз көндіруді, қыспақты және жасанды тоқыратуды немесе керісінше дамуды жеделдетуді білдірмейді. Өздігінен дамудың тенденцияларын есепке алып, түсіну, баланы оған баулу педагогикалық процестің өктемдігіне жол бермейді.

Егер оқыту баланың өзіндік ерекшеліктері мен талаптары есепке алынбастан құрылып, ол педагогикалық ықпалға іштей қарсылық білдіре алмайды, оқу оған ауыр жүк болады деп топшылаған жағдайда ғана оқыту өктемдік сипатқа ие болады. Мұндай тәсіл кезінде қызметтің оқыту немесе басқадай түрлеріне назар аударылмайды ал баланың өзі жанарудың, ұстаз талаптарына бағынудың объектісі ретінде қарастырылады.

Мұндай жағдайда бүкіл бағалау қызметі – мұғалімнің құдіретінде: ол өзіне шақырады, сұрақтар қояды, тексереді, бақылайды баға қояды және т.б. жүзеге асырады. Сонымен қатар себептердің мазмұны мен сипаты, ақиқатқа

өзіндік көзқарас, өзіндік ойлары мен пікірлері, ынталылық, әуесқойлық, бейімділік емес, білімді өздігінен игеру, оны меңгерудің сапасы, белгілі іскерлік пен дағдыларды игеру деңгейі бағалау затына айналады. Сөйтіп білімге қатысы бар адамның өз басы мен моральдық-этикалық байлықтарын емес, оқушылардың санасына, репродуктивті ойлауына, жүріп-тұру ережесінің формальды орындалуына сүйенеді. Басқаша айтқанда, бұл жерде ең бастысы оқушының оқу тапсырмаларын себебі бар қандай негізде (құлқымен бе, әлде құлықсыз ба, танымдық қажеттілігін қанағаттандыру үшін бе, әлде ұстаз бен ата-анасы тарапынан жаза алмас үшін бе) орындайтындығында емес, білімді меңгеру деңгейінде, олардың рограммаларда белгіленген мөлшерге сәйкестігінде болып отыр.

Педагогика процесінің құралымына өктемдік ету мұғалім мен оқушылардың өзара қатынасында тәжіке тудырып, балаларды үрейлендіреді, ұстазға да жек көрінішті етіп, олардың адамгершілігін кемсітеді; оқудың ең басты нәтижесі ретінде бағаны нысанаға алады. Бастауыш кластарда императивті білім беруді дамытуға көмектеспейтін осы және басқа да фокторларының әсері әлі айқын көріне қойған жоқ. Оқушы өзін жеке адам ретінде сезінбейді, сөйтіп мұғалімге сөзсіз бағынады. Алайда өз ынтасының тежеліп, пікірімен және тілегімен есептеспейтіндігіне біртіндеп дағдылана отырып, бала белсенді таным, бірлескен творчестволық, дербес жұмыс, дербестік пен есею қызығынан тыс қалған мектеп өміріне бұлыңғыр наразылық сезімін басынан барған сайын көбірек кешеді. Соның нәтижесінде «тәрбие трагедиясы» қайтсе де болады.

Мұғалім мен тәрбиешінің ниетіне қарсы тұру балаға тән деген түсінік қайдан шыққан? Шынында да балалар әрдайым оқу оқып, тәрбие алғысы келмей ме? Бұл сұрақтардың жауабы баланы танытып, тәрбиелейтін және білім беретін жағдайларға, яғни педагогикалық процестің сипаты мен бағытына байланысты.

Ұзақ уақыт бойында оқушы оқытудың өктемдік тәсілі, өктем педагогикалық процесс жағдайында танылып келді. Бұған дейін мектепке ынтығыш келген баланың кейін білімге селсоқ қарап, біртіндеп оқуға ынтасының жойылуы мұғалімнің жек көріп кетуі ықтимал. Мұның өзі мәжбүр еткізудің еріксіз, көндірудің жеке адам ретінде мойындамаудың, есеюне ықпал ететін толыққанды өмір сүру талабын кемсітудің салқынынан болады. Мұндай жағдайда балалар өздеріне ұқсамайтын басқа адамға айналады және оларды сыртынан бақылай отырып, оқығысы келмейді, сондықтан оларды мәжбүр еткізу керек, әр тәртіптің қабылданған нормаларына олардың бағынуы үшін талапшылдық пен қаталдық керек деген теріс қорытынды жасауға болады.

Алайда осы жерде К.Маркстің нақты жағдайлардың жеке адамның қалыптасуына қалай әсер ететіні жөніндегі айтқандарына жүгінген орынды: «Егер адам өзінің барлық білімін, сезімін және басқа әсерлерін өзін қоршаған әлемнен алатын болса, онда қоршаған ортаны адам одан нағыз адамға тән қасиеттерді танып, меңгеретіндей, ол өзін адам ретінде сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек деген сөз. Егер адамның дұрыс жеткізілген мүддесі оның бүкіл моралінің принциптерін құрайтын болса, онда жеке адамның жеке

мүдесін жалпы адамзаттың мүдделерімен сәйкестендіруге ұмтылу керек деген сөз. Егер адам материалистік тұрғыдан азат болмаса, яғни егер ол қайсыбір нәрседен теріс күштердің әсерінен емес, өзінің нақты дербестігін көрсетуге оң күштердің әсерінен азат болса, онда жекелеген адамдардың қылмысын жазаламай, қылмыстың әлеуметтік жат көздерін құртып, әрбір адамға өздерінің қажетті өмірлік істерін жүзеге асыру үшін қоғамдық қажетті кеңшілік беру керек. Егер адамның мінез-құлқы түрлі жағдайлармен қалыптасатын болса, онда әлгі жағдайларды адамзатқа тән ету керек деген сөз. Егер адам өзінің табиғаты жағынан қоғамның мүшесі болса, онда ол өзінің нақты қасиетін тек қоғамда ғана дамыта алады деген сөз және оның табиғатының мүмкіндігі жөнінде жекелеген адамдардың мүмкіндігі тұрғысынан баға берген жөн».

К.Маркстің осы маңызды ережелерінен қандай педагогикалық қорытынды жасауға болады? Басты қорытынды жеке адамның мүмкіндігінің ашылуы педагогикалық процестің сипаты мен бағытына, педагогикалық ортаға, педагогикалық жағдайларғатолығынан байланыстылығында болуы тиіс. Әр түрлі педагогикалық процестер мен олардың белгілері даму мен тәрбие бағыттарын түрлендіріп жіберуі мүмкін. Міне, сондықтан да балалардың жас жағынан бірдей топтары түрлі психологиялық ерекшеліктер көрсетеді. Бұл шындық педагогикалық тәжірибеде жеткілікті түрде сенімді дәлелденеді.

Жаңа мазмұндағы білім жүйесін мектеп өміріне енгізуде мұғалім педагогикалық, психологиялық, философиялық, физиологиялық және т.б. ғылым салаларының тиімді зерттеу нәтижелері мен әлемдік озық тәжірибелердің алдыңғы қатарлы идеяларын басшылыққа алады. Жаңа кезеңдегі мұғалімнің шығармашылық іс - әрекетінің мазмұны зерттеушілік қызметтен, жаңа ізденістерден, оқушымен, ата – анамен тығыз ынтымақтастықтан тұрады. Жеке тұлға қабілеттеріне бағытталған оқыту процесі әр педагогтің өзіне, өз ісіне және өзгеге деген жауапкершілігі артып, оқушымен қарым – қатынасын берік сенімге негіздегенде ғана игі нәтижесін байқатуы мүмкін. А.К.Марковтың пікірі бойынша мұғалімнің кәсіптік зерттеушілік позициясы өз кәсібін шығармашылық деңгейде жетік меңгерген кезде ғана айқындала түседі.

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу тұсында мұғалімнің кәсіптік жетілуі мен дамуы тұрғысында көп мәселелер қалыптастырылуы қалыпты жағдай. Өйткені, Ы.Алтынсариннің «Мұғалім – мектептің жүрегі», - деп айтқанындай, барлық күш мұғалімге түседі. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастыра алады. Ахмет Байтұрсынов «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді» деген ғой.

Қазіргі таңдағы болашақ мұғалім тұлғасын қалыптастыруға жаңаша көзқараспен қарауға тиіспіз. Бұрынғы жоғарыдан берілетін бұйрық арқылы іс

істеп, оның нәтижесі жайында есеп беру мәселесі мүлдем жойылды. Олай болса, білім беруді игіліктендіре отырып, болашақ маманның өз іс - әрекетіне өзі жауап беріп, оған ұқыптылықпен қарап, өз ойын, білімі мен білігін жалтақтамай жүзеге асыруына мүмкіндік туып отыр. Сондықтан да, педагогикалық практика кезінде неғұрлым шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік берілсе, соғұрлым болашақ маманның тұлға ретінде жетілуіне жағдай жасалады. Білім беруді игіліктендіру мұғалім мен оқушылардың қарым – қатынасына өзгеріс енгізіп, болашақ маманның адамгершілігі мол, икемді де инабатты, кішіпейіл, әдепті тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік тудырып отыр. Болашақ маман өзінің педагогикалық іс - әрекетінде бостандық шеңберінің кеңдігін сезінуге жағдай мол.

Білімді игіліктендірудің педагогтың тұлға ретінде қалыптасуына тигізетін әсерін Е.Н.Шияновтың еңбегінде өте орынды талдаған. Мұғалім тұлғасының қалыптасуына педагогикалық практика кезіндегі оқушылармен қарым – қатынас үлкен әсер етеді. Қазіргі оқушы тек мұғалімнің айтқанын тыңдаушы ғана емес, ол пікір айтушы, өзінің талабын орындауға, қызығушылығын қанағаттандыруға, білімін кеңейтуге талпынатын субъект ретінде қатыса түседі. Бұл талап, тілектерді қанағаттандыру мұғалімнен үлкен дайындықты, терең білім мен ұстамдылықты талап етеді. Болашақ мұғалім мектептегі игіліктендіру ісінің жүйесімен, ұжымның бұл бағытта атқарып жатқан жұмыстарының барысымен танысады. Осы арқылы болашақ мұғалімнің біліктілігімен қатар жалпы мәдени деңгейі көтеріледі. Білім беруді игіліктендіру мұғалім мен оқушы арасының қарым – қатынасына тікелей байланысты болса, білім мазмұнын игіліктендіру берілетін білім жүйесіне жалпы адами мәселелерді ендіру арқылы адам баласы жасаған құндылықтарды оқушылардың меңгеруіне жағдай жасау. Сол арқылы оқушылардың өткен тарихымызды, табиғи және мәдени байлықтарды біліп қана қоймай, оны сақтауға, қорғауға тәрбиелеу. Мұндай талаптарды жүзеге асыру да жаңа тұрпатты мұғалім тұлғасының сапасына енетін қасиет.

Бастауыш білім жоғары сыныптарда алатын жүйелі білім салаларының бастамасы ғана емес, оның негізі. Олай болса, бұл мұғалім тұлғасының осы мәселелерді түсінетіндей, оны жүзеге асыратындай білімділігімен қатар педагогикалық ой өрісінің болуын қажет етеді. Кез келген типтегі мектептерде жұмыс істеуге дайын болу – болашақ мұғалімдерге жүктелетін міндеттердің бірі.

Бастауыш сыныпта оқылатын әрбір пән орта мектепте оқылатын бірнеше пәннің бастамасын негіздейді. Мәселен, бір ғана дүниетану пәні келешектегі жүйелі ғылым салаларының бастамасы. Олай болса, мұғалім тұлғасының жан – жақты білімді болуы өзінен өзі туындайтын талап. Мұғалім тұлғасының қалыптасуына педагогикалық практика кезінде атқаратын жұмыстар мен сол жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу әдістері үлкен әсер етеді. Ондай жұмыстар қатарына мына төмендегі мәселелерді ендіруге болады:

1. Бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің бағдарламалық талаптарын жете білу
2. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін меңгерту
3. Оқушылармен жұмыс істеу икемділігінің, білім, қарым – қатынас, адамгершілік сапаларының қалыптасуы
4. Ұйымдастырушылық шеберліктерінің болуы
5. Тәрбие мәселелерін оны ұйымдастырудың жолдарымен әдіс – тәсілдерін білу.
6. Сабақты ұйымдастыру және оқыту әдістерін меңгеру. Оған көптеген икемдіктер енеді: сабақты жоспарлай білу; тиімді әдіс – тәсілдерді таңдау; жаңа технологияны қолдану шеберліктері; сабақ барысында оқушылардың өздігінен атқаратын жұмыстарды іріктей білу; оқушылардың шығармашылығына жағдай туғызу; оқушылардың тілін; ойлау қабілетін дамытуға көңіл бөлу; сабақ барысында оқушылар белсенділігін ұйымдастыру т.б.

Ұйымдастырушылық жеке бастың таланты, педагогикалық ойы, шешімділігі мен шапшандығы, кез – келген ситуация да тиімді шешім табуға икемдігі, мұның бірі мұғалім тұлғасының сапасына енеді. Ал, коммуникативтік – бұл тұлғаның адамгершілік, интеллектуалдық деңгейінің нәтижесі. Сол арқылы кішіні де, үлкенді де сыйлаумен қатар, кез келген ортада өзін орынды ұстап, қарым – қатысқа өз деңгейінде түсе білуі. Бұл жағдай тұлғаның ерекше педагогикалық, психологиялық ой - өрісін көрсетеді.

Әр ғалым педагогикалық зерттеу барысында тұлға қалыптастырудағы педагогикалық практиканың мәніне тоқтала отырып, әр түрлі анықтама береді. Мәселен, А.И.Щербаков өз еңбегінде тұлға қалыптасуының психологиялық тұстарына үлкен мән беріп, оқу - әдістемелік әрекеттің мұғалімнің жеке тұлғасының қалыптасуына үлкен әсер ететіндігін айта келе, ол әдістемелік икемдіктерді бірнешеге бөледі: ақпараттық, ұйымдастырушылық, зерттеушілік деп. Егер, мұғалім тұлғасының қалыптасуындағы педагогикалық практиканың мәнін сөз ететін болсақ, бастауыш сынып мұғалімдері де ақпараттық қызметтің басым болуы керектігін естен шығармауға тиіспіз. Себебі, оқушыларды күнделікті жаңалықтармен таныстыру бастауыш сыныптардағы сабақ барысында ғана емес, сабақтан тыс жұмыстар барысында да басым орын алады.

И.Я.Лернер еңбегінде мұғалімнің мақсатты түрде ұйымдастырған әрбір әрекеті оның нәтижесін алдын ала біліп отыруға жағдай жасауға тиіс деп көрсетеді. Ғалым – педагогтің пікірі бойынша мұғалім өзінің жұмысының нәтижесін алдын ала сезіп отыратын зерек, болжамы жетілген тұлға болуы тиіс. Мұғалім тұлғасын сөз еткенде қай ғалым болса да, оның кәсіптік шеберлікпен байланысты қалыптасатынын айтпай өте алмайды. И.Я. Лернер өзінің бұл пікірін оқу үрдісі және оның заңдылықтарын сөз еткенде тағы да қайталап, оқытудағы басты заңдылықтардың бірі ретінде мұғалім тұлғасының оқытып білім берудің барлық талаптарына сай келуін талап етеді.

Мұғалім тұлғасының сапасын айқындау қоғамның жеке тұлға дайындығына қойып отырған талаптарынан, қаулы – қаралар шешімінен туындайды. Олай болса, қазіргі қоғамда мұғалім тұлғасына қойылатын талап өте жоғары. Қазіргі мұғалім жоғары білімді, дене еңбегіне де, ой еңбегіне де дайын, ғылым мен мәдениет салаларынан хабардар, жаңа типті оқу орындарының кез – келген саласында қызмет етуге оңтайлы, ортамен қарым – қатысы, этикалық, адамгершілік сапалары жетілген тұлға болуға тиіс. Мұғалім тұлғасының қалыптасуында ең бірінші мәселе оның кәсіби дайындығының жоғарылығы, қу үрдісін ұйымдастыра білу шеберлігі.

Жоғарыда келтірілген мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар бүкіл пәндер мұғаліміне тән деуге болады. Біздің зерттеуіміздің бағыты бойынша осылардың бәрін ескере отырып, бастауыш сыныптар мұғалімдерінің басты қасиеті бала жанын түсіну, 7 – 10 жастағы балалар әлі де ата – ана жылылығынан қол үзбеген, жылы сөйлеуді, еркін ұстай отырып, талап етуді, мадақтай отырып жұмыс орындатуды керек ететін ерекше жандар. Бастауыш сыныптар оқушыларының психологиялық ерекшеліктері олардың көзбен көргенді тез қабылдауына негізделеді. Бүгінгі қоғамдағы өзгерістер – ұрпақ тәрбиесіне деген көзқарас.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпы адамзаттық қадір – қасиеттердің мән – маңызын түсінетін жаны да, тәні де таза, білімді, жан – жақты мәдениетті, патриот – азаматтар болуын тәрбиелеуге міндеттіміз», - деп атап айтты. Ендеше осындай ұлы істе жеке тұлғаның жан – жақты өсуіне бір кісідей ат салысайық. Сонымен, қорыта айтқанда, 12 жылдық білім беру жағдайында педагог – бұл қай кезде де, ең алдымен, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол – оқытудың жаңа технологияларын өмірге енгізуге дайын, оқу – тәрбие ісіне жанашырлық танытатын, қоғамның ең озық бөлігінің бірі. Оқу – тәрбие үрдісінің мазмұнына және ұйымдастырылуына комплексті тұрғыда қарайтын, зерттеушілік ыңғайға бейім, теория мен практика іс - әрекетін біріктіре білетін, өмірлік құндылық қағидалары – адамгершілік, ізгілік еңбекқорлық, парасатты мінез - құлық қасиеттерді бойына сіңірген ұстаз.

«Білекке сенген заманда – ешкімге есе бермедік, Білімге сенер заманда, Қапы қалып жүрмелік» - деген ұлы көреген Абылайханның ой – тұжырымы қазіргі уақыттағы еліміздің білім беру кеңістігіндегі көтеріліп отырған мәселелерді шешуге батыл кірісу қажет екендігіне әкеліп соғады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әр жастағы балалардың жастарына қарай өзіндік ерекшеліктері бар. Балалардың жеке тұлға ретінде дамуында осынау ерекшеліктерді ескерудің маңызы мол. Алты жастағы балалардың даму баспалдағында өтпелі қиын кезеңнен өтіп жатқандарын түсіне білу керек. Бұл кезең олардың жаңа ортаға бейімделуімен тығыз байланысты.

Баланың дамуы, мейлі, ойынның уақыты да, түрі де азайып жатқанына қарамастан әлі де болса, оның ойын ойнауымен өлшенеді. Баланың дамуында оның жеке өз әрекеттері негізгі рөлге ие.

Мектепке дейінгі жастағы баланың өміріндегі бұл кезеңнің ерекшелігі – ол үшін бұған дейін негізгі орында тұрған ойынның орнын уақыт өте сабақтың басып бара жатқанында. Бірақ қажетті білім мен білік ойында қалыптасады.

Егер оқу барысы жайында айтар болсақ, алты жас – кітап оқуды үйретуге қолайлы уақыт.

- Алты жастағы балалардың танымдық қабілеттері жақсы дамыған: түйсіну, қабылдау, елестету. Бұл жаста балалар негізгі түстерді ажыратып қана қоймай, сонымен қатар реңдерді де біледі.

- Баланың есту сезімталдығының ерекшеліктері біліне бастайды.

- Мектепке дейінгі жастағы балаларға заттар мен құбылыстарды салыстыру тән.

- Бұл жаста балалар ықтиярсыз жадқа ие.

- Маңызды психологиялық функциясы – ойлау. Көрнекі-бейнелі ойлаудан сөздік-логикалық ойлайға көше бастайды.

- Сөйлеуі ойлауымен тығыз байланыста. сөзшең, көп қиялдайды.

- Бұл жаста елестету қабілеті де жақсы дамыған. Елестетудің жоғары даму деңгейі үшін зейіннің тұрақтылығын дамыту қажет. Бірақ бұл жаста зейіннің тұрақтылығы артқанымен, әліде болса дамуы төмен.

- Мектепке дейінгі жастағы балаларда зейіннің дамуы мен оны аудару қабілеті төмен деңгейде. Балалар алаңғасар болады, өздеріне қызықсыз, маңызсыз заттарға зейін аударма бермейді. Олардың алаңғасарлықтарының себептері әртүрлі болуы мүмкін.

Жоғарыдан айтылғандардан мынандай қорытынды жасауға болады: алты жастағы балаларды оқытуда оқу-тәрбиелеу процессінде өзіндік ерекшеліктер болады. Сондай-ақ егер алты жастағы балаларды жеті жасарларға арналған оқу формалары, методикаларымен оқытқан жағдайда педагог ешқандай оң нәтижеге қол жеткізе алмайды.

Курстық жұмыста қойылған міндеттер төмендегі қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді:

1. Алты жастағы балаларға арналған сыныптарды тұтас бастауыш сынып жүйесіне енгізу – оң нәтиже береді.

2. Алты жас – жеке тұлғаның толық қасиеттерін қалыптастыратын, интенсивті дамып, танымдық процестердің түрленетін: жанама мінезге ие

болып, саналы еркін болады. бала психикалық қасиеттерін шыңдай түседі: зейінін, жадын, ойын қадағалауды үйренеді.

3. Негізгі ермегі ойын болып, балабақшадан мектепке жаңа келген алты жасар бала үшін басты қиындық – оқу болады. ол балалардан көп жауапкершілік пен еңбекқорлықты талап етеді. Баланың психологиялық тепе-теңсіздігін жоюда ойынды сабақ барысына енгізудің пайдасы мол болмақ. Ойын кезінде баланың жеке тұлғалық қасиеттері ашылып, топпен жұмыс істеу, қарым-қатынас ортану сияқты қырлары қалыптасады.

4. Алты жастағы балаларды тиімді оқыту тұрақты танымдық қажеттіліктері мен қызығушылықтарын дамыту мен қалыптастыру; оқу барысындағы өнімді білігі мен білімін дамытуға; баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ашуға; өзін-өзі бақылау, өз іс-әрекетін ұйымдастыра білу, реттеу сияқты өздігімен жұмыс істеу қабілетін арттыруға бағытталуы керек.

5. Әр сабақта дидактикалық тапсырмалар орындалуы керек: мұғалімнің басқаруымен оқу мүмкіндіктерін қалыптастыру, балалардың интеллектуалдық және шығармашылық белсенділігін дамыту, бұған дейін алған білімін пысықтау.

6. Арнайы алты жастағы балалар үшін дайындалған бағдарламаны жүзеге асыру балалардың оқу материалын сапалы меңгеру қабілетін арттырады. Сыныпта балалардың дамуы мен оларды тәбиелеуде, білім беруде әлдеқайда жоғары көрсеткіштерге жетеді.

7. Педагогтер алты жастағы балалармен жұмыс істегенде түсіністікпен қарап, табандылық танытып, мұқият болулары керек. Әрине, бастысы, сабырлық таныту.

8. Алты жастағы балалардың оқу-тәрбиелеу жұмысында ойынды қолдану олардың мектепке психологиялық даярлығының деңгейін арттыруға, психологиялық қасиеттерінің және оқу ісінің құрамдас бөліктерінің қалыптасуына жағдай жасайды. Оқудағы ойын формасының белсенділігі баланың жеке тұлға ретінде дамуында балабақша мен мектепті өзара сабақтастырады.

Біздің зерттеу жұмысымызда бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың бүгінгі деңгейі мен практикада алты жастағы бірінші сынып оқушыларымен, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, 12 жылдық білім беру жағдайындағы оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін анықтап, оның тиімділігінің жалпы және ерекше шарттарын ғылыми негіздеуге арналды. Бұл мәселенің шешімі алты жастағы балалармен оқу-тәрбие жұмысын жүргізу ерекшеліктерінің сараптамасын қажет етті. Өзімізге жүктелген міндетті орындау барысында біз жалпы философиялық идеяға – жалпы мен ерекшенің диалектикалық бірлігіне сүйендік. Теориялық сараптама көрсеткендей, бірінші сынып пен төртінші сынып аралығындағы оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны көп жағдайда ортақ. Десек де, алты жастағы бірінші сынып

оқушыларымен жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктері бар екені даусыз. Аталған балалардың жас ерекшеліктері, ерекше әлеуметтік топ ретіндегі мектепке бейімделу жағдайлары, мектепке жаңадан келген уақыттағы күрделі педагогикалық-психологиялық процесс ретіндегі спецификалық өзгешеліктері, тәртіптері мен өмір салттары және т.б. міндетті түрде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда ерекше жағдай ретінде қарастырылуы қажет.

Мұндай ерекше жағдайды зерделеу үшін біз алдымен зерттеу жұмысының негізгі міндеттерінің бірі етіп белгілеген жалпы орта білім беру мекемелеріндегі бастауыш сынып мұғалімдерінің алты жастағы балалармен оқу-тәрбие жұмысының педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін анықтауға қол жеткіздік. Анықталған ерекшеліктерді шартты түрде **үш топқа** бөлдік. Бірінші топ – алты жастағы балалармен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін құраса, алты жасар балалардың күн тәртібін ұйымдастыруға байланысты өзгешеліктер екінші топты анықтады. Алты жасар балалар мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктерінің үшінші тобы – оқу-тәрбие әдістері мен формаларына тікелей байланысты іріктеліп шығарылды.

Бұл ерекшеліктер біздің тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыздың негізгі мазмұнын құрайтын және алты жасар бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие үдерісін тиімділігін анықтайтын бағытталған кешенді оқу-әдістемелік нұсқаулық жасауға алып келді. Аталған нұсқаулық эксперименттік топ мұғалімдеріне берілетін білім мазмұнын, алты жасар бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктеріне байланысты тапсырмалар жүйесін құрады.

Зерттеу жұмысының барысы көрсеткендей, эксперименттік жұмыс кезінде қол жеткізген барлық ақпаратты салыстыра қарау кезінде бұл нұсқаулықта белгіленген ұсыныстарды барынша толық және жүйелі жүзеге асыру эксперименттік топтарда мұғалімдердің алты жастағы бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуге дайындығының мейлінше жоғары деңгейіне қол жеткізуге болатынын көрсетті. Бұл біздің тұжырымдаған болжамымыздың дұрыстығын көрсетіп, ол тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезінде алған нәтижелерге еш қарсы келмейді деген қорытынды шығаруға мүмкіндік берді.

Осылайша, тәжірибелік жұмыс көрсеткендей, бастауыш сынып мұғалімдерін алты жастағы бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмысына арнайы педагогикалық шартта дайындауды жалпы және дербес түрде толықтай жүзеге асыру біз зерттеген алты жасар балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық

шарттарын анықтауға мүмкіндік берді және анықтаған алты жасар балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері бастауыш мектептің оқу-тәрбие жұмыстарын тиімді жүргізудің жалпы шарттарымен диалектикалық бірлікте эксперименттік топ мұғалімдерін дайындау үшін де өз тиімділігін көрсетті және біз әзірлеген зерттеу гипотезасының дұрыстығын дәлелдеді.

Әйтсе де, біздің жүргізген зерттеу жұмысымыз алты жасар балаларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің барлық қырлары мен аспектілерін қамти алмайды. Ерекше әлеуметтік топ ретіндегі аталған жастағы балалармен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктеріне – 35 минуттық сабақтың әдістемелік ерекшеліктері, осы топтағы балалармен ұжымдық қатынасты қалыптастыру мәселелері, жеке пәндерді оқыту ерекшеліктеріне байланысты аспектілерде және аталған бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие әдістемелерінің спецификалық өзгешеліктеріне байланысты, тіпті бұл балалармен еліміздегі 12 жылдық білім беру талаптары жағдайындағы өзгешеліктерге байланысты зерттеу жұмыстарын қажет-ақ.

Осы тұста, біз алты жасар балаларды мектепте оқытуда қазіргі мектептерде кездесіп жатқан қиыншылықтардан шығар жол ретінде Ресей мектептерінде бүгінгі таңға дейін сақталып отырған тәжірибені ұсынған болар едік. Аталған топ балаларының әлеуметтік-психологиялық деңгейіне сәйкес түске дейін сабақ аяқталғаннан кейін балалар ұзартылған күн топтарында оқу-тәрбиелік ықпалдар жүйесіне қайта оралуы – қажеттілік. Бұл өз кезегінде «Осы күнге дейін ұзартылған күн топтарында балалардың болуы біртұтас оқу-тәрбие үдерісінің жалғасы, келесі кезеңі болмай келеді» деп көрнекті ғалым, профессор И.Д.Зверев айтып кеткендей [28,96] алты жасар балаларды сабақта тәрбиелеу біртұтас процесс ретінде сабақтан кейін жалғасын табуы ойланатын мәселе.

Ұзартылған күн тобында бала аптасына 30 сағат болса, оны бір жылға шаққанда 1000 сағаттан артық тәрбиелік ықпалдар аясында болады. Бұл ұстаздарға педагогикалық ықпалдарды мақсатқа лайықты ұйымдастыруға қосымша мүмкіндіктер беретіні даусыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Астана, 2012ж. 27-қаңтар (// Егемен Қазақстан. №41-42 (27114), 28-қаңтар. 2012ж.).
2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. 2010.
3. Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы // Қазақстанның Білім және Ғылым Әлемі. -2006. -2.-С.5.
4. 12 жылдық жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты, Астана, 2004.
5. Садықов С., Әбілқасымова А.Е., 12 жылдық білім методологиясы, Алматы, 2004. – 182 б.
6. Қазақстан Республикасының 12 жылдық мектептің 1-4 сыныптарына арналған бағдарламалар. – Алматы, 2004.
7. Он екі жылдық білім беруге өтудің эксперименттік жұмыстарын ұйымдастыру туралы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің 327 бұйрығы. Астана, 2001 жылдың 10 мамыры // Қазақстан мектебі.-2001.
8. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан Мұғалімі. -2004. 20 қаңтар
9. Айқынбаева Т.Қ. Білім беру жүйесіндегі 12 жылдыққа өтудің көкейтестік мәселесі. Педагогика – 2006 ж. №4 – 2-4 б.
- 10.Амирова Ә.С. Дидактика: Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2013. – 304 б.
- 11.Амонашвили Ш.А. Мектепке алты жастан – Педагогикалық ізденіс кітабы – Алматы, 1989, 33-39 б.
- 12.Амонашвили Ш.А. Единство цели. – М.: Просвещение, 1987. -208с.
- 13.Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети! – М.: Просвещение, 1988. -208 с.
- 14.Амонашвили Ш. А. «Как живете, дети!»- М.: Просвещение, 1988. –
- 15.Амонашвили Ш. А. Опыт экспериментального обучения шестилетних детей в подготовительном классе школы в условиях 5-дневной учебной недели. – М.: МП СССР, 1982.- 42с.
- 16.Бабаев С.Б Бастауыш мектеп педагогикасы./ Оқу құралы, Алматы 2007, 59-71 б.
- 17.Бабанский Ю.К., Слостенин В.А., Сорокин Н.А и др. «Педагогика». – М. Просвещение, 1988. – 479 б.
- 18.Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 б.

- 19.Буранбаев Л.С «Жалпы білім беру мекемелерінің қызметі негізінде 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу» эксперимент жұмысының нәтижелері // Шағын Мектеп. -2004. -2 -1-136
- 20.Бурисов У.Р. Особенности подготовки студентов к воспитательной работе с шестилетними первоклассниками. Дис...канд.пед.наук. - М., 1992. -260 с
- 21.Венгер Л.А. –Готов ли ваш ребенок к школе. –М:Знание,1994. – 211 с.
- 22.Воспитание и обучение шестого года жизни: Кн. Для воспитателя детского сада /Под ред. Л.А.Парамоновой, О.С.Ушаковой. –М.: Просвещение, 1987. -158с.
- 23.Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка. /Вопросы психологии, 1966, №6.
- 24.Давлетшина А.Х. Патриотическое воспитание учащихся шестилетнего возраста средствами искусства –М., 1987. -16с.
- 25.Давыдов В. В. Проблемы развивающего обучения. М.: Педагогика, 1986.
- 26.Дистервег А. Избр.пед.соч. –М ., 1956.-334с
- 27.Жазықбаева Ұ. 12 жылдық білім беру мерзіміндегі жалпы орта білімнің алғы шарттары. Бастауыш мектеп – 2006 ж. №1 – 14-17 б.
- 28.Жгенти М.Я. Воспитательная работа с шестилетними детьми в условиях школы. –Тбилиси, 1985.-169с.

- 29.Зверев И.Д. Комплексное исследование проблем обучения, воспитания и развития детей шестилетнего возраста в общеобразовательной школе и детском саду. –В кн: Исследование психолого-педагогических и медико-гигиенических проблем обучения детей шестилетнего возраста в общеобразовательных школах и детских садах. –М., 1983. -103с.
- 30.Змановский Ю.Ф. Психофизиологические и психологические особенности шестилетних детей. –М.: Дошкольное воспитание, 1983, №2, с. 41-48.
- 31.Змановский Ю.Ф. Шесть лет. Детский сад. Школа. –М.: Знание, 1983.-96с.
- 32.Игра в учебном процессе- залог успешного обучения детей шестилетнего возраста. //Методические рекомендации. – Пермь, 1987. -34с.
- 33.Истомина, З.М. Развитие произвольного запоминания у дошкольников /– Москва : ЧеРо, 1998. – С. 653-657.
- 34.Каруле А.Я.– Обучение шестилетних детей в школе М.1984, 12-17 с.
- 35.Коломинский Я.Л., Панько Е.А. Учителю о психологии детей шестилетнего возраста. –М.: Просвещение, 1988. – 190с.
- 36.Коломинский Я. Л. Психология детей шестилетнего возраста. - Минск: «Университетское», 1999. – 201с.
- 37.Қараев Ж.А. т.б. «Оқулықтар, оқу-әдістемелік кешенінің құрамы мен оқу бағдарламаларын әзірлеуге және сараптауға қойылатын дидактикалық талаптар» Алматы.: РБК, 1998.

38. Құсайынов «Білім реформасы: Дамыған елдер тәжірибесі» // Егемен Қазақстан. -2005. -23 маусым. –С.139.-46
39. Құсайынов А «Сапалы білім-заман талабы» // Егемен Қазақстан. -2007-2 қараша.-№339-340.-Б.8
40. Макаренко А.С. Коллектив и воспитание личности. –М.: Педагогика. 1972.-336с.
41. Мухина В.С. Шестилетний ребенок в школе. –М.: Просвещение, 1990. 175с.
42. Обучение и воспитание детей шестилетнего возраста в школе. -М., Педагогика,1987.-216с.
43. Обучение детей шестилетнего возраста в детском саду и школе:опыт физиологического и гигиенического исследования. - М.: Педагогика,1987.-160с
44. Огородников И.П. «Сабақтың тиімділігін көтеру» - М, Білім, 1990.
45. Особенности психического развития детей 6-7 летнего возраста. / Под ред. Д. Б.Эльконина, А.Л.Венгера. –М.: Педагогика, 1988.-136с.
46. Өтеғали Е. «12 жылдық эксперимент сыныптарда информатика пәнін оқыту ерекшеліктері» // 12 жылдық білім беру. -2007.-12б
47. Павленко В.К. «Мектеп». Монография - Алматы. 1965 г
48. Педагогикалық ізденіс. /Баженова И.Н. -Алматы, 1990.
49. Пискунов А.И. Система общепедагогической подготовки студентов педагогических институтов и пути ее совершенствования. - М., 1988.- 144с
50. Портянина М.В. Формирование ответственного отношения к выполнению учебных заданий у детей 6-летнего возраста. Дис...канд.пед.наук. - М., 1987. - 139с.
51. Попова Н.М. Шестилетние в школе и дома. –М.: Медицина, 1988,-56с.
52. Пышкало А.М. Актуальные проблемы обучения и воспитания шестилетних детей. – Советская педагогика, 1974, №10, с. 54-62.
53. Рахмет Ү.Р. Особенности подготовки студентов к учебно-воспитательной работе с шестилетними первоклассниками в условиях 12-летнего общего среднего образования: Монография. – Кентау:ТОО «Еркин –XXI К», 2017. -231 с.
54. Рахмет Ү.Р.Болашақ мұғалімдерді алты жасар балалармен тәрбие жұмысына дайындаудың ерекшеліктері. –Алматы, 1993.
55. Рахметова С.Р «Бағдарламалар. 12 жылдық мектептің 1-4 сыныптары» Алматы: «Атамұра»,2004ж-19б
56. Савин И.В. Методика преподавания педагогики. – М. Просвещение 1987 202-207 с.
57. Степанова Л.Б. Формирование коллектива школьников шестилетнего возраста: Автореф. Дис...канд.пед.наук. - М., 1988.-16 с.
58. Сокольников Ю.П. Системный анализ воспитания школьников. –М.: Педагогика, 1986. -136с.

- 59.Сокольников Ю.П. Системный подход к воспитанию школьников. /Учебное пособие. - М.:Изд. «Прометей» МГПИ им. В.И.Ленина, 1990. - 91с.
- 60.Сухомлинский В.А. Павлышская средняя школа. - Избранные педагогические сочинения в 3-х т. Т.2. - М: Педагогика, 1980. -384с.
- 61.Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. - Избранные педагогические сочинения в 3-х т. Т.1.-М.: Педагогика, 1979. -360с.
- 62.Толстой Л.Н. Пед.соч. - М., 1953
- 63.Ушинский К.Д. О пользе педагогической литературы. Собр. соч. - М-Л., 1948.т. 2. - 656с
- 64.Шабалина З.П. Первый год-самый трудный. - М.: Просвещение,1990. - 96с.
- 65.Шабалина З.П. Учебно-воспитательная работа в первом классе четырехлетней начальной школы. –М.: Просвещение, 1988. - 80с.
- 66.Шериязданова Қ.ТБапаева., М.К., Нығметова Қ.Н. Балалар психологиясының танымдық жаттығулар мен тапсырмалар. - Алматы : Рауан, 1994. - 40 с.
- 67.Эльконин, Д.Б. Избранные психологические труды. Текст. / Д.Б. Эльконин. - М.: Педагогика, 1989. - 555 с.

WEB сайттар тізімі:

1. Maqkaznu.com/projekt
2. <http://bilimdiler.kz/tags>
3. bilimdiler.kz/bastaush/.htm
- 4.https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/48186/
- 5.http://tarbie.org/publ/oi/alty_zhastan_bastap_o_ytudy_pedagogikaly_psikhologij_aly_erekshelikteri/ 05.06.2015.